

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



International Taraz  
Innovative Institute  
named after Sherkhan Murtaza




# ИТИ ЖАРШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№2 (57);  
сәуір-мамыр-маусым  
2024 жыл



 <p>International Taraz Innovative Institute named after Sherkhan Murtaza</p>	<b>МАЗМҰНЫ</b>	
<p><b>БАС РЕДАКТОР</b> <b>Е.Б. Саурықов</b> <b>Н.Ж. Муслимов</b> <b>М.А. Баяндин</b> <b>М.Н. Сарыбеков</b></p> <p><b>РЕДАКЦИЯЛЫҚ</b> <b>АЛҚА</b> <b>Л.С. Қожамжарова</b> <b>С.О. Кубеева</b></p> <p><b>АЛҚА МҮШЕЛЕРІ</b> А.Б. Абдуалы, Ж.Т. Сүлейменов, А.С. Кадырова, Д.Ы. Нұрмұханбет, Г.Қ. Құлабекова, Н.П. Буюклиев (Болгария), Қ. Бөлеев, Ж. Абдула, М.Н. Немеребаев, Қ.Ө. Тамабаева, В.А. Арыстанғалиева, М.М. Молдахметов, А.С. Құрманбекова, А.Е. Ботабаева, М.Н. Нұрғабылов, Ж.А. Қуатбеков, Н. Асқарбекқызы А.Б. Шырақбаев М.Б. Онгарбаева Т.Ю. Аманов (Өзбекстан), А. Сарыбаев (Қырғызстан) А. Каплин (Ресей), А.Р. Соколовский (Ресей)</p> <p>Журнал Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық</p>	<p><b>КУЛМАНОВА С.Ж., ҚАПАЛ А.Е.</b> Турбулентті ағыстың тұтқыр шекаралық қабатындағы инерциялық бөлшектер динамикасы</p>	3
	<p><b>АКИЛОВ Е.К., ЕСМАХАНОВА Л.Н.</b> Жылыжай – Фермерлік Шаруашылықтың (Қожалықтың) Параметрлерін Бақылау Мен Реттеуге Арналған Аппаратты – Бағдарламалық Кешенді Жасау</p>	6
	<p><b>УРСТЕМОВ Е. Б., БЕКМҰХАНБЕТ Ы.И.</b> <b>Волейболшыларды жаттықтыру сабақтарын өткізудің физиологиялық негіздері</b></p>	14
	<p><b>БЕКБЕРГЕНОВА Ж.Е., ЕСЕКЕЕВ С.</b> Здоровое питание человека</p>	18
	<p><b>УЗБЕКОВА Д.С., НҰРЫШЕВА Н.О.</b> Жарықтың шашырау интенсивтілігін Эйнштейн бойынша есептеу</p>	21
	<p><b>СУЙКИМБАЕВА Н.Т., ЖҰМАБАЙ А.Т.</b> Гейзенбергтің ХХZ моделіне қолданылатын АНЗАЦ БЕТЕ әдісі</p>	25
	<p><b>ONGARBAYEVA M.V., YERMANOVA G.V.</b> Relevance of the artificial intelligence system in the field of education</p>	29
	<p><b>АСҚАР Ж.Е., ЖАСҰР Е., ИЛЬЯСОВА И.С., ҚҰРМАНАЛИЕВА Н.С.</b> Отбасылық құқықтық жауапкершілік және отбасылық құқықтарды шектеу</p>	33
	<p><b>АБАЕВ А.Т., БЕКТҰРҒАНОВА Р.Ш., СИМТИКОВ Қ.А.</b> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы шет елдердің тәжірибесі</p>	37
	<p><b>ГАЙДАРҚЫЗЫ Н.Ш., АРҒЫНБАЙ И.М., ИЛЬЯСОВА И.С.</b> Іске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде прокурорлық қадағалау</p>	41
	<p><b>ЕСІРКЕП Л.Ә., БЕКТҰРҒАНОВА Р.Ш., ШЕРАЛИН Е.Т.</b> Қазақстан Республикасында саяси жүйенің қалыптасу кезеңі</p>	44
	<p><b>СИМТИКОВ Қ.А., АСҚАРБЕКҚЫЗЫ А., АБАЕВ А.Т.</b> Мемлекеттік қызмет түрі ретінде прокурорлық қадағалау</p>	47
<p><b>ШЕРАЛИН Е.Т., ДАТЕЕВА А.М., АЛДАБЕРГЕН А., Е.</b> Адам мен азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарын іске асыру</p>	50	

<p>институтының құрылтайшылығымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үш айда бір рет жарыққа шығады.</p> <p>Қазақстан Республикасы, Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы № KZ34VPY00065377 нөмірімен 24.02.2023 жылы берілген.</p>	<p><b>ЖИГУЛИЕВ Д.Д.</b> Совершенствование мер по оптимизации административных процедур в системе государственного управления</p>	55
	<p><b>ИСАҚОВ Ғ.Ж., ТАЖИМБЕТОВА М.</b> Аграрлық сала және агроөнеркәсіптік кешен құрылымы</p>	69
	<p><b>ИСАҚОВ Ғ.Ж., ТАЖИМБЕТОВА М.</b> Агроөнеркәсіптік кешендердің экономикалық тиімділігін арттырудың жолдары</p>	72
	<p><b>ТҮРҒАНБАЕВ Қ.Д., ТАНАТОВА С.О.</b> Өнеркәсіп өндірісінің экономикаға тигізер әсері және лизингтік тәуекелділігін шешу мәселелері</p>	75
	<p><b>КУШЕРОВ Н.М., СМАНОВА У.К., РЗАТАЙ А.Қ., ПРӘЛІ Ф.Е.</b> Мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану ерекшеліктері</p>	79
	<p><b>БАКТЫБАЕВА К.С., ПРӘЛІ Ф.Е., МОМБЕКОВА С.Б.</b> Интерактивті технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын дамыту</p>	83
	<p><b>КОБЕСОВА А.С.</b> Қ.И. Сәтбаевтің Ұлытау өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеудегі еңбегі</p>	88
	<p><b>УМИРАЛИЕВА Г.Д., ИЛГИТАЕВА К.С., ЕСТАЕВА С.Т.</b> Махмұт Қашқаридің еңбегіндегі омоним сөздердің мағыналық топтары</p>	93
	<p><b>ЖАЙСАНОВА З.Н., ТЕМИРЖАНОВА Ф.А., ИСАЕВА А.М.</b> Ғұндардың батырлық жырларындағы топонимдер мен антропонимдер: аңыз бен ақиқат</p>	99
	<p><b>БЕЙСЕНБАЕВА А.Е., РАЙЫМБАЕВА Г.С., БОШҚАЕВА Ә.Қ.</b> Поэтонимдер мен ономастикадағы тарихи таным</p>	108
	<p><b>СУЛЕЙМЕНОВА Г.Б., САДЫКОВА С.С., БЕЙБИТОВА А.Х.</b> Көне түркі жазбаларындағы ономастикалық атаулардың тілдік ерекшелігі</p>	112
	<p><b>ҚАСЕНҚЫЗЫ А., САИП В.А., ҚОЖАМЖАРОВА Б.С.</b> Цифрлық дәуірдегі биологияны оқытуда технологиялық интеграцияның маңыздылығы</p>	121
	<p><b>АБДРАЙСОВА А., АБДРАЙСОВА Д., АРИСТОВА А., БЕКБЕРГЕНОВА Ж.Е.</b> Движение – это жизнь</p>	128
<p><b>СЛАМБЕКОВА Д.Ә., ИЛЬСОВА И.С., ҚҰРМАНАЛИЕВА Н.С.</b></p>	135	

	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық суицидінің криминологиялық сипаттамасы	
	<b>БАКТЫБАЕВА К.С., СМАНОВА У.К., ҚАДІРОВА Е.Б., РЗАТАЙ А.Қ.</b> Жеткіншектер арасындағы суицидалды мінез-құлықтың психопатологиялық аспектілері	138
	<b>ЕСИЛЬБАЕВА Ж.Е.</b> Банковский мониторинг - как один из методов управления финансовыми рисками	144
	<b>РОМАНЕНКО Е</b> Специальные знания педагога и их место в физическом воспитании детей	149
	<b>АЛДЕКОВА А.К., ИНАЯТОВА Г.О.</b> Жаңаша технологияны білім беру жағдайында қолдану	157
	<b>АЛИМБАЕВ М.К., ЕСКЕРМЕС Д.Е., МОЛДАТАЕВ М.Е., ЖУМАТАЕВ Н. Ж.</b> Болашақ маманның кәсіби қабілетін дамыту	161
	<b>РАХМЕТДИНОВ М.М., КАРАБАЕВА А.А., ИДРИСОВА М.Н., МЕЛДЕБЕК Р.К.</b> Болашақ педагог-маманның ғылыми ізденістерін жетілдіру	164
	<b>БОТАБАЕВА А.Е., НИШАНОВА Ж.Т.</b> Заманауи қазақ тілі мен әдебиеті педагогы қызметінің басым бағыттары	168
	<b>БӨЛЕЕВ Қ., КУШЕРОВ Н.</b> Академик Нұрғали Сарыбеков – Қазақстанда экологиялық педагогиканың негізін тұңғыш қалаушы	171

ӘОЖ 532.13

### ТУРБУЛЕНТТІ АҒЫСТЫҢ ТҮТҚЫР ШЕКАРАЛЫҚ ҚАБАТЫНДАҒЫ ИНЕРЦИЯЛЫҚ БӨЛШЕКТЕР ДИНАМИКАСЫ

([orcid.org/0000-0001-5540-4262](https://orcid.org/0000-0001-5540-4262))

Кулманова Самал Жетесовна аға оқытушы, e-mail: [kulmanovasamal8@gmail.com](mailto:kulmanovasamal8@gmail.com)

Қапал Аяжан Есенбекқызы студент, e-mail [kapalayazhan@icloud.com](mailto:kapalayazhan@icloud.com)

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қабырғаға жақын тұтқыр шекаралық қабаттағы инерциялық бөлшектердің динамикасы теориялық зерттелді. Біртекті емес турбулентті ағыстарды сипаттағанда біз сұйықтың физикалық қасиеттері бойынша бақылау нүктесіндегі жылдамдықтың турбулентті флуктуация интенсивтілігін айтамыз. Тәжірибеде мұндай жағдай сұйық шекараларымен немесе әсер ететін күштердің біртексіздігімен түсіндіріледі. Зертханалық және компьютерде жасалған эксперименттер нәтижесіне теориялық талдау жасай отырып, кеңістіктегі біртекті емес турбулентті ағысқа орналастырылған инерциялы бөлшектер кеңістікте біртексіз таралады деп айта аламыз.

Әдебиеттерге шолу жасай отырып, статистикалық тепе теңдік жағдайында инерциялық бөлшектер концентрациясының профілі турбулентті интенсивтілік минимумында максимум мәнге ие екені белгілі болды. Бұған қарама қарсы, инерциялық емес бөлшектердің (ағынмен пассивті түрде ілісіп жүретін бөлшектер) тепе теңдікте таралуы, яғни ағыс сығылмайтын кезде әрқашанда біртекті болады.

**Тірек сөздер:** тұтқыр орта, турбулентті ағыс. Стокс саны, тұтқыр шекаралық қабат.

**Аннотация.** В данной статье теоретически исследована динамика инерционных частиц в вязком пограничном слое вблизи стенки. При описании неоднородных турбулентных течений мы имеем в виду интенсивность турбулентных колебаний скорости в контрольной точке согласно физическим свойствам жидкости. На практике такая ситуация объясняется границами жидкости или неоднородностью действующих сил. Проводя теоретический анализ результатов лабораторных и компьютерных экспериментов, можно сказать, что инерционные частицы, помещенные в неоднородный турбулентный поток в пространстве, распределяются в пространстве неоднородно. Из обзора литературы известно, что в случае статистического равновесия профиль концентрации инерционных частиц имеет максимальное значение при минимуме турбулентной интенсивности.

**Ключевые слова:** вязкий слой, турбулентное течение, число Стокса, вязкий пограничный слой.

**Annotation.** In this article, the dynamics of inertial particles in a viscous boundary layer near a wall is theoretically studied. When describing inhomogeneous turbulent flows, we mean the intensity of turbulent velocity fluctuations at a control point according to the physical properties of the fluid. In practice, this situation is explained by the boundaries of the fluid or the heterogeneity of the acting forces. Carrying out a theoretical analysis of the results of laboratory and computer experiments, we can say that inertial particles placed in a non-uniform turbulent flow in space are distributed non-uniformly in space. From a review of the literature it is known that in the case of statistical equilibrium, the concentration profile of inertial particles has a maximum value at a minimum turbulent intensity.

**Key words:** viscous layer, turbulent flow, Stokes number, Vyaz boundary layer.

Гидродинамикалық турбуленттіліктің қабырғаға жақын облысы тәжірибелік тұрғыдан алғанда кеңістіктегі біртекті емес статистикалық қозғалыстың кездейсоқ ағынының мысалы. Ұсынылған статикалық моделдер тұтқыр қабаттағы бөлшектер динамикасының ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Екі динамикалық фазалық ауысу локализация – делокализация бар екенін көрсетеді. Бірінші ауысу Стокс санымен бақыланады және диффузионды деп аталатын орташа инерцияланған бөлшек үшін орындалады. Қатты инерцияланған бөлшектер үшін бақыланын екінші фазалық ауысудың бақылау параметрі қабырғаға соқтығысудың серпімсіздік дәрежесі болып табылады, сондықтан ауысудың өзі серпімсіз коллапс болып аталуы мүмкін. Келесі бөлімдерде тұтқыр қабаттағы жылдамдық өрісі мен бөлшектер қозғалысының теңдеуін қарастырамыз, кейін инерциялары әртүрлі бөлшектердің таралу функциялары терминіндегі турбулентті транспорттың статистикалық сипатына келеміз [1].

*Сұйықтың тұтқыр қабатындағы жылдамдық өрісінің құрылымы.*

Тұтқыр шекаралық қабат бұл турбулентті ағынды шектейтін облыс, оның шегінде Навье – Стокс теңдеуіндегі тұтқыр мүше инерциялық қосындыдан үлкен болады. Тұтқырлық қабырғаға жақын облыстағы сұйықтың өрісін тегістейді, ал ол флуктуация әсерінен уақыт бойынша кездейсоқ болып табылады.

Декарттық координаталар жүйесіндегі  $x$  осін орташа ағын бойына бағыттайық, ал  $z$  осін сұйық алып тұрған көлемнің ішіне жазық қабырғаға перпендикуляр бағыттаймыз. Ыңғайлы болу үшін қабырғаның беті  $z = 0$  жазықтығымен сәйкес келеді деп есептейміз. Сұйықтың жылдамдық өрісіне Рейнольдстік жіктеу енгіземіз:

$$\vec{u} = \vec{U} + \vec{u} \quad (1)$$

мұндағы  $\vec{U}$  және  $\vec{u}$  орташа флуктуация компонентасы. Қабырғаға параллель жазықтықтағы ағынның біртектілігіне байланысты,  $\vec{U}$  тек  $z$  координатасына тәуелді. Тұтқыр қабаттың қалыңдығын  $L$  арқылы белгілеп,  $z \ll L$  кезіндегі бастапқы жуықтауда төмендегі сызықтық профилді аламыз [2]:

$$U_x = \frac{z}{L} U_L, \quad U_y = 0, \quad U_z = 0 \quad (2)$$

мұндағы  $U_L$  тұтқыр қабаттың шегіндегі ағын жылдамдығы компонентасының шамасы.

$z \ll L$  облысындағы флуктуацияланатын ағын компонентасы үшін төмендегі теңдік сәйкес келеді:

$$u_x^* \sim \frac{z}{L} U_L, \quad u_y^* \sim \frac{z}{L} U_L, \quad u_z^* \sim \frac{z^2}{L^2} U_L \quad (3)$$

Жоғарыда көрсетілген тәуелділіктерден шығатыны тұтқыр қабаттағы жылдамдық өрісі тегіс, ал сұйықтың сығылмауы мен қабырға бетіне жұғылу шарты шығады. Қабырға бойымен флуктуацияланатын компонента  $\vec{u}$  корреляциялық  $L$  реттегі ұзындыққа ие болады, ал оның корреляциялау уақыты  $\tau_c \sim L/U_L$ .

Ары қарай бізге турбулентті диффузия тензоры керек болады және ол төмендегі қатынаспен анықталады:

$$D_{ij}(\vec{r}_1, \vec{r}_2) = \int_0^\infty \langle u_i^*(\vec{r}_1, t) u_j^*(\vec{r}_2, 0) \rangle dt \quad (4)$$

Мұндағы бұрыштық жақшалар статистика бойынша жылдамдық өрісі флуктуациясының орташа шамасын көрсетеді. Бір нүктелі  $D_{ij}(\vec{r}, \vec{r})$  корреляциялық функциясы  $\vec{r}$  бақылау нүктесіндегі турбуленттіліктің интенсивтілігін көрсетеді. Қабырғаға параллель жазықтықтағы ағынның статистикалық қасиеттерінің біртектілігіне орай бұл нысан тек қабырғаға дейінгі арақашықтыққа тәуелді болып табылады, яғни,  $D_{ij}(\vec{r}, \vec{r}) = D_{ij}(z)$ . Бұл жерде турбулентті диффузияның бірағымды тензоры келесі өрнекпен анықталады:

$$D_{zz}(z) = \mu z^4 \quad (5)$$

мұндағы  $\mu \sim U_L/L^3$ .

*Бөлшектің қозғалыс теңдеуі.*

Біз нүктелік сфералық бөлшектердің шегін қарастырамыз, ол бөлшектің  $d$  диаметрі тұтқыр қабаттың  $L$  енінен әлдеқайда кіші дегенді білдіреді. Сұйыққа қатысты бөлшек қозғалысының жылдамдығы арқылы есептеп шығарылған Рейнольдс саны  $Re = Vd/\nu$  аз болады, сол себепті бөлшектің айналасындағы ағыс тұтқыр болады, сұйықтың тұтқырлығы  $\nu$  әрпімен белгіленген. Сонымен қатар, бөлшек материалының тығыздығы сұйықтың тығыздығынан үлкен болады деп есептейміз. Осы болжамдарды ескере отырып бөлшек қозғалысының теңдеуін төмендегі қатынаспен өрнектеуге болады:


$$\frac{d\vec{v}}{dt} = -\frac{\vec{v} - \vec{v}(\vec{r}(t), t)}{\tau} \quad (6)$$

мұндағы  $\vec{r}$  бөлшектің координатасы,  $\vec{v} = \frac{d\vec{r}}{dt}$  оның жылдамдығы, ал  $\tau = d^2 \rho_0 / 18 \nu \rho$  стокстық релаксация уақыты. Басқаша айтқанда, сұйықтың бөлшекпен өзара әсерлесуін қарастырылып отырған нүктедегі сұйықтың және бөлшек жылдамдығының айырмасына пропорционал тұтқыр үйкеліс күші береді [3].

Бұл жұмыста бір бөлшектің динамикасын қарастырып қана қоймай, турбулентті ағындағы бөлшектер ансамблін де қарастырамыз. Ескеретін жағдай зерттеулер барысында



жүргізілген талдау бөлшектің ағынға кері әсерін, бөлшектердің өзара соқтығысуын және олардың бір бірімен гидродинамикалық әсерлесуін қарастырмайды. Қоспа фазасының концентрациясы мейлінше аз болғанда мұндай ықшамдауды қолдану тиімді.



Сурет 1. Жазық қабырғаның жанындағы кездейсоқ гидродинамикалық ағыстағы инерциялық бөлшектің қозғалысы

Енді бөлшектің қабырғамен өзара әсерін ескеру қажет, ал ол дегеніміз гидродинамикалық өзара әсерлесу кезіндегі, сондай ақ соқтығысу процесі кезіндегі серпімді күштер болып табылады. Біз лездік серпімсіз соқтығысулар моделіне қарастырамыз, яғни, қабырғаға соқтығысу моментіндегі бөлшектің жылдамдық компонентасы өзінің таңбасын лезде қарама қарсы белгіге қзгертеді, ал жылдамдық модулі бірден кем болатын бірнеше оң санға артады, яғни

$$v_z \rightarrow -\beta v_z \quad 0 < \beta \leq 1 \quad (7)$$

Соқтығысқанға дейінгі және соқтығысқаннан кейінгі бөлшектің жылдамдықтарының шамасын байланыстыратын  $\beta$  коэффициентін енгіземіз, әдетте оны жылдамдықты қайтадан қалпына келтіру коэффициенті деп атайды, бөлшектің қабырғамен әсерлесуінің диссипативті деңгейін сипаттайды. Жылдамдықты қайта қалпына келтіру коэффициентінің концепциясы Ньютоннан бастау алады және қазіргі таңда түйіршіктелген материалдар теориясында соқтығысатын денелердің пластикалық деформация эффектісін моделдеу үшін кеңінен қолданылады. Соқтығысу моментінде бөлшектердің жылдамдықтары мейлінше жоғары болғанда, гидродинамикалық әсерлесуді лездік соқтығысулар моделі шеңберінде жылдамдықты қайта қалпына келтірудің тиімді коэффициенті арқылы есепке алуға болады [4,5].

Басқаша айтқанда, қайта қалпына келтіру коэффициенті  $\beta$  соқтығысу моментіндегі бөлшек жылдамдығының функциясы. Сонымен қатар, қабырға мен бөлшектің бетінің тегіс еместігі бұл параметрдің стохаостылығына әкеледі. Дегенмен, нолдік жуықтау ретінде  $\beta$  тұрақтысы моделімен шектелеміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Van Kampen N. G. Diffusion in inhomogeneous media // Journal of physics and chemistry of solids. 1988. Vol. 49, no. 6. Pp. 673-677.
2. Jayannavar A.M., Mahato M.C. Macroscopic Equation of Motion in Inhomogeneous media. arXiv preprint cond-mat/9509059.
3. Burkhardt T.W. First Passage of a Randomly Altered Particle // First-Passage Phenomena and Their Applications. World Scientific, 2014.
4. McKean H.J. A winding problem for a resonator driven by a white noise // Journal of mathematics of Kyoto University. 1998. Vol. 2. Pp. 227-235.
5. Cornell S.J., Swift M.R., Bray A.J. Inelastic collapse of a randomly forced particle

// Physical review letters. 1998. Vol. 81, no. 6. P. 1142.



УДК 004

## ЖЫЛЫЖАЙ – ФЕРМЕРЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ (ҚОЖАЛЫҚТЫҢ) ПАРАМЕТРЛЕРІН БАҚЫЛАУ МЕН РЕТТЕУГЕ АРНАЛҒАН АППАРАТТЫ – БАҒДАРЛАМАЛЫҚ КЕШЕНДІ ЖАСАУ

Акилов Е.К.<sup>1</sup>, студент, e-mail: [1eraliakylov@gmail.com](mailto:1eraliakylov@gmail.com)  
Есмаханова Л.Н.<sup>2</sup> PhD доктор, кафедра меңгерушісі, доцент м.а.,  
e-mail: [2laura060780@mail.ru](mailto:2laura060780@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-3308-9676>

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы

**Андатпа.** Интернет – технологияның дамуы әртүрлі қондырғыларды қашықтан басқаруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада жылыжайдың микроклиматын бақылайтын қашықтан басқарылатын қондырғының сипаттамасы қарастырылады. Ғылыми жаңашылдығы – бұлттық сервистерді қолдана отырып қондырғыларды қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін интернет концепциясы қолданылды. Жылыжайлардың микроклиматын басқару үшін IoControl бұлттық сервисіндегі қолданушы интерфейсі пайдалана отырып интернетке қосылған кез келген қондырғыдан жылыжайдың параметрлерін бақылауға және реттеуге болады. Бұл жұмыста жасалған құрылғыға қойылатын функционалдық талаптар анықталды, негізгі элементі Arduino Uno болып табылатын және онда микроконтроллер мен сыртқы құрылғылардың қосқыштары да орналасқан қондырғының құрылымдық сұлбасы көрсетілді. Басқару нысаны мен қолданушының өзара әсерін қамтамасыз ететін, IoControl бұлттық сервисінде жасалған қолданушы интерфейсі сипатталды, сонымен қатар, оны жасау кезеңдері көрсетілді. Микроклиматты басқару режимдері және оған сәйкес келетін орындаушы қондырғылар мен айнымалылар қарастырылды.

**Кілт сөздер:** бұлттық сервис, автоматтандыру, микроклимат, датчик, жылыжай, орындаушы қондырғылар.

**Аннотация.** Развитие интернет-технологий позволяет удаленно управлять различными устройствами. В данной статье описан пульт дистанционного управления, управляющий микроклиматом теплицы. Была использована научная инновация – концепция Интернета, позволяющая удаленно управлять объектами с помощью облачных сервисов. Для управления микроклиматом теплиц вы можете отслеживать и корректировать параметры теплицы с любого устройства, подключенного к Интернету, с помощью пользовательского интерфейса облачного сервиса IoControl. Определены функциональные требования к устройству, созданному в данной работе, показана структурная схема устройства, основным элементом которого является Arduino Uno, и где расположены разъемы микроконтроллера и внешнего устройства. Описан пользовательский интерфейс, созданный в облачном сервисе IoControl, обеспечивающий взаимодействие объекта управления и пользователя, а также показаны этапы его создания. Рассмотрены режимы управления микроклиматом и соответствующие им исполнительные единицы и переменные.

**Ключевые слова:** облачный сервис, автоматизация, микроклимат, датчик, теплица, исполнительные приборы.

**Annotation.** The development of Internet technologies makes it possible to remotely control various devices. This article describes a remote control that controls the microclimate of



a greenhouse. A scientific innovation was used - the concept of the Internet, which allows you to remotely manage objects using cloud services. To control the microclimate of greenhouses, you can monitor and adjust greenhouse parameters from any device connected to the Internet using the user interface of the IoControl cloud service. The functional requirements for the device created in this work are determined, the block diagram of the device is shown, the main element of which is Arduino Uno, and where the connectors of the microcontroller and external device are located. The user interface created in the IoControl cloud service, which ensures interaction between the control object and the user, is described, and the stages of its creation are also shown. Microclimate control modes and their corresponding executive units and variables are considered.

**Keywords:** cloud service, automation, microclimate, sensor, greenhouse, actuators.

**Кіріспе.** Цифрландыру дамыған заманда адам өмірінің барлық салаларында күнделікті өмірде көмектесетін және оны ыңғайлы ететін түрлі гаджеттер халық арасында үлкен сұранысқа ие болды.

Жылыжайға арналған аппаратты – бағдарламалық кешен жасаудың өзектілігі оның параметрлерін қашықтан басқару мүмкіндігінде болып отыр.

Жылыжайда қажетті микроклиматты сақтау маңызды, себебі дақылдардың өсу кезеңдерінде климат параметрлерінің мәндері де әртүрлі болады.

*Бұл зерттеу жұмысының мақсаты* бұлттық сервистерді қолдану арқылы жылыжайдың микроклиматын қашықтан басқаратын аппаратты – бағдарламалық кешенді жасау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді орындау қажет:

- жобаланатын кешенге қойылатын функционалдық талаптарды анықтау;
- аппараттық бөлімдегі құрылымдық сұлбаны жасау;
- IoControl бұлттық сервисінде қондырғының екі жұмыс режимі үшін қолданушы интерфейсін жасау.

Қондырғылар арасында мәліметтерді таратуға мүмкіндік беретін желілік ортадағы танымал трендтердің бірі – заттар интернеті болып табылады. Мәліметтерді тарату үшін арнайы бағдарлама жазып қажет емес, бұлттық сервистердің бірін қолдану жеткілікті. Бұлттық сервис микроклимат параметрлерін тіркейді және қолданушының компьютерінде немесе телефонында online режимде көрсетіп отырады. Қолданушы жылыжайда орналастырылған датчиктерден алынған мәліметтерді бақылап қана емес, орындаушы құрылғылар арқылы оларға өзгерістер де енгізе алады, мысалы, жылу беру жүйесін қосу немес өшіру, суару, жарықты реттеу және терезе ашу. Жасалатын қондырғы өлшеу нысанынан қашықта бола тұра бөлмедегі микроклиматты бақылайтын құрылғылардың тек қана көрсеткіштерін алып қана қоймай, Интернет арқылы дербес компьютерге немесе телефонға мәліметтерді жібереді, әрі жылыжайдың ішіндегі орындаушы құрылғыларды басқарады.

Бұл модуль жылыжайдағы микроклиматты бақылауға және қажет болған жағдайда керекті құрылғыларды қосуға, өшіруге мүмкіндік береді. Қосу және өшіру режимдері жартылай автоматты түрде немесе мобильді телефон мен компьютер арқылы қашықтан берілген команда бойынша іске асырылады, ал бұл жасалатын аппаратты – бағдарламалық кешеннің ғылыми жаңашылдығы болып табылады.

Жылыжайдың микроклиматын қашықтан басқаратын аппаратты – бағдарламалық кешен төмендегі функционалдық талаптарға сәйкес келу керек:

- ауаның температурасын өлшеу;
- топырақтың температурасын өлшеу;
- ауаның ылғалдылығын өлшеу;
- жарықтылықты өлшеу;
- топырақ пен ауаны қыздыру жүйесін басқару (қазандықтар);
- ылғалдандыру жүйесін басқару (ылғалдандырғыштар);

- жарық жүйесін басқару (шамдар);
- желдету жүйесін басқару (терезелер);
- суару жүйесін басқару;
- Интернет желісінің каналдары арқылы дербес компьютерден немесе телефоннан қашықтан басқару.


Қолданушы интерфейсі (UI) температура мен жарықты бақылауда ұстау, жарықты бақылау, көмір қышқыл газды беруді бақылау және т.с.с. микроклиматты басқару функцияларына ыңғайлы қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жылыжайдың микроклиматын басқарудағы IoControl бұлттық сервисіндегі қолданушы интерфейсін пайдаланудың негізгі артықшылықтары:

- ыңғайлылық. UI қарапайым әрі түсінікті интерфейсін бағдарламалау саласындағы арнайы білім болмаса да жылыжай микроклиматының параметрлерін оңай баптауға мүмкіндік береді;
- икемділік. UI көмегімен өсімдіктің нақты түріне қатысты микроклиматтың әртүрлі параметрлерін баптауға болады;
- қашықтан басқару. UI интерфейсін интернет арқылы әлемнің кез келген жерінен жылыжайды бақылап отыруға болады;
- автоматтандырылған. UI интерфейсін микроклимат параметрлерін автоматты түрде реттеуге бапталған болуы мүмкін, ал ол жылыжайды басқару процесін айтарлықтай жеңілдетеді;
- есеп беру. UI өзгерістерді бақылайтын және өндіріс процесін жақсартуға мүмкіндік беретін жылыжай параметрлері бойынша есеп бере алады.

Осылайша, жылыжайдың микроклиматын басқару үшін IoControl бұлттық сервисіндегі қолданушы интерфейсін пайдалану жылыжай параметрлерін бақылау мен реттеудегі тиімді әдіс болып табылады, сондай ақ, өнім сапасы мен тиімділігін де арттырады.

**Зерттеу әдісі.** Микроклимат параметрлерін өлшеу үшін әртүрлі датчиктер қолданылды: топырақ пен ауа температурасы, топырақ пен ауа ылғалдылығы, жауын датчигі. 1 суретте жылыжай микроклиматын қашықтан басқаратын кешеннің аппараттық бөлімінің құрылымдық сұлбасы көрсетілген.



Сурет 1. Кешеннің құрылымдық сұлбасы: СКИ – сұйық кристалды индикатор

Құрылымдық сұлбаның құрамына төмендегі блоктар кіреді:

- ATmega 328 микроконтроллері бар Arduino Uno платасы;
- топырақ пен ауа температурасының датчиктері;
- топырақ пен ауа ылғалдылығының датчиктері;
- жарықтандыру датчиктері;
- жауын датчигі;
- жарықты қосу/өшіру релесі;
- суару жүйесін қосу/өшіру релесі;
- жылу жүйесін қосу/өшіру релесі;
- «тұман» (ылғалдылық) жүйесін қосу/өшіру релесі;
- терезені ашу және жабу жетегі;
- Wi-Fi модулі;
- сұйық кристалл индикатор (СКИ);
- телефон (немес дербес компьютер).

Arduino Uno платформасының микроконтроллері датчиктердер мәліметтерді оқиды [1–3]. Микроконтроллерге реле қосылған, ол берілген алгоритмге сәйкес орындаушы құрылғыларды қосыда немесе өшіреді, осылайша жылыжайға қажетті микроклиматты қамтамасыз етеді. Отырндаушы құрылғыларға терезені ашатын немес жebатын жетек, қыздырғыш қазандық, ауа ылғалдандырғыш – «тұман» жүйесі, суару жүйесі жатады. Ылғалдылық пен температура көрсеткіштері жылыжайдағы индикаторда көрініп тұрады. Wi-Fi модулі Arduino Uno платасының Интернетке сымсыз жалғануын қамтамасыз етеді. Ол Wi-Fi аймағында немесе қосылу нүктесіне жалғануы керек [4].

### Нәтижелер мен талқылаулар

Қазіргі таңда қондырғыларды телефон немесе компьютер арқылы қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін бұлттық сервистер ерекше сұранысқа ие. Біз заттар Интернетінің концепциясын толығымен қамтамасыз ететін IoControl бұлттық сервисін таңдадық [5]. Браузердің адрес жолында бұлттық сервистің URL тереміз, ол жерде тіркелгеннен кейін 2 суретте көрсетілген веб – парақшадағы жеке кабинетке кіре аламыз.



Сурет 2. IoControl сервисі қолданушысының жеке кабинеті

Жеке кабинетте жасалған панелдер мен айнымалылар туралы ақпарат көрініп тұрады.

Ары қарай микроклиматты басқаратын режимдердің екі панелін жасаймыз: GreenHouseOne – жартылай автоматты режим және ManualMode – орындаушы құрылғыларды қолмен басқаратын режим (3 сурет).



### Сурет 3. Микроклиматты басқару режимдері панелі жасалған беттің қолданушы интерфейсі

Жартылай автоматты режимде орындаушы құрылғылардың іске қосылуын басқару берілген алгоритм бойынша жүреді. Басқарушы бағдарламаға орындаушы құрылғыларды қосу/өшіру параметрлерінің шектік мәндері беріледі.

Қолмен қосу режимінде датчиктерден алынған мәліметтерге қарап қолданушы қашан нені қосатынын өзі шешеді.

Режимдердің әрқайсысына сәйкес келетін айнымалылар жасалады. Бірінші режим үшін айнымалылар деп ауаның және топырақтың температурасы мен ылғалдылығы датчигінің көрсеткіштерін айтамыз.


Кесте 1 айнымалылардың белгіленуі көрсетілген.

Кесте №1

#### Айнымалылар және оларға сәйкес келетін параметрлер

Айнымалы	Өлшенетін параметр
Temperature	Ауа температурасы
Humidity	Ауа ылғалдылығы
HumidityGround	Топырақ ылғалдылығы

Жылыжайдағы микроклиматты басқаратын қондырғы іске қосылғаннан кейін датчиктердің көрсеткіштері бұлттық сервистегі веб – парақшада көрініп тұрады (4 сурет).



Сурет 4. Өлшенетін параметрлер мәндерінің көрінісі

Кесте 2 басқару панелінің атаулары көрсетілген.


Кесте 2

#### Басқаратын параметрлер панелінің шамалары

Айнымалылар	Параметрлердің берілетін мәндері
ActuationTem	Жылу жүйесі қосылғанда немесе өшірілгенде, терезе ашылғанда немесе жабылғанда реле іске қосылатын ауа температурасы
ActuationTemGround	Жылу жүйесі қосылғанда немесе өшірілгенде реле іске қосылатын топырақ температурасы
ActuationHum	Тұман пайда болу жүйесі қосылғанда немесе өшірілгенде реле іске қосылатын ылғалдылық

ActuationHumGround	Суару жүйесі қосылғанда немесе өшірілгенде реле іске қосылатын топырақтың ылғалдылығы
Manual	Жұмыс режимдерін ауыстырып қосу

Ары қарай орындаушы құрылғыларды қосу немесе өшіру кезінде реле іске қосылатын температура мен ылғалдылықтың мәндерін көрсетеміз (5 сурет).



Сурет 5. Температура мен ылғалдылықтың мәндерін орнату

Қолданушының ыңғайына қарай орындаушы құрылғыларды басқару үшін қолмен іске қосу режимі қарастырылған. Режимдерді ауыстырып қосу Manual вкладкасында іске асырылады.


ManualMode панеліндегі айнымалылардың атауы мен оларға сәйкес келетін орындаушы құрылғылар 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3

### Орындаушы құрылғылардың атауы

Айнымалы	Орындаушы құрылғы
BOILER	Қазандық
WATER	Су
FOG	Тұман
LIGHT	Жарық
WINDOWS	Терезе

6 суретте ManualMode моделіне сәйкес вкладкалар көрсетілген.




Сурет 6. ManualMode панелі



Атаулары 3 кестеде көрсетілген айнымалылардың көмегімен сәйкесінше орындаушы құрылғыларды қосуға/өшіруге болады.

Соңғы қадам «Скетч генераторы» панелінде жұмыс істейтін Arduino Uno қондырғысын таңдау болып табылады (7 сурет).



Сурет 7. Қондырғыны таңдау кезеңі

Arduino платасында орналасқан микроконтроллерге бағдарлама жазу үшін Arduino IDE ортасын қолданамыз.

Датчиктермен жұмыс жеңіл болу үшін қажетті библиотекив өз скетчине қосу жеткілікті.

Жылыжай микроклиматын басқаруға арналған аппаратты – бағдарламалық кешенді қолдану өте ыңғайлы және қолданушыға бұлттық сервисі пайладану арқылы қашықтан шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Жұмыста жылыжайдың микроклиматын басқару үшін жасалған қондырғының құрылымдық сұлбасы көрсетілді, негізгі блоктар мен олардың өзара әсерлері анықталды.

IoControl бұлттық сервисінде жасалған қолданушы интерфейсінің сипаттамасы көрсетілді. IoControl бұлттық сервисі микроклимат параметрлерін тіркейді және online режимінде қолданушының телефонында немесе компьютерінде көрсетеді. Қолданушы жылыжайда орналасқан датчиктерден алынған мәліметтерді бақылап қана қоймай, орындаушы құрылғыларды басқара алады, мысалы, жылу жүйесін қосу/өшіру, суару, жарықтандыру және терезеледі ашу.

Жылыжай микроклиматын қашықтан басқаратын аппаратты – бағдарламалық кешенді жасау келесі кезеңдерден тұрады:

Қондырғының функционалдық мүмкіндіктерін анықтау мен қойылатын талаптарды талдау. Бұл кезеңде жылыжай микроклиматының қандай параметрлері бақыланатынын және реттелетінін анықтап алу керек, мысалы, температура, ылғалдылық, жарықтандыру және т.с.с.. Сонымен қатар, қолданушыға қандай басқару интерфейсі берілетінін, қандай датчиктер мен орындаушы құрылғылар қолданылатынын анықтау қажет.

Аппараттық бөлімді жобалау. Бұл кезеңде қондырғыда жұмыс істейтін және басқару интерфейсін беретін бағдарламалық қамтамасыздандыру жасалады. Сондай ақ,



автоматты режимде жұмыс жасайтын микроклиматты басқаратын алгоритмдерді жазу қажет.

Тестілеу және жөндеу. Прототип жасалғаннан кейін оның талаптарға сәйкес жұмыс істеуіне көз жеткізу мақсатында құрдырғы мен бағдарламалық қамтамасыздандыруды тестілеу керек. Қажеттілігіне қарай өзгерістер мен түзетулер енгізіледі.

Өндіріс. Өзірлеудің барлық кезеңдерінен сәтті өткеннен кейін қондырғының белгілі бір санын дайындауға өндіріске жіберіледі.

Енгізу және қызмет көрсету. Қондырғы жылыжайға орналастырылады және микроклиматтың берілген параметрлеріне сәйкес жұмыс жасайды. Қажеттілігіне қарай жөндеу жұмыстары мен қызмет көрсетіледі.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Альберт В.Г., Абрамов А.А., Бардакова М.А. Разработка программного обеспечения для обработки и анализа данных в теплицах. // Вестник Омского государственного технического университета. – 2016. – № 4 (78). – С. 107-114.

2. Данилова О.В., Лосева И.А. Автоматизация технологических процессов в тепличном хозяйстве. // Вестник БелГУ. Серия: Техника и технологии. – 2018. – № 3. – С. 29-33.

3. *Зараменских Е. П., Артемьев И. Е.* Интернет вещей. Исследования и область применения. М.: ИНФРА-М, 2016. 188 с.

4. Крылова Е.В. Оптимизация управления микроклиматом теплиц на основе анализа данных с использованием облачных сервисов. // Труды Международной научно-практической конференции "Информационные технологии и системы" (ИТС-2019). – М.: Издательство МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2019. – С. 184-187.

5. *Соммер У.* Программирование микроконтроллерных плат Arduino/Freduino. СПб.: БХВ-Петербург, 2012. 256 с.

6. Лебедев М.А., Кочеткова А.И. Разработка программного обеспечения для мониторинга микроклимата теплиц на основе облачных технологий. // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики. – 2018. – № 6 (114). – С. 47-51.

7. Пермяков А.Н., Туров В.И., Соколов А.В. Использование облачных сервисов для управления микроклиматом в теплицах. // Труды международной научно-практической конференции "Информационные технологии и системы" (ИТС-2018). – М.: Издательство МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2018. – С. 27-32.



**УДК 612. 3:796.**

## **ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫ ЖАТТЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Ғылыми жетекшісі: Урстемов Ерік Бекежанұлы**  
**Студент: Бекмұханбет Ысқақ Ильясұлы ДШ-21-5**

**Аңдатпа:** Мақалада волейбол ойыны адамдардың денсаулығына және зияткерлік ойлау қабілетіне тигізетін пайдасы туралы мағұлматтар берілген. Жылдық жаттықтыру кезеңіндегі волейболшылардың дайындық жүйесін ұйымдастыру, ойыншылардың бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатыны, сөйтіп белгілі біртұтастық, бірлестік құратын құрамдас бөліктер туралы ақпараттар жиынақталған.

**Түйінді сөздер:** Волейбол, жаттықтыру кезеңдері, ойынның физиологиялық негіздері, тыныс, талдағыштар, белсенді демалыс.

**Аннотация:** В статье представлена информация о пользе занятий волейболом для здоровья и интеллектуальных способностей людей. Собраны сведения об организации системы подготовки волейболистов в годовой тренировочный период, о том, как игроки взаимодействуют и общаются друг с другом, а также о компонентах, создающих определенное единство и объединение.

**Ключевые слова:** волейбол, тренировочные периоды, физиологические основы игры, дыхание, анализаторы, активный отдых.

**Abstract:** The article provides information on the health benefits of volleyball classes and people's intellectual abilities. Information has been collected on the organization of the volleyball training system during the annual training period, on how players interact and communicate with each other, as well as on the components that create a certain unity and unification.

**Key words:** volleyball, training periods, physiological bases of the game, breathing, analyzers, active rest.

Бұл спорт түрі үлкен эмоционалдық және зияткерлік жағынан қаныққан спорттық ойын. Ал, спорттық ойындардың физиологиялық негіздеріне қысқаша тоқтала кетсек, спорттық ойындар ағзаның жеке жүйелерінің морфо-функционалдық жағдайына әсерлері ойындардың мерзіміне, қарқынына, алаңның аумағына, ойыншылар санына және т.б. факторларға тәуелді болады. Ойын барысында жүгірістер қанша көп болса, вегетативтік өзгерістер сонша айқын болады.

Барлық спорт ойындары аралас типті жылдамдық-күш қимылдармен сипатталады. Ациклдық қимыл қозғалыстар ойындарда басым. Көздеу қимылдарының дәлме-дәл орындалуы бұл ойындағы маңызы зор.

Бұлшық ет жұмыстары спорт ойындарында динамикалық сипатта. Бірақ күш әдістерін қолданғанда бұлшық еттер қысқа мерзімді статикалық ширығулар туғызады. Бұл спорт ойындарымен шұғылданушылардың күш дайындықтарына жоғары талаптар қояды.

Спорт ойындарындағы циклдық қимылдар қуаты ауыспалы. Ойынның әрбір сәтінде ол - үлкен, субмаксималды, максималды болуы мүмкін. Ойын барысында спортшы әрекеті қысқа мерзімге үзілуі мүмкін (ойын ережесінің бұзылуы, допты жоғалту, 1 мин. үзіліс және т.б.)

Жұмыс қуаты төмендегенде және қысқа мерзімді үзілістерде, қайта қалыпқа келу процестері күшейеді. Олар көрнекті, жоғары мамандықты жүйке процестері құбылмалы спортшыларда ерекше білінеді. Спорттық ойындар организмнің анаэробтық мүмкіндіктеріне жоғары талаптар қояды. Егерде ойын жоғары қарқанмен жүрсе (мысалы, шайбалы хоккей) организм анаэробты жағдайда жұмыс істейді, сонда ол ұзақ жүктемеге шыдай алмайды. Осыған байланысты ойын ережесі бойынша ойыншылар ауыстырылады. Спорттың мұндай түрлерінде жоғары нәтижеге жету үшін анаэробтық мүмкіндіктермен қатар, аэробтық мүмкіндіктерді де жетілдіру көзделеді.

Спорттық ойындар жылдамдық, күш, ептілік және арнайы төзімділіктің дамуына септігін тигізеді. Жаттықтыратын жүктеменің өте үлкен көлемі, жалпы төзімділік қасиетінің дамуына әкеледі.

Спорт ойындарымен шұғылданушылардың қимыл дағдылары алуан түрлі. Олардың күрделілігі алаңда тез қозғалу, допты қабылдау, беру және тағы басқа ойын әдістерін қолданумен байланысты. Спорт ойындарында қимыл дағдыларын автоматтандыру қажет. Ол қанша жоғары болса, спорттық әрекет сонша тиімді болады. Ойынның жеке әдістері ғана автоматтандырылып қана қоймай, тіпті күрделі компоненттері де автоматтандырылады. Кейбір жағдайларда үйренген қимылдар тиімсіз болады. Спортшының мұндай стереотипті әрекеттері туылған жағдайларға қарай өзгеріп отыруы қажет. Бұлар ерікті және еріксіз түрде экстраполяция жолымен жетіледі. Сонда жаңа қимыл формалары жасалуын қамтамасыз ететін шартты рефлекторлық байланыстар пайда болдады. Дәлірек айтқанда, спорттық ойындарда стереотиптік қимылдар тез және жеңіл

өзгере алуы керек. Бұл қимыл әрекеттерін басқарушы жүйке процестері құбылмалылығының арқасында іске асады.

Спорт ойындарымен шұғылдану жүйке процестері құбылмалылығын жетілдіреді. Оның жанама көрсеткіші-шартты қимыл реакцияларының латенттік уақытының қысқаруы. Жүйке процестерінің құбылмалылығы тек қана қимыл құрамы мен екпінділігін өзгерту үшін қажет емес, сонымен қатар тыныс пен қанайналым жүйесіне орайлас өзгерулеріне де қажет. Ойын қимылдардың тез, үйлесімді және дәл болуын талап етеді. Сондықтан көру мен есту мүшелерінен, ойыншылар мен доптың, өз денесінің қалпы мен бұлшық еттерінің күйі туралы, вестибуляр және қимыл талдағыштарынан келетін ақпараттар айқын және қажетті уақытта келуі шарт. Спорттық ойындар қимыл аппаратына арнайы талаптар қояды. Ойыншы дайындығында бұлшық еттер күшінің «жарылысты» қасиетін жетілдіруді, «секіргіштік» төзімділікті, сөрелік екпін жылдамдығын, жылдамдық төзімділікті қамтамасыз ететін жаттығулар көзделеді. Арнайы күш дайындығы бұлшық еттердің гипертрофиясына әкеледі. Бірақ гипертрофия олардың жылдамдық қасиетін төмендетпеуі керек.

Ал, волейбол ойынына қысқаша физиологиялық сипаттама берсек: Волейбол ойынында басқа спорттық ойындарға қарағанда алаңдағы қозғалыстар қарқыны аз. Осыған байланысты ағзадағы вегетативтік өзгерістер аса үлкен білінбейді. Координациялары күрделі волейболшылар қимылдары қаңқа еттерінің қатты болуын талап етеді, әсіресе олардың күш және жылдамдық қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Бұл жоғарғы дәрежелі волейболшыларда аталмыш дене қуаты қасиеттері жақсы дамиды дегенді білдіреді.

Орталық жүйке жүйесі. Волейболшының шеберлігін арттыру үшін қимылдарды басқаруды жетілдіру қажет, нәтижесінде қимыл әрекеттерінің үйлесімділігі жақсарады. Үйлесімділіктің жақсарғанын ойын әдістерін орындағандағы бұлшық еттердің электрлік белсенділігінің өзгеруінен байқауға болады.

Талдағыштар. Волейбол көптеген талдағыштарға жоғары талаптар қояды. Көрнекті волейболшыларда көру аймағы, әдеттегі жағдайда, қалыпты мөлшерде. Ойын алаңына шыққанда және денені қыздырғанда көру аймағы 15-20% ұлғаяды. Көру аймағының кеңуі, көздің торлы қабықтарындағы шеткі элементтерінің және көру орталығының қозғыштығы артуымен түсіндіріледі.

Волейбол ойынында торлы қабықтың шеткі және орталық функцияларының маңызы бірдей. Торлы қабықтың шеткі элементтері таяқшылар, алаңда бағдарлауда қамтамасыз етеді. Орталық элементтері құтышалар, допты шығыршыққа тастауды орындағанда маңызды.

Ойын әрекеттерінде тереңге көру үлкен рөл атқарады. Кеңістікті түйсіну волейболшыларда, басқа спортшылар дікінен жақсы.

Жүйелі жаттығу волейболшылардың көзді қимылдату аппаратының қызметін жетілдіреді. Егерде спорт ойындарымен шұғылданбайтындарда көз еттерінің тең дамуы (ортофория) 40% болса, волейболшыларда -80%. Волейбол ойынында көзге түсетін жүктеме өте зор болғандықтан, ортофория оның шаршағыштығын төмендетеді.

Жоғары дәрежелі шебер волейболшыларда орындалған қимылдардың бағыты, амплитудасы, күші туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін қимыл талдағышы жақсы дамыған. Талдағыштың функционалдық күйі, алдымен көру арқылы, сонан соң көздің жабылған кезінде берілген тапсырманы дәлме-дәл орындалғаны арқылы бағаланады.

Тыныс. Волейбол ойнағанда тыныс жиілігі минутына 42-48. Қимыл екпінділігі өзгергенде тыныс, жүрек соғысының жиілігінен артық болады. Бұл тынысты реттейтін механизмдер құбылмалылығының жоғары екенін көрсетеді. Қанайналым волейболда ойын қарқынына және ойыншының белсенділігіне байланысты. ЖСЖ 1 минутта орта есеппен – 170-190 рет болады.

Белсенді демалыс. Бұрынғы қалпына келтіру кезеңіндегі қайта құрылу процестерінің мінездемесі мен мерзімі, спортшының демалыс режиміне орай өзгереді. И.М.Сеченовтің

тәжірибесінде көрсетілгендей, адамның жұмыс істеу қабілетінің қалпына келуі енжар демалыс емес, белсенді демалыс арқылы жақсы жүреді. Мысалы, эргографта жұмыс істеп титықтаған бір қолдың қабілеті ол дем алып тұрған кезде, екінші қолдың жұмысымен ұштастырылса, тез қалпына келеді. Осы феноменді И.М.Сеченов талдай келіп былай түсіндірген. Дем алып тұрған қолды, жұмыс істеп тұрған қолдан шыққан афференттік тітіркеністер, жүйке орталықтары арқылы тезірек қалпына келтіреді. Осымен қатар, бір қолдың жұмысы екінші қолдың тамырларында қанайналымын жақсартады, титықтаған еттердің қалпына тез келуін қамтамасыз етеді.

Белсенді демалыс мазмұны-бір бұлшық еттердің екінші біреуімен ауысуында емес. Белсенді демалыс мазмұнына, жоғарыда айтылған механизммен қатар, сондай жұмысты бәсеңдеу ырғақпен жасаған жағдайда да, қалпына тез келуі кіреді. Мысалы, жылдам жүгірістен кейін тезірек қалпына келу үшін, жай жүгіру тиімді. Белсенді демалыс кезінде сүт қышқылы, енжар демалыс кезіндегіден қаннан тез жойылады. Басқаша айтқанда, жұмыс қуаты темен болса қалыпқа қайта келу жеңіл. Физиологиялық, тұрғыдан алғанда жарыстан немесе машықтанудан кейінгі шамалы қуатты қорытынды жаттығуларды жасау белсенді демалыс феномені болып келеді.

Қысқасы, волейболшылардың табысты дайындығы үшін негізгісі: спортшылардың жасы мен қабілетіне сәйкес келетін денелік сапаны дамыту, тиімді әдіс пен тәсілді үйрету, ойын функцияларын және жеке қабілеттіліктерді есепке ала отырып, ойын дағдыларын жетілдіру, психологиялық дайындықты жетілдіру, жылдық, апталық кезеңдегі жаттықтыру жүктемесінің құрылымы мен динамикасының тиімді құралдарын және тәсілдерін пайдаланғанда ғана нағыз волейболшыларды тәрбиелеп шыға аламыз.

Енді, осы бірінші тарау бойынша қорытынды жасайтын болсақ:

Адам өмірінде спорттың яғни дене тәрбиесінің тигізер пайдасы зор. Спортпен айналысқан адам ширақта, жылдам, төзімді болып келеді. «Дені саудың жаны сау» деп бекер айтылмаған. Спорт адам өмірінің ұзаруына, оны былай қарағанда салауатты өмір сүрудің толтырмас бөлігі.

Волейболда ойын жағдайындағы жаттығушыларда жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мақсатына бағындыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігімен әрекет етуге, спорттық жарыс кезінде қиындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскен жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұлар оқушылардың ұжымдық сезімін; тез зейін қоюы мен шапшаң ойлауын, шешім қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Жылдық жаттықтыру кезеңіндегі жоғарғы дәрежелі волейболшылардың дайындық жүйесін ұйымдастыру өте жоғары маңызға ие үрдіс болып табылады. Бұл жердегі жүйе – бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі біртұтастық, бірлестік құратын құрамдас бөліктер жиынтығы. Яғни, волейболшыларды дайындауда жаттықтырудың негізгі бөлімдері болып табылатын дене қуаты дайындығы, техникалық, тактикалық, психологиялық, теориялық дайындықтар деңгейін жоғарылатумен қатар, жаттықтыру сабақтарын өткізуде физиологиялық ерекшеліктерді де ескерген дұрыс болады.

Волейболдағы "жаттықтыру" деп волейболшыларға теориялық білімдер мен практикалық жаттығуға қажетті қабілеттерді қалыптастыруды айтады. Осылайша, волейбол ойыншысының теориялық білімдері толық қалыптасып, тиісті физиологиялық қабілеттері қалыптасқанда олар жарыстарға қатыстырылып, нақты нәтижелер бере бастайды. Ал, волейболшылардың жарыстарға көптеп қатысуы мен жеңістерге жетуі спорттық жаттықтырудың нәтижелілігінің деңгейін анықтайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құрмашев А.С. Дене тәрбиесінің практикалық сабақтарында волейбол ойынын үйретуге арналған әдістемелік нұсқау //Ақтобе, 2010 ж.- Б.5-10.

2. Рагозин Н. М., Индивидуализация подготовки волейболистов.-Алматы: Казахская Академия Спорта и Туризма.-48 б.

3. Методическое пособие по обучению игре в волейбол и ее совершенствование: Федерация Волейбола Республики Казахстан.-Алматы.-188 б.

4. Барбара Л. Виера Бонни Джилл Фергюсон., Волейбол шаги к успеху.-Алматы.-2018.-144 б.



УДК 613.2.367

## ЗДОРОВОЕ ПИТАНИЕ ЧЕЛОВЕКА

Магистр Бекбергенова Ж.Е старший преподаватель Есекеев С.

ТарПу им.М.Х.Дулати, г.Тараз

**АННОТАЦИЯ:** Данная работа рассматривает важность здорового питания для человеческого организма. В ней освещаются основные принципы здорового питания, включая балансировку питательных веществ, умеренное потребление и разнообразие продуктов. Также рассматриваются практические аспекты внедрения здорового питания в повседневную жизнь, включая составление сбалансированных рационов и осознанное потребление пищи. Дополнительно, в работе представлены результаты исследований, подтверждающих позитивное влияние здорового питания на продолжительность жизни и общее благополучие. Данная статья будет содержать информацию про то, насколько важно правильно и сбалансировано питаться. Насколько большой роли играет выбор продуктов и разные другие лайфхаки питания.

**АНДАТПА:** Бұл жұмыс адам ағзасы үшін дұрыс тамақтанудың маңыздылығын қарастырады. Ол дұрыс тамақтанудың негізгі принциптерін, соның ішінде қоректік заттарды теңестіруді, қалыпты тұтынуды және тағамның әртүрлілігін көрсетеді. Салауатты диетаны күнделікті өмірге енгізудің практикалық аспектілері, соның ішінде теңестірілген диеталар жасау және саналы түрде тамақтану қарастырылады. Сонымен қатар, жұмыста Дұрыс тамақтанудың өмір сүру ұзақтығына және жалпы әл-ауқатқа оң әсерін растайтын зерттеу нәтижелері келтірілген. Бұл мақалада дұрыс тамақтанудың қаншалықты маңызды және теңестірілген екендігі туралы ақпарат болады. Азық-түлік таңдауы және басқада әртүрлі тағамдық лайфхактер қаншалықты үлкен рөл атқарады.

**ABSTRACT:** This work examines the importance of a healthy diet for the human body. It highlights the basic principles of a healthy diet, including nutrient balancing, moderate consumption and a variety of foods. Practical aspects of introducing a healthy diet into everyday life, including the preparation of balanced diets and conscious food consumption, are also considered. Additionally, the paper presents the results of studies confirming the positive impact of a healthy diet on life expectancy and overall well-being. This article will contain information about how important it is to eat properly and balanced. How much of a role does the choice of products and various other nutrition life hacks play?

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** «Здоровое питание человека», «Здоровый рацион», «Крепкое здоровье», «Баланс энергии», «ЗОЖ», «Состав правильного питания».

По итогам анализа платных госуслуг Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы выработаны предложения по использованию единых подходов при определении платности госуслуг, созданию единого окна приема платежей по госпошлинам, а также упрощению механизмов возврата госпошлин, по 313 госуслугам (из



них в 2021 году - 98, в 2022 году – 215) приказы синхронизированы с Административным процедурно-процессуальным кодексом республики Казахстан в части закрепления процедуры заслушивания. Вместе с тем, результаты анализа показывают, что имеющиеся компоненты взаимодействия (цифровые технологии и через центры обслуживания) сегодня испытывают трудности, что делает их менее сервисными.

Одной из видимых причин является то, что Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности функционально перегружено (380 функций), что не позволяет в полной мере проводить эффективную работу в области оказания госуслуг в электронной форме и по принципу «одного окна».

К примеру, по результатам мониторинга выявлены недоработки функционалов информационных систем, их ненадлежащая интеграция, недоступность госуслуг на портале «электронного правительства», а также технические сбои при оказании госуслуг. Соответствующие предложения внесены на имя Премьер-Министра, уполномоченным органом в сфере информатизации утвержден комплексный план по устранению выявленных недостатков.

Учитывая изложенное будут проработаны вопросы по переходу на «безотказные процедуры», установлению системы немедленного восстановления прав услугополучателей, а также введению системы опережающей подачи заявления на получение услуг.

#### Обсуждение

Государственными органами признается наличие серьезных проблем в разрешительной системе для бизнеса. Осознание необходимости их решения подтверждается, в частности, фактором закрепления задач по проведению анализа правоотношений в процессе выдачи разрешений субъектам хозяйствования и по подготовке плана действий по упорядочению и упрощению законодательства в указанной сфере.

Следует принять следующие первоочередные меры улучшения действующей разрешительной системы:

1. Провести инвентаризацию действующих технических норм, применяемых в процессе выдачи и контроля использования разрешений, подлежащих получению субъектами бизнеса.

2. Создать сводную систематизированную базу данных всех видов разрешений, требуемых для начала и в процессе осуществления предпринимательской деятельности. Утвердить законодательным актом единый перечень действующих разрешений.

3. Произвести классификацию видов действующих разрешений по критериям безопасности (уровня риска) видов деятельности и действий.

4. Обеспечить свободный доступ к информации о разрешениях, в частности, ввести обязательную регистрацию технических нормативных правовых актов в Национальном реестре правовых актов либо создать самостоятельную базу данных технических нормативных правовых актов.

#### Перспективные меры реформирования разрешительной системы:

5. Принять законодательный акт, регулирующий общие условия и принципы организации и функционирования разрешительной системы.

6. Приступить к комплексному пересмотру и систематизации законодательства о разрешениях (включая технические нормативные правовые акты) с целью его упрощения и приведения в соответствие с общими условиями и принципами регулирования разрешительной системы.

7. Упразднить разрешения, не являющиеся необходимыми для предотвращения реальных рисков в ходе осуществления хозяйственной деятельности субъектами.

Как показывает международный опыт, эффективность планирования технических инспекций может быть существенно повышена при применении принципа управления рисками. В основе данного принципа лежит осознание того, что субъекты малого и среднего бизнеса, отличающиеся как по виду деятельности, так и по размеру, могут представлять потенциально различные угрозы для жизни или здоровья людей, окружающей среды или безопасности государства.

Степень потенциальной угрозы субъекта хозяйствования является основным видом информации. При планировании и организации контрольных мероприятий должна учитываться и такая информация, как история нарушений субъекта хозяйствования, а также информация, поступающая ежедневно о состоянии дел на субъектах хозяйствования данной отрасли, что позволит оперативно принимать решения и реагировать на изменения ситуации почти в режиме реального времени. Для того чтобы эффективно реализовать данные задачи, необходимо использовать возможности информационных технологий.

Опыт большинства стран, в которых применяется принцип управления рисками, демонстрирует, что, как правило, основное внимание контрольных органов заслуживают крупные предприятия и объекты с массовым скоплением людей (аэропорты, супермаркеты, продовольственные, химические заводы и др.). Анализ рисков позволяет вывести из-под пристального внимания контрольных органов целые категории субъектов МСБ как не представляющие угрозы.

Следует учитывать, что малые предприятия, как правило, представляют собой субъекты хозяйствования, размещающиеся на небольших площадях, имеющие небольшое количество сотрудников, и работают в основном в сфере услуг.

Следовательно, требования, предъявляемые к таким предприятиям, могут быть упрощены. Упрощение требований к субъектам бизнеса, а также их обобщение лежат в основе применения так называемых контрольных списков вопросов (инспекционных отчетов). Фактически контрольные списки представляют собой перечень вопросов по исполнению требований (для каждого контрольного органа свой) по обеспечению безопасности деятельности субъекта в данной области. Таким образом, контрольный список, с одной стороны, представляет собой контрольный перечень необходимых требований, которым субъект бизнеса должен соответствовать, а с другой – руководство к действию для инспектора.

Контрольные списки позволяют: понимать требования и устранять недостатки до проверки; четко обозначить объект проверки и полномочия инспекторов; предотвратить злоупотребления со стороны инспекторов; устранить фактор недостаточной квалификации инспекторов, т.к. инспектор будет проверять субъект хозяйствования только по тем пунктам, которые перечислены в контрольном списке, и, что важнее всего; не допустить потенциально опасных нарушений, которые связаны с незнанием или непониманием требований, предъявляемых к субъекту хозяйствования.

Эффективность государственного контроля, ужесточение наказания в отношении субъектов Малого среднего бизнеса ведет только к увеличению количества нарушений и сокрытию существенной части хозяйственных операций. В то же время применение мер предупредительного характера, таких как информирование в доступной форме о существующих требованиях, а также смещение акцентов в сторону консультирования субъектов инспекторами, вместо поиска оснований для наказания ведет к снижению количества нарушений. К примеру в Швеции. Когда органы пожарной безопасности этой страны обнаруживают нарушения на предприятии, они дают рекомендацию на устранение нарушений в срок до трех месяцев. Если предприятие не выполнило рекомендацию, тогда пожарная служба выдает предписание на устранение нарушений в срок до 6 месяцев. Если и предписание не выполнено, то только по прошествии 9 месяцев к данному предприятию применяется санкция в виде штрафа (который может достигать до 30 тыс. у.е.). Исключения составляют случаи, когда нарушение создает реальную угрозу. Тогда меры к

данному предприятию применяются безотлагательно в виде запрета на осуществление деятельности. Однако подобные случаи, по словам самих шведских пожарных, случаются крайне редко.

Эффективность подобного подхода подтверждается тем, что почти все предприятия устраняют имеющиеся нарушения после получения рекомендации.

#### Заключение

Таким образом, повышения эффективности планирования и организации контрольных мероприятий, а также уменьшения количества нарушений со стороны субъектов Малого Среднего бизнеса и фактов злоупотреблений со стороны инспекторов при одновременном снижении административной нагрузки возможно достичь через реализацию следующего комплекса мер:

1. Разработка и внедрение механизма планирования и организации контрольной деятельности на основе принципа управления рисками.

2. Внедрение практики разработки и использования контрольных списков вопросов.

3. Применение инструментов предотвращения нарушений, таких как информирование, убеждение, разъяснение необходимости соблюдения норм и правил для предотвращения опасных ситуаций, а также подготовка инспекторов для того, чтобы устранить предвзятость, повысить ответственность и изменить отношение к субъектам Малого среднего бизнеса.

Данные меры позволят усовершенствовать административные процедуры в системе государственного управления и тем самым улучшить деловую среду развития малого и среднего бизнеса в Казахстане.

Основными направлениями для усовершенствования административных процедур являются: Консолидация Закона об административных процедурах с Законом об обращении физических и юридических лиц. Приведение Закона об административных процедурах с учетом с положениями зарубежного законодательства. Продолжить работу создание системы поощрений для государственных служащих, оказывающих услуги и усовершенствование электронных услуг и расширение возможностей электронных порталов и сайтов. Приведение всех нормативных актов и действий государственных органов в соответствие с Конституцией, где права и свободы личности являются главной ценностью государства.

Изменения в законодательстве позволят определить четкий порядок предоставления услуг, рассмотрения обращений граждан и юридических лиц. Будучи закрепленными в Законе об административных процедурах, описанные нормы дадут возможность гражданам эффективно защищать свои интересы, а государственных служащих - действовать строго в рамках закона. Все вышеуказанные меры помогут изменить ментальность государственных служащих, что впоследствии повысит уровень доверия населения к своему государству.

#### Список использованных источников

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» от 16 марта 2022 года. Официальный сайт Президента РК. [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953> (дата обращения: 01.01.2024).

2. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» от 1 сентября 2023 года. Официальный сайт Президента РК. [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.akorda.kz/ru/addresses> (дата обращения: 09.01.2024).

3. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны». [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (дата обращения: 15.01.2024).

4. Официальный сайт АГУ при Президенте РК [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.apa.kz/ru> (дата обращения: 01.01.2024).

5. Отчет по оказанию государственных услуг за 2022 год Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/413707?lang=ru> (дата обращения: 01.01.2024).

6. Национальный доклад о состоянии государственной службы в республике Казахстан. Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.gov.kz/> (дата обращения: 01.01.2024).

7. Результаты мониторинга и анализа по вопросам деbüroкратизации государственного аппарата, в том числе с изучением внутренних административных процедур [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL <https://www.astanacivilservicehub.org/> (дата обращения: 01.01.2024).

8. Предложения по совершенствованию административных процедур в Казахстане [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31543759&pos=5;-90#pos=5;-90](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31543759&pos=5;-90#pos=5;-90) (дата обращения: 01.01.2024).



ӘӨЖ 147.157

### КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ СУИЦИДІНІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

**Сламбекова Диана Әлішерқызы-Шерхан Мұртаза** атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты

**Ильясова Индира Самидиновна-** Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының «Азаматтық және қылмыстық құқық» кафедрасының аға оқытушысы

**Құрманалиева Нүргүл Сайлаубековна-** Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының «Мемлекеттік құқықтық пәндер» кафедрасының оқытушысы

**Аннотация.** Мақалада, кәмілетке толмағандардың қылмыстық суицидтік криминологиялық сипаттамасы, суицидтік талдау, сондай-ақ суицидтік актінің фактісі бойынша талдау жүргізіліп оның себептері анықталды.

**Ключевые слова:** суицид, фактор, буллинг, мотив, детерминанттар, аутизм.

**Аннотация.** В статье проводится криминологическая характеристика уголовного суицидального поведения несовершеннолетних, суицидальный анализ, а также анализ по факту суицидального акта.

**Ключевые слова:** суицид, фактор, буллинг, мотив, детерминанты, аутизм.

Өмірмен байланысты есептерді азайту туралы шешім қабылдау әрдайым көптеген жеке, ситуациялық сәттермен, сондай – ақ суицидтік мінез-құлықты қалыптастыруда жетекші рөл атқаратын суицидтік факторларды-детерминанттарды құру кезінде пайда болатын адамның психологиялық жағдайының ерекшеліктерімен байланысты болады. "Детерминанттар" ұғымы "мотив", "себеп", "жағдайлар" және т.б. сияқты анықтамалармен байланысты, олар көбінесе суицидтің себептік факторларын анықтауда қолданылады. Аталған терминдер "Детерминанттар" ұғымының құрамына кіреді, бұл оларды бірлесіп зерделеудің орындылығын растайды.

Суицидологиялық талдау, сондай-ақ суицидтік актінің фактісі бойынша тексеру жүргізу көбінесе өз-өзіне қол жұмсау ниетін тудырған терең себептерді анықтауды талап етеді. Жасөспірім өзін-өзі өлтіруге әрекет жасады делік. Бастапқыда себеп анықталады, мысалы, жыныстық бағдар туралы ақпаратты жариялау арқылы ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау. Әрі қарай, мотив анықталады: суицидент проблемадан аулақ болғысы келді, ол оған күледі және менсінбейді деген оймен өмір сүруге шыдамсыз болды. Негізінде, мотив - бұл өз ісімен бір нәрсеге қол жеткізу ниеті. Әлеуметтік-демографиялық себеп бар: қоршаған орта факторларының әсері – аутизм.

Суицидтік себептер мен мотивтерді суицид механизмінде ажырату керек, өйткені суицидент мотивациялық мотивтен айырмашылығы, оның нақты себебін түсінбеуі мүмкін. "Фактор" ұғымы, біздің ойымызша, себепке ұқсас, сондықтан оларды бір-бірімен алмастыруға болады. Әрі қарай, өз-өзіне қол жұмсау туралы шешім қабылдауға катализатор бола алатын жағдайларды анықтау қажет: туыстары немесе достары арасында осындай жағдайлардың болуы; дұрыс салынбаған өмірлік нұсқаулар; интернет-сайттардың әсері және т. б. Шарт қылмыстық өзін-өзі өлтіруді белгілеудегі маңызды элементтердің бірі болып табылады: өзін-өзі өлтіруге, өзін-өзі өлтіруге немесе оны жасауға жәрдемдесу белгілерінің болуы.

Суицидтік мінез-құлықты қалыптастырудың жетекші факторларын зерттеу суицид сияқты күрделі құбылыстың барлық компоненттерін қарастырудан тыс мүмкін емес. Дегенмен, адамның барлық жеке, әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын, сондай-ақ суицидтік үрдістердің қалыптасуын анықтайтын жағдайларды егжей-тегжейлі сипаттау мүмкін емес. Бұл өз-өзіне қол жұмсау туралы шешім қабылдауда шешуші рөл атқаратын жеке факторларды сипаттау туралы ғана болуы мүмкін.

Суицид мәселесіне ғылымның түрлі салаларындағы (философия, физиология, медицина, психиатрия, психология, құқықтану және т.б.) көптеген ғалымдар мен зерттеушілер қызығушылық танытты. Осы зерттеу үшін заңгерлер мен криминологтардың, сондай-ақ психологтардың еңбектері үлкен қызығушылық тудырады, олардың негізінде суицидтік мінез-құлықтың жалпы және жеке себептері ерекшеленеді [1]:

- суицидтік мінез-құлықтың жалпы себептері: әлеуметтік-экономикалық; әлеуметтік-демографиялық; адамгершілік-дүниетанымдық;

- тарихи-мәдени; әлеуметтік патологиялар; медициналық себептер; қылмыстың әсері және т. б.;

- суицидтік мінез-құлықтың жеке себептері: жеке тұлғаның сипаттамалық және психологиялық ерекшеліктері; отбасылық, тұрмыстық қақтығыстар, емделмейтін ауру, жалғыздық, материалдық қиындықтар, бақытсыз махаббат, ұят пен жазадан қорқу және т. б. сияқты дағдарыстық жағдайды тудыратын нақты суицидтік факторлар.

Әр себепті бөлек қарастырыңыз.

Әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері. Еске салайық, экономикалық дағдарыстар, депрессия, өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік қорғаудың төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі және т.б. басқаша айтқанда, кез-келген әлеуметтік күйзеліс, қоғамдық мәртебенің кең ауқымды өзгеруі суицидтің өсуіне әкеледі. Кейбір адамдарға өздерінің қаржылық жағдайын қабылдау қиынға соғады, әсіресе егер ол күрт нашарласа. Мұнда қосымша жеке факторлар, мысалы, қызғаныш сезімі, суицидтің пікірінше, оның

материалдық жағдайына қатысы бар барлық адамдарға деген өшпенділік, отбасының қаржылық жағдайына ұят сезімі және т. б. кіруі мүмкін.

Қоғамдағы суицид деңгейіне әсер ететін әлеуметтік-демографиялық себептерге мыналар жатады:

1) отбасылық-тұрмыстық жанжалдар. Криминологиялық зерттеулерге сәйкес, ерте балалық шақта қатыгездік пен зорлық-зомбылықты бастан кешірген адамдар; ата-анасы ажырасқан; бала кезіндегі тәрбиесі қараусыз қалған, басқаларға қарағанда жиі өсіп, қылмыскерлерге айналады және өз-өзіне қол жұмсау қаупінің артуы<sup>2</sup>. Туыстарының назары мен қамқорлығының болмауы көбінесе үшінші тұлғаларды, соның ішінде Интернетте іздеуге әкелуі мүмкін, олар жасөспірім сияқты көрінеді, оларды тыңдайды және түсінеді;

2) Қоршаған орта факторлары, оған кіреді:

- ұжымда әлеуметтік оқшаулау, иеліктен шығару, қабылдамау;

- мектептегі (колледждегі, институттағы), жұмыстағы проблемалар (буллинг, ауыр және ұзаққа созылған қақтығыстар және т. б.);

- маңызды қарым-қатынастың жоғалуы (жұптың ыдырауы, жақын досымен жанжал, жақын адамның қайтыс болуы);

- дәстүрлі емес жыныстық бағдар туралы тәжірибе (оны мойындаудан қорқу), аутизм (адамның жыныстық бағдары немесе гендерлік сәйкестігі туралы Жеке ақпаратты оның қалауы мен келісіміне қарсы жария ету). Өз-өзіне қол жұмсау қаупі гетеросексуалдарға қарағанда екі-алты есе көп суицид жасайтын гомосексуалдарға ие болады[2].

Адамгершілік-дүниетанымдық себептер. Суицид деңгейі идеологиялық дағдарыстар жылдарында өсуде. Өзіңіз білетіндей, суицид-бұл өмірдің болмауының немесе жоғалуының саласы. Криминологиялық талдау көрсеткендей, қазіргі адам үлкен таңдау еркіндігінің елесін жасаған кезде, шын мәнінде, қоршаған әлемге тәуелді бола бастады. Бұл жағдайда бүкіл қоғамның көзқарасын қарастырудың қажеті жоқ, кез-келген әлеуметтік топтың (мысалы, жасөспірімдер) пікірі жеткілікті [3]. Сонымен қатар, бұл тұрақты емес, уақытша болуы мүмкін, өйткені оны бүгінде байқауға болады: өлім топтары кәмілетке толмағандардың назарын аударады, олар қосылғаннан кейін өз-өзіне қол жұмсау туралы пікір өзгереді.


Бұқаралық мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары қоғамға өмірдегі сәттіліктің белгілі бір стандартын жүктейді, оның сәйкессіздігін адам трагедия ретінде қабылдайды. Бұл әсіресе кәмілетке толмағандардың психикасына зиянды әсер етеді. Мамандардың пікірінше, "Вертер эффектiсi" сияқты әлеуметтік құбылыс (өзіне-өзі қол жұмсаудың жаппай толқыны) ерекше қауіп төндіреді. Бірқатар авторлар өлім топтарының пайда болуын Рената Паленкова-Камболинаның өзін-өзі өлтіруімен байланыстырады (Уссурийск қаласының 1 курс студенттері). Қыз "ВКонтакте" әлеуметтік желісіндегі парақшасында қайтыс болуынан бірнеше сағат бұрын оны білетіндердің барлығымен қоштасады. Бұл өлімді интернетте кеңінен жариялау кәмілетке толмаған адамның қысқа мерзімде әлеуметтік желілердің "жұлдызына" және рөлдік үлгіге айналуына әкелді. Қыздың өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде әйгілі болғанына назар аудару кездейсоқ емес, мұнда еліктеудің және назар аударудың психологиялық құбылысы маңызды. Балалар психологтарының пікірінше, тек 10% жағдайда суицидтік мінез – құлық өзін-өзі өлтіруді мақсат етеді, 90% - бұл назар аудару<sup>2</sup>. Бұл қайғылы оқиғаның құқық қорғау органдарымен суицидтік қауымдастықтармен нақты байланысы орнатылмағанына қарамастан, жасөспірімдердің суицидтер санының өсуі дәл 2015-2016 жж.кезеңіне келеді, бұл қазіргі қоғамдағы құбылыстың әсерін растайды [4].

В.А.Лелеков пен Е.В.Кошелеваның кәмілетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының мәселелерін зерттеуде кеңес дәуірінен айырмашылығы жасөспірімнің жеке басының әлеуметтік-позитивті әлеуметтенуінде, ең алдымен, кәмілетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының негізгі мәселелерін шешуде маңызы аз болатын отбасы,

мектеп, жұмыс тобы және т. б. сияқты қоғамдық институттар ерекше назар аударуға лайық деген пікірімен келісу керек. сұрақ-өмірге дұрыс көзқарас қалыптастыру.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Волконская Е.А. Предупреждение доведения до самоубийства: уголовно-правовой и криминологический аспекты: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Рязань, 2011. – 24 с.
2. Сабитова Ш.А. Международно-правовая защита прав детей // Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Международная жизнь и политика» № 3 (46), 2016. – С.60.
3. Борчашвили И.Ш., Жуманиязов М.А. Преступления против жизни: Монография. – Астана: Институт законодательства, 2009. – 428 с.
4. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / ред. И. Ш. Борчашвили. Алматы: Жетіжарғы, 2007. – 992 с.




ОӘЖ: 338.09 :658. 800 92

## АГРАРЛЫҚ САЛА ЖӘНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

**Исақов Ғ.Ж.** экон.ғылым. канд., Ш Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты. Тараз қ., Желтоқсан көшесі, 69 «Б». [IGali57@mail.ru](mailto:IGali57@mail.ru)  
**Тажимбетова М.,** 7М-ЭКО-22-3 тобының магистранты.

Қазіргі заманғы ауыл шаруашылығының осындағы экономикалық процестерге және ауыл шаруашылығы өнімдерінің рыногіне үлкен бизнестің әсері күшейген шақтағы аралас салалармен тығыз топтасып кетуі ауыл шаруашылығындағы экономикалық бағыттарды аралас салалардың әсерінен бөлек қарастыру терең зерттеуге мүмкіндік бермейтіндіктен, агробизнесті жүзеге асырудың теориялық - әдістемелік негіздерін дамыту және практикалық әдістерді оқып үйрену қажеттілігі туады.

70 – жылдардың отандық ғылымында ауыл шаруашылығын аралас салалармен бір кешенде зерттеу дами бастады. Тиісінше “агроөнеркәсіптік кешен” атауы пайда болып, ғылыми және практикалық сөз қолданысына енді. Оның үш саласы – қор шығаратын салалар, ауыл шаруашылығының өзі және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, тасымалдау, сақтау және өткізумен айналысатын салалар кешені. Осы салалармен байланысты іскерлік қызмет өзінің айрықша ерекшеліктеріне қарамастан өзара тәуелділік және өзара әсер етушіліксіз табысты жұмыс істей алмайды және дамымайды. Сондықтан да агробизнестің салалары да төрт негізгі сфераға бөлінеді (Сурет 1).



## Сурет 1. Агробизнес салаларының бөлінуі


Агробизнес комплексінің басқа сфераларды байланыстырып тұратын ұйтқысы ауыл шаруашылығы болып табылады. Бірінші сфераға (I) ауыл шаруашылығын техникамен, жем – шөппен, тұқыммен, тыңайтқышпен, өсімдіктер және малды қорғайтын дәрі – дәрмекпен, яғни өндірістің материалдық факторымен қамтамасыз ететін салалар жатады. Міндеті жағынан бұл сфераға шаруа өндірісін дамытуға мүмкіндік беретін қаржылық ресурс – несие де кіреді. Бұл сфера ауыл шаруашылығы үшін ресурстар рыногін қалыптастырып, оның техникалық және технологиялық деңгейін анықтап, ауыл шаруашылығындағы өндіріс шығынының көлеміне несие алуға баға мен шарт арқылы әсер етеді. Ауыл шаруашылығы үшін ресурстарды тауып, жеткізуші ретінде бұл сфераның өнеркәсіптік салалары нарықтық құрылым, өндірісті жинақтау және мамандандыру сияқты барлық көрсеткіштер бойынша ерекшеленіп, өнеркәсіптің басқа салаларымен тығыз өндірістік байланыста болады [1].

Сфералардың үшінші тобы (III) егіс даласынан өнімдерді тұтынушыға жеткізумен айналысатын салалардың жұмысын қамтамасыз ететін маркетингтік сфераны құрайды. Дәстүрлі барлық салаларға қатысты маркетингтік арналарға (көтерме және бөлшек сауда, қойма, биржа, аукцион жүйелері және т.б) қарағанда агробизнесінің бұл саласы өз бетінше жұмыс істейтін өндірістік сала – тамақ өнеркәсібінің болумен ерекшеленеді. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде маркетингтік сфераның орны ерекше және тұрғындар қажеттілігінің өсуі мен азық – түлік сервисінің дамуына байланысты ол онан сайын өсе түсуде.

Төртінші сфера (IV) агробизнесі толықтай және оның жекелеген салаларының қызметін жақсарту ды қамтамасыз ететін агросервистен тұрады. Мұнда қызметтің көптеген түрлері, оның ішінде агробизнесінің басқа сфераларына мамандандырылған қызмет көрсету, ғылыми зерттеулер мен жобалар, кадрларды дайындау мен біліктілігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу, коммуникация, мемлекеттік реттеу және басқару бар. Оның негізгі ерекшелігі сонда, агросервис мемлекеттік құрылымдар: ауыл шаруашылығын басқару, рыногті реттеу ұйымдары, ғылыми – зерттеу, мамандандырылған білім беру және тағы басқа мемлекеттік құрылымдар тұрақты түрде жұмыс істейтін, агробизнесінің бірден – бір сферасы болып табылады. Сондықтан да, міндеттерді шектеуден басқа жағдайда бұл сфераны мемлекеттік және жеке деп екіге бөледі. Жеке сферада агроөндірістік кешеннің сервистік қызметінің техникалық қызмет көрсету, агротехникалық және агрохимиялық қызметтер, жерді суландыру, қолданбалы зерттеулер және ғалымдармен мамандардың консультациясы, материалдық – техникалық жабдықтау мен қамтамасыз ету және басқа қызметтің түрлері көрсетіледі. Агросервистің ұйымдары мен кәсіпорындарына сондай – ақ шаруа және фермерлік ұйымдар, одақтар мен бірлестіктер кіреді. Олар өздерінің алдарына шаруашылық, экономикалық және әлеуметтік мақсаттарды қойған. [2].

Агроөнеркәсіптік кешен құрылымы агробизнес кешені құрамымен өте ұқсас және ол үш негізгі сфераның басын құрайды (Сурет 2).

### Агроөнеркәсіптік кешен





## Сурет 2. Агроөнеркәсіптік кешен құрылымы

Бірінші сфераға (I) трактор ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, минералдық тыңайтқыштар және өсімдік пен малды қорғаудың химиялық құралдары, ауылдық құрылыс, өндірістік мал азығын өндіру және микробиология, сондай – ақ суландыру құрылысы сияқты қорды қажет ететін салалар кіреді.

Екінші сфераға (II) таза ауыл шаруашылық өндірісінің салалары – егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылық (өндірістіктен айырмашылығы бар) мал азығын өндіру жатады.

Үшінші сфера (III) әдетте ауыл шаруашылығы шикізаттарын дайындау, тасымалдау, сақтау және өңдеуді қамтамасыз ететін салалар мен өндірістің жиынтығы болып табылады. Кей жағдайларда бірқатар мамандандарды тасымалдауды, сақтауды және байланысты өндірістік инфрақұрылымның салалары ретінде өздігінше, жеке төртінші сфераға (IV) жатқызып жүр.

Құрылымдарға талдау жасау көрсетіп отырғанындай, агробизнес және агроөнеркәсіптік кешендер сандық жағынан болсын, сапалық жағынан болсын өздерінің құрамы бойынша бір – бірінен ерекшеленеді. Өздерінің қарауындағы салалар немесе қызмет түрлерінің даму деңгейіне байланысты бұл айырмашылықтар онан сайын айқынырақ байқалады [3].

Бір қарағанда дәстүрлі қабылдауға үйренген біздерге таңқаларлықтай болып көрінетін бір жайт, агросервис құрамында мемлекеттік реттеуші жүйенің болуы әлгі маңызды айырмашылықтардың бірі болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешеннің отандық схемасында мемлекеттік басқару әдетте әдейі көрсетілген жоқ. Өйткені, әкімшіл - әміршіл жүйеде мемлекеттік реттеу бүкіл экономикалық жүйенің басынан аяғына дейін экономикалық дамудың қозғаушы факторы болғаны айтпаса да түсінікті. Ал, нарықтық экономика жағдайында мемлекеттік реттеу агробизнес жұмыс істеуінің тегерішіне қосылған экономиканың аграрлық секторындағы өндірістік және экономикалық процестерді қамтамасыз етудің басқарушы және үйлестіруші элементі ретінде көрінетіні рас.

Агроөнеркәсіптік өндіріс пен агробизнесі жекелеген сфераларға бөлу процесінің экономикалық мазмұны, біріншіден, агроөнеркәсіп кешенінің түпкі өнімін жасаудағы олардың әрқайсысының орнын анықтауда, екіншіден, тұтастай алғанда, агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді және қарқынды дамуы жекелеген салалар мен сфералардың рациональді арақатыстысынан айқындалатын болғандықтан, бұл кешендердің ішкі тепе – теңдік құрылымының қажеттілігіде жатыр. Біздің Республикамызда маркетингтік сфераның (өнімді өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізу) дамымай артта қалуының басты себебі ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық – түлігінің көп ысырапқа ұшырауы болып табылады. Кейбір жылдары жалпы өнімнің 25 – 35 проценті ысырап болған. Біздің еліміздегі агроөнеркәсіп кешені түпкі өнімінің құрылымын Америка Құрама Штаттарындағымен салыстыру көрсеткеніндей, бұл жердегі айырмашылық бізді аса қуанта қоймайды. АҚШ – та агроөнеркәсіп кешені түпкі өнімінің 70 проценттен астамы маркетингтік сфераның, тек 10 процентке жуығы ауылшаруашылығының үлесіне тиеді. Ал, біздің Республикамызда ауыл шаруашылығының үлесі 50 проценттен асып кетіп отыр. Оның үстіне АҚШ–та III сфераның өзінде сауда жүйесі басым, ал бізде бұл жұмыстарды тамақ өнеркәсібі атқарады.

Дәл осындай жағдай нарықтық экономикасы дамыған басқа елдерде де қалыптасқан. Мысалы, Францияда азық – түлік құнының 75 проценттен астамы ауылшаруашылығынан тыс жерлерде жасалады. Скандинавия елдерінде түпкі өнімдегі тамақ өнеркәсібінің үлесі 65 процент құрайды.

Батыс елдері агроөнеркәсіп кешені құрылымының қозғалысына тән бір жайт, мұнда азық – түлік өндірумен айналысатын жұмысшылардың жалпы санын қысқарту байқалады. Мысалы, АҚШ–та 1960–1985 жылдар аралығында мұндай қысқарту 30 процентке жуық

болды. Мұның өзі негізінен ауыл шаруашылығы өндірісі есебінен жасалып отыр. Ал, өңдеу саласындағы және саудадағы қызметкерлердің саны өсе түсуде. Айталық, АҚШ-та соңғы он жыл ішінде агроөнеркәсіп кешенінің маркетингтік сферасында жұмыс істейтіндердің саны бір жарым есе өсті. Қорды қажет ететін салалар (агроөнеркәсіп кешенінің бірінші сферасы) мен шығарылған техника мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясының бір – бірімен сәйкес келмеуі, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы көптеген технологиялар үшін машиналардың жетілдірілген жүйесінің болмауы қалыптасқан ауыл шаруашылығы өндірісінің (агроөнеркәсіп кешенінің II сферасы) үлес салмақтарын салыстыру отандық агроөнеркәсіп кешенінде салааралық және ішкі салалық сәйкестіктің жоқтығын аңғартады. Шығарылатын техниканың сапасы да айтарлықтай емес. Қазіргі заманғы жағдайда экономиканың аграрлық секторын реформалау ауыл үшін ұсынылып отырған техниканың сәйкессіздігін қатты сезініп отыр. Кезінде ұжымшарлар мен кеңшарлардың кең ауқымда жүргізілетін өндірісін ыңғайланып жасалынған техника қазір шағын шаруа қожалықтарының қажеттілігі мен сұранысына жауап бермейді. Ауыл шаруашылығының өз ішінде мал басына арналған жем – шөп өндірудің көлемі мен сапасы, малды азықтандыру технологиясы мен күту процесінің сәйкессіздігі байқалады [4].

Бұрынғы КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда агроөнеркәсіп кешеніндегі құрылымдық сәйкессіздіктерді жою әрекеті 80 – жылдардың өзінде бірнеше рет бой көрсеткен.

Агроөнеркәсіп кешенінің құрылымын ретке келтіру мақсатында Азық-түлік бағдарламасы қабылданып, агроөнеркәсіптік өндірісті басқару қайта құрылды. Бірақ, шамадан тыс орталықтандырылу мен әміршіл-әкімшіл экономика шеңгелінде бұл міндетті орындау мүмкін емес еді. Агроөнеркәсіптік кешен сияқты кең көлемді жүйеде тиімді құрылымдық өзгерістерді тікелей нарықтық байланыстар негізінде жүйенің өз-өзін реттеу жолымен ғана жасауға болады.

Экономика сферасында, оның ішінде аграрлық секторда бірдей бастау алғанына қарамастан, бұрынғы одақтық республикаларда көзге ілмей кетуге болмайтын өзіндік ерекшеліктер бар. Мұның өзі КСРО тарағаннан кейін пайда болған барлық жаңа мемлекеттерге, оның ішінде Қазақстанға да теңдей қатысты.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Агробизнесің экономикалық негіздері. Алпыспай Сейдахметов. Алматы. «Экономика». 2015 ж.
2. Аубакиров.Я.А. Аграрный сектор в условиях рыночной экономики. Алматы, 2014
- 3.Оспанов.М.Т., Аутов.Р.Р., Ертазин.Х. Агробизнес теориясы мен тәжірибесі. Алматы., 2014 ж.
4. Ғ.Н.Нұрышев Ауыл шаруашылығында нарықтық қатынастардың қалыптасуының кейбір мәселелелері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997 ж.



**ОӘЖ: 338.09 :658. 800 92**

#### **АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Исақов Ғ.Ж. экон.ғылым. канд., Ш Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты. Тараз қ., Желтоқсан көшесі, 69 «Б». [IGali57@mail.ru](mailto:IGali57@mail.ru)  
Тажимбетова М., 7М-ЭКО-22-3 тобының магистранты.**

Республикамыздың экономикасының қазіргі кезеңінде әлеуметтік – экономикалық жүйені өзгертуде, оны нарықтық қатынастарға ауыстыруда едәуір оң нәтижелер бар. «Біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді түбегейлі аулақ салдық. Бүгін мүлде жаңа мемлекет өмір сүріп отыр, мүлде өзге саяси және экономикалық жүйе жұмыс істеуде»

Экономиканы жағдарыстан шығару туралы айтсақ, бұл жерде әлі де шешілуге тиісті мәселелер баршылық. Себебі, өндіріс одан әрі құлдырап, ұлттық табыс азайып бара жатқан жағдайларда жұмыс істеуге тура келеді. Сондықтан, экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасына кейбір өзгертулер, антимонополиялық шараларды іске асыру, экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістерін кеңірек қолдану керек.

Біздің ойымша, қазіргі уақытта экономиканы реформалаудың маңызды мәселесі сол – «біз...жылжымайтын мүлікті, қалған ұсақ және орта кәсіпорындар мен агроөнеркәсіп кешенін қоса алғанда, жекешелендіру процесін аяқтауға... тиіспіз».

Шалғай ауыл шаруашылығы аудандарында шағын бизнесті, кәсіпкерлікті барынша дамытқан пайдалы. Болашақта кәсіпкерлікті дамыту Қазақстан экономикасының әлеуметтік-экономикалық жүйесін құрайтын үш элементімен анықталуы мүмкін. Олар: ірі шаруашылық салаларының қызмет істеуі, экономикалық аймақтарды дамыту, ұсақ және орта бизнеске қатысты жүргізілетін саясат.

Әсіресе, соңғы екі элементтің маңызын айта кеткен дұрыс. Экономикалық аймақтардың маңызы сол, олар өздерінің жергілікті мәселелерін өз бетінше шешуде еркін болып келеді. Кәсіпкерлікті дамыту саясатын шаруашылық қызметін реттейтін әртүрлі концепциялар мен бағдарламаны дайындаумен қатар, олардың орындалуын нақты лауазым иелерінен талап ету керек.

Болашақта кәсіпкерлікті сату, сатып алу қызметіндегі делдалдықтан гөрі халыққа қажет товарлар және қызмет көрсету өндірісіне икемдеу қажет. Ол үшін кіші және орта кәсіпорындарды ірі өнеркәсіппен біріктіру дұрыс. Бұл жағдайда ірі кәсіпорындар кәсіпкерлерге өздерінің негізгі қорларын жалға беру, оларға кепілдік қарыз алуға көмектескен болар еді. Себебі, қазіргі тәжірибе көрсетіп отырғандай, кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына өз қызметін жүзеге асыру үшін сенімді құқықтық кепілдік пен қорғау керек. Ол үшін кәсіпкерлердің меншік пен табысқа толық құқын анықтап, мемлекетпен, банкпен және басқа кәсіпорындар және мекемелермен олардың белгілі бір өзара қарым-қатынасын белгілейтін заң актілері мен нормативтік құжаттар қабылдануы тиіс [1].

Қазіргі уақытта көп көңіл бөлінуге тиіс тағы бір мәселе – ол экономиканы басқару мәселесі. Осыған байланысты басқаруды реформалау концепциясы қажет. Яғни, «Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын едәуір көтеруге, жекеше сектор мен ұлттық капиталға жәрдемдесуге, оларды ынталандыруға және олардың белсенділігін арттыруға тиіспіз».

Жаңа экономикалық саясат жағдайында орталықтағы және жергілікті жерлердегі өкімет экономикаға араласудың барлық түрімен, дән себу, егін жинау және басқаларымен айналысуды тоқтатуы тиіс. Мемлекет жеке сектор басты роль атқаратын нарықтың заңды шеңберлерін құра отырып, экономикада маңызды, бірақ шектеулі роль атқаруы керек. Ауыл шаруашылығында мемлекеттің Экономикаға араласуы бағалық, қаржылық, несиелік және салықтық құралдарды пайдалану арқылы экономикалық әдіспен жүзеге асырылады.

Өндіріс салаларында монополиялардың болуы заңды түрде бағаның өсуіне әкелгені белгілі. Мысалы, өнеркәсіпте бағаның өсуі 1995 жылдың көкек айларында электроэнергетика саласында бағаның 1991 жылмен (желтоқсан айында) салыстырғанда 25421 есе, мұнай өндіруде -22271 есе өсуге әкелсе, дәл осы уақытта ет өнеркәсібінде баға бар болғаны 7339 есе, ал жеңіл өнеркәсіпте 4120 есеге ғана өскен [2].

Жоғарыда келтірілген фактілер болашақта болмас үшін мемлекет тарапынан баға саясатына бақылау болғаны жөн. Мемлекеттік реттеусіз монополизм жағдайында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің арасында бағаның тепе-теңдігін қамтамасыз ету қиын. Сондықтан, ауыл шаруашылығы құралдарын

шығаратын, агроөнеркәсіптік екшендерге қызмет көрсететін, олардың өнімін өңдейтін барлық монополист кәсіпорындар үшін келісімді бағаның жоғарғы шегін белгілеу мемлекет тарапынан бақылануы қажет. Дәл сол уақытта, товар өндірушілер меншіктің түріне қарамастан баға белгілеуде және өнімді өткізуде өз бетінше шешім қабылдайды. Яғни, «экономиканың өзі тұрақсыз дамудың аралық кезеңінде тұрғанда, мемлекеттің реттеуші ролі мен араласуы бара-бар болуға тиіс.»

Қазақстан агроөнеркәсіптік кешендерінің жұмысын жандандырып, олардағы экономикалық реформаларды жеделдету үшін терең мазмұнды және қайтарымы тез қаржы, салық, инвестициялық саясаттар жасақталуы қажет. Бұған экономикалық жағынан әлсіз шаруашылықтарға дотациялар беру, мемлекет есебінен қаржыландыру (мысалы, шаруа қожалықтарын ұымдастыруға, табиғат апаттарының шығындарын өтеуге, су шаруашылығын жүргізуге, жаңа өндірісті ұйымдастыруға, жеңілдетілген салық салу арқылы ынталандыру, селолық товар өндірушілерді қаржылық жағынан қолдау үшін мемлекеттік бюджеттік қаржыландыруды сақтау) және т.б. мәселелер жатады. Осы аталғандар туралы заң актілері бар, тек ендігі жұмыс-олардың орындалуын, оларға қолдау көрсетілуін қамтамасыз еіуіміз қажет.

Агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық тиімділігін арттырудың бір жолы - әлеуметтік мәселелер тобы. Нарықтық қатынастардың дамуы ауыл шаруашылығында жұмыссыздық, кедейліктің пайда болуына, инфрақұрылымның бастапқы уақытта әлсіз болуына әкеліп отыр. Яғни, селодағы барлық өзгерістерді аяғына жеткізу үшін, «олар қуатты және нысаналы әлеуметтік саясатпен қатар жүргізілуі тиіс.» Қазіргі таңда бірінші кезекте барлық деңгейлерде шаруаны әлеуметтік қорғаудың және шаруаға әлеуметтік кепілдік берудің жаңа механизмдерін дайындау қажет. Жалпы қорыта айтсақ, шаруашылықтың қандай саласы болмасын олардың тиімділігін арттыру үшін мына мәселелер шешілуге тиіс:

- Экономикалық салада – монополияны жойып, бәсекеге жағдай жасау, шағын және орта кәсіпкерлікті көтермелеу, ол үшін қаржы және банктік жүйе жасау;
- Әлеуметтік салада – қала мен село арасындағы жіктелуді баяулата отырып, ең кедей топтарды әлеуметтік жағынан қорғау;
- Саяси салада – саяси күштердің құқықтық базаны тұрақтандыру үшін сенімді, әсіресе, шешуші негізгі сәттерде келісімге келуге;
- Мәдени салада – жеке меншіктің болашағын насихаттай отырып, кәсіпкерлердің жаңа ұрпағын тәрбиелеу.

Қазақстан агроөнеркәсіп өндірісі дамуының маңызды ерекшелігі алабөтен – топырақтық-климаттық жағдайы мен өсімдік өсіретін топырақ бетінің әр түрлілігі, олардың көлденеңнен және тігінен аймақтануын анықтайтын кең байтақ жер аумағы алып жатқандығы болып табылады. Температураның (100 С) тиімді жиындығы солтүстіктегі 25000-нан оңтүстік және оңтүстік-шығыста 45000-ға дейін аралықта құбылып отырады. Мұның өзі субторпикалық және торпикалық дақылдардан басқа, ауыл шаруашылығының барлық дақылдарын, дәнді дақылдан бастап жүзім және мақта өсіруге дейін мүмкіндік береді.

Қазақстан жер аумағының көп бөлігі егіншілікпен айналысуға нартәуекелмен баратындай аймаққа орналасқан. Республиканың солтүстігі мен орталығында жауын-шашын 140-350 мм-ден оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстың және шығыстың таулы және биік таулы аймақтарында 450-900 мм-ге дейін жетеді [3].

Жер аумағының топырақ беті де қатты ерекшеленеді – республиканың солтүстігінде кәдімгі, қою қоңыр топырақ, қоңыр топырақ және ашық қоңыр топырақ болса, оңтүстігінде құба құмды топырақ, сұр топырақ және таулы сілтілі қара топырақты болып келеді. Қара топырақты жер көлемі бар-жоғы 15 миллион гектарға жуық жерді құрайды. Бұдан басқа, Қазақстанда 77 миллионға жуық гектар топырақтың эрозияға ұшырауына бейім оның ішінде 17,7 миллион гектарға жуыға егістік жер, 74 миллион гектардан астам сортаң және кебір топырақты жер, оның 8 миллионға жуығы өңделген жер бар.

Республика агроөнеркәсіп кешенінің тағы бір ерекшелігі - өндірістің мамандандырылуы мен шоғырландырылуының жоғары деңгейде болуы. Қазақстанның ауыл шаруашылығы кәсіпорындары егістік жер көлемі жағынан кеңестік кезеңде ТМД елдері бойынша орташа есеппен алғанда алты есеге жуық артық болды. Жалпы өнім өндіру көлемі бойынша 2-3, одан да көп есе болды. Осы жағдай қазіргі өтпелі кезеңде кеңшарлар мен ұжымшарларды реформалауды және оларды шаруа (фермерлік) қожалықтарына, кооперативтерге және басқа нарықтық үлгідегі аграрлық кәсіпорындарға айналдыруды әлдеқайда қиындатып отыр.

Қазақстан агроөнеркәсіп өндірісінің келесі ерекшеліктері – мұнда жақын шетелдерге қарағанда агроөнеркәсіп кешеніндегі салалық сәйкессіздіктер көзге бірден ұрады, ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын өңдеумен, оларды сақтау және тасымалдаумен айналысатын қор шығаратын сфералар мен салалар, сондай-ақ жалпы агроөнеркәсіп инфрақұрылымы нашар дамыған. 90-жылдардың басында агроөнеркәсіп кешені құрылымында ауыл шаруашылығының үлес салмағы 64%-ке жуық, бірінші сферада 8%-ке жуық және үшінші сферада 28%-тен астамырақ болды. Республикада автомашина және комбайн жасау өнеркәсібі мүлдем жоқ. Қолда бар элеваторлық қуаттар астықты өңдеуді, ал ет комбинаттары етті өңдеуді толық қамтамасыз ете алмайды. Осының салдарынан өндіріс өнімі көлемінің 30%-і ысырапқа ұшырайды. Бұрынғы КСРО кезінде Қазақстан кооператорлары шикізатты республикадан тыс жерге шығарып, оны сонда өңдеп, дайын өнімді қайта алып келетін. Республикадан тыс жерге екі жақты тасымалдауға кететін шығыннан басқа бірқатар өнім алу үшін бастапқы шикізат болып табылатын өнім қалдықтары да өнім өңделген жерде қалып қоятын. Сондай-ақ Қазақстан еңбеккерлері өндірген үстеме өнімнің бір бөлігі де сол ауыл шаруашылық өнімдерімен бірге сыртқа шығарылып тұратын [4].

Материалдық өндіріс сфераларының шамадан тыс шашыраңқы орналасуы жағдайында транспорттың жетіспеушілігі мен жол жүйелерінің нашар дамуы Республиканың агроөнеркәсіп өндірісінің дамуын қиындата түсетін ерекшеліктердің қатарын толтыра түседі. Мысалы, Қазақстанда бір погон километр автожол жүйесіне бар-жоғы 38 метр асфалтталынған жол келеді. Ал, бұл көрсеткіш Өзбекстанда – 129 метр, Украинада – 324 метр, Эстонияда 600 метрге жуық. Халықтың орналасуы да (бір шаршы километрге бар-жоғы алты адам) Республика агроөнеркәсіптік өндірісін орналастыру мен дамытуға кәдімгідей әсер етеді.

Міне, осындай қиыншылықтарға қарамастан, егістік жерлердің орасан көп болуы, топырақтық-климаттық аймақтың көптүрлілігі мен олардың биоклиматтық потенциалының мол болуы, ауыл шаруашылық өсімдіктері жергілікті сорттарының және мал тұқымдарының генетикалық мүмкіндіктерінің болуы, ауыл шаруашылығын жүргізудің ғасырлар бойғы дәстүрі қалыптасқан Қазақстан халқының еңбекқорлығы шаруашылықты дұрыс жүргізген жағдайда жақын болашақта агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларын табыспен дамытуға, жалпы алғанда Республика тұрғындарын азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз етуге және Қазақстанның тіпті әлемдік аренада ауыл шаруашылық өнімдерін экспортқа шығарушы елге айналуына мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Агробизнесің экономикалық негіздері. Алпыспай Сейдахметов. Алматы. «Экономика». 2015 ж.
2. Аубакиров.Я.А. Аграрный сектор в условиях рыночной экономики. Алматы, 2014
- 3.Оспанов.М.Т., Аутов.Р.Р., Ертазин.Х. Агробизнес теориясы мен тәжірибесі. Алматы., 2014 ж.
4. Ғ.Н.Нұрышев Ауыл шаруашылығында нарықтық қатынастардың қалыптасуының кейбір мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997 ж.



ӘОЖ 330.3. 336

## ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ ЭКОНОМИКАҒА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ ЖӘНЕ ЛИЗИНГТІК ТӘУЕКЕЛДІЛІГІН ШЕШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрғанбаев Қуаныш Дәріпбайұлы магистр, аға оқытушы  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Танатова Салтанат Орынбасарқызы PhD, аға оқытушы  
Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аннотация** Өнеркәсіп өндірісті дамыту жолымен кредиттік лизингтік тәуекелдерді төмендетудің алғышарттары тақырыбында жазылған мақалада шағын бизнестегі кредиттік-лизингтік тәуекелдерді төмендету жолдары қарастырылған, сондай-ақ жаһанық экономикалық проблемалар әртүрлі мысалдармен қамтылған.

**Аннотация** В статье на тему предпосылки снижения кредитных лизинговых рисков путем развития промышленного производства рассмотрены пути снижения кредитно-лизинговых рисков в малом бизнесе, а также на различных примерах освещены глобальные экономические проблемы.

**Annotation** The article on the prerequisites for reducing credit leasing risks through the development of industrial production examines ways to reduce credit and leasing risks in small businesses, as well as highlights global economic problems using various examples.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы мақсатында Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) әзірленді. Республиканың Ұлттық даму жоспарында қойылған міндеттерді орындау Қазақстан 2025 жылға дейін. Осылайша, құру мәселесін шешу үшін салалардағы мамандандырылған факторлар және нарықтық жағдайлар сала бойынша шаралар кешенін кеңейту жоспарлануда өндірісті өндірушілерді мемлекеттік ынталандыру туралы келісім бойынша пакеттік шешімдерді қоса алғанда, сала бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Өсу мүмкіндіктерін кеңейту міндетін іс жүзінде жүзеге асыру және шағын және орта бизнесті (*бұдан әрі – ШОБ*) дамыту жүзеге асырылатын болады қаржыға қолжетімділікті жақсартуға бағытталған шаралар арқылы бағдарламалар мен шараларды кеңейту және жақсырақ бағыттау арқылы бизнес мемлекеттік ынталандырулар. [1]

Жаңа индустриалды технологияда электроника мен компьютерлік техниканың қолданылуы ғылыми-техникалық революцияның айқын дәлелі. Осы заманғы зауыттар мен фабрикалар автоматты өндіріс құралдары мен компьютерлендірілген технологияны пайдаланады. Онда бірнеше жұмыс күшінің орнына компьютерленген машиналар қызмет атқарады. Ғылыми-техникалық дамудың ең соңғы жетістігі, бұл әлемдік байланыс торабы интернеттің пайда болуы. Интернет арқылы адамдарға өмірдің барлық саласы бойынша өздеріне қажетті ақпарат алып отыруына мүмкіншілік бар.


Қазіргі кезде жаңа принциптегі техника мен технология жасалынып, өндіріске кеңінен енгізілуде. Осының арқасында қоғамдық өндірісті дамытуда ғылымның рөлі арта бермек. Болашақтағы өндірістік қалдықты аз шығаратын немесе қалдықсыз технология болмақ. Бұл шикізатты үнемдеуге және экологияны таза ұстауға көмектеседі. Алдағы уақытта экономикасы дамыған 50 елдің қатарында болу үшін экономика білім мен ғылымның негізінде дамуы тиіс. Өйткені бүкіл әлем ғалымдары өз салаларының озық және ең тиімді жолдарын өндіріске енгізуге талпынуда. Себебі, дамудың тиімді жағының бірі, ол өндірісті ұйымдастырудың кластерлік даму формасының өзектілігі, осылай даму арқылы болғанын қалайды.

Елбасымыз Өндірістік кәсіпкерлікті дамыту керектігі жайлы осы уақытқа дейінгі Үкімет құрамының барлығына дерлік тапсырма беріп келгені баршаға аян. Әр кезеңде билік басында болған Үкіметтеріміз дәл осы салаға қатысты мемлекет басшысының тапсырмаларынан кенде болған жоқ. Десек те, тапсырманың орындалуы көңіл көншітпейді. Әлемнің барлық нарықтық мемлекеттерінде Өндірістік кәсіпкерлік ұлттық экономиканың 70-80 пайызын еншілейді. Ал бізде бұл сала әлі 20 пайызға жете қойған жоқ.

Өндірістік кәсіпкерлікті қолдау, дамыту жөнінде Үкімет бұл салаға қолдау болатындығы жайлы бүкіләлемдік қаржы дағдарысы өмірге келген күннен айтып келе жатыр. Екінші деңгейдегі банктерге бірнеше миллиард қаражат көлемінде несие беріліп, сол арқылы отандық олигархтардың Өндірістік кәсіпкерлікке несие беру үрдісін жандандыра түсетіндігіміз жайлы жиі айтылуда. Үкіметтің соңғы мәжілістерінің өзінде екінші деңгейдегі банктердің Өндірістік кәсіпкерлікті несиелендіру ісі жалғасатындығы жайлы сенімді сөздер дуалы ауыздардан шықты. Қысқасы, елімізде Өндірістік кәсіпкерлікті дамытуға қолдау жасалынады деп отыр. Бірақ бізде Өндірістік кәсіпкерліктің дамымай тұрғанына бір емес бірнеше себептердің бары баршаға белгілі. Соның ішінде несиелендірудегі кедергілердің орны ерекше болып отыр. Дегенмен де несие бөлінсе де, соларды кәсіпкерлерге бөліп беру кезінде де, бюрократияның кедергілерін жою кезінде де саяси жүйенің жұмысы тиімді болмаса қаржыдан пайда жоқ.

Демократияның ең негізгі мақсаты қоғамда Өндірістік кәсіпкерліктің дамуы үшін мемлекет тарапынан экономикалық тетіктердің әсер етуін қамтамасыз ету. Сол кезде ғана кәсіпкердің жұмысына толық жағдай жасауға болады. Әрі паракорлық та азаяды, әкім өзі басқаратын облыста ойына келгенін істемейтін болады. Дегенмен, бұл үшін ең алдымен мемлекеттің экономикасы көтерілуі керек. Нарық жүйесінің негізгі мақсаты да сол мемлекеттік бюджеттен тыс азаматтар өз кәсіптерін істеп, жеке меншікті нығайту. Бұл басты стратегиялық мақсат болуы тиіс. Егер кәсіпкер көбейсе ішкі саясат тұрақтана түседі. Бірақ кем дегенде орта таптың үлесі 30-40 пайызға жетуі керек. Орта тап дегеніміз кәдімгі өзінің кәсібі бар, қалтасы қалыңдау, іскер азаматтар. Мұның қоғамға беретін пайдасы орасан. Мәселен осы Өндірістік кәсіпкерлік ең бір дамыған мемлекет Италияда бюджеттің 60-70 пайызы осы орта таптың төлеген салығынан құралады. Бізде Өндірістік кәсіпкердің төлеген салығы 10-15 пайыздай ғана. Ұлттық жиынтық өнімнің 10-11 пайызы ғана осы шағын кәсіпкерлердің табысынан құралады. Сонымен орта тап немесе Өндірістік кәсіпкерліктің біздегі хал жағдайы қандай? Жыл сайын “осы кәсіпкерлікті қолдау керек еді” деп келеміз. Жоғарыда айтып кеткеніміздей Өндірістік кәсіпкерлікті дамытуда шағын үстемелі несиенің орны ерекше. Мұны әлемдік экономика барысы өз тарихында дәлелденген. Шындап дамығысы келген елдерде кәсіпкерлікке несиені мүмкін болғанша аз үстемемен береді. Көп жағдайда дамыған елдерде кәсіпкерлікке берілетін несиенің пайызы 5 пайыздан аспайды. Ал бізде 5 пайызбен кәсіпкер несие алыпты дегенді әлі күнге дейін естіген емеспіз.

Елімізде «Қазына» тұрақты даму қоры құрылғаны белгілі, оның басты мақсаттарының бірі осы кедергіні шешу болып келеді. Қазіргі таңда бұл компанияның немен айналысып жатқаны жайлы хабардың мейлінше аз. «Қазына» тұрақты даму қорынан несие алып, даму жолында түскен кәсіпкерлерді көріп отырғанымыз шамалы. Қор негізінен қазір үлкен жобаларды несиелендірумен келе жатыр, ал бізге керекті-Өндірістік кәсіпкерлікті дамытуда жүйелі түрде несиелендіру жүйесін қалыптастыру. Сонымен қатар елде 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өнімдері 46401,7 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде кен өндіру саласында – 21773,3 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 46,9%), өндеуде – 21640,7 млрд. теңгеге (46,6%).




Шикі мұнайды (106,8%), табиғи газды (110,8%), темірді қоспағанда, кендерді (101%), өзге де пайдалы қазбаларды (112,7%) өндіру салаларының артуына байланысты 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда ӨӨИ 104,6% құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде есепті кезеңде 2022 жылмен салыстырғанда ӨӨИ 104,1%-ды құрады. Өсу тамақ өнімдерінде – 1,5%, темекі өнімдері – 3,7%, жеңіл өнеркәсіп – 12,2%, резеңке және пластмасс бұйымдары – 5%, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіруде – 6,1%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруде – 3,3%, машина жасауда 25,4% белгіленді.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда өндіріс көлемі құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және тарату көлемдерінің - 10,8%, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету 2,8% артуы есебінен ӨӨИ 101,8% құрады.

Сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда ӨӨИ 101,9% құрады. Суды жинау, өңдеу және тарату көлемдері - 8,5%, ақаба суларды жинау және өңдеу 2,9% артты.

Өндіріс көлемінің өсуі республиканың 15 өңірінде тіркелді, төмендеу Ақтөбе, Қарағанды, Ұлытау, Маңғыстау облыстарында және Астана қаласында белгіленді.[2]





Жалпы келгенде біздің еліміздегі Өндірістік кәсіпкерліктің дамымай келе жатқаны, яғни оның дамуына бірден бір себеп болатын несиенің жетілмей тұрғандығы. Несиенің қолжетімділігі оларды ресімдеудің күрделілігінен және пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылығынан шектеулі болып отыр. Өндірістік кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру саласындағы ахуалды түбегейлі өзгерту үшін қаржыландырудың банктерде қалыптасқан тетіктерінен өзге қосымша нысандары мен тетіктерін дамыту қажет.

Осы тұста жалпы Өндірістік кәсіпкерлікті төменгі тәуекелділікпен несиелендіруде мына ұсыныстар қаралса, олар:

Біріншіден, Өндірістік кәсіпкерлікке берілетін несиенің үстеме пайызы 4-6 пайыздан аспаса және оны мемлекеттік қадағалау агенттігі бақылап отырса.

Екіншіден, Жапониядағы секілді Өнеркәсіп өндірісі жөніндегі зерттеу институты (JSBRI) қызмет етсе.

Үшіншіден, шаруашылық субъектілерін несиелендірудің салааралық банкі құрылса.

Дегенмен, еуропаның кейбір елдерінде кәсіпкерлік лизинг және тұтынушылық лизинг бар. Мысалы, Германия, Ұлыбританияның атақты автокөлік зауыттары жеңіл автокөліктерді жеке адамдарға лизингке береді. Біздің, тек біздің ғана емес-ау, ТМД елдерінің лизинг заңнамаларында жеке мақсатта пайдаланатын, яғни тұтынушылық лизингке рұқсат етілмеген. Бізде лизинг ұғымы тек қана кәсіпкерлік мақсатта пайдаланумен байланыстырылады. Мысалы, бізде жеңіл автокөлікті лизингке алу мүмкін емес, оны тек қана жалға немесе несиенің алуға болады. Егер фирманың атына алатындай болсаңыз ғана жеңіл автокөлікті лизингке алуға мүмкіндік бар. Біз тек «лизинг кәсіпкерлік мақсатта ғана пайдаланылады» деген анықтама үшін лизингке берілетін нысандардың көптеген бөлігін сызып тастап отырмыз.

Соңғы кездерде Қазақстанда көптеген коммерциялық компаниялар пайда болды. Оның кейбіреулері банктермен еншілес банктік-лизингтік компаниялар. Олармен қоса, қазіргі кезде ірі-ірі құрал-жабдық өндіруші компаниялардың дистрибьютерлері осындай лизингтік компаниялар құра бастады. Мысалы, Ресейдің жүк машина, автобус, жеңіл автокөліктерін шығаратын компаниялары да жеке лизинг компанияларын құрып отыр. Бұл тұтынушыға жақындай түсу дегенді білдіреді. Демек, қазір лизингтік компаниялар тек банктермен ғана емес, өндірушілермен де тығыз байланыста. Бұл-өте орынды қадам. Мемлекеттік лизинг компаниялары, ірі қаржы құрылымдарының лизингтік компаниялары да жұмыс істеп келеді. Дегенмен бұл саланың аяғынан тік тұрып кетуіне басты кедергі ұзақ ақшалардың осы салаға тартылу механизмінің қарастырылмай жатқандығы. Сондықтан да оның берілу және қайтарылу механизмін өте нақты сараптап барып, іске кірісуге тиіспіз. [3]

Жалпы аталған мәселелер ескерілсе, онда шаруашылық субъектілерін несиелендіру тәуекеліндегі жүйесін жетілдіруде біршама тұйытқылды мәселелері шешіліп қалар еді деген сенім білдіруге болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының 2023–2029 жж өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы <https://www.pressclub.kz>;
2. <https://www.pressclub.kz>;
3. Қазақстан баспасөз клубы «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры «Қазақстандағы кәсіпкерлік: жаңа бастау» халықаралық конференциясын өткізді» // [www.pressclub.kz](http://www.pressclub.kz);
4. Әділбек Смағұлов э.ғ.к. «Экономикамыздың бір саласы қаржыға малтығып жатса, бір саласында қаржы ресурстары жетіспейді» // [www.aikyn.kz](http://www.aikyn.kz).



ӘӨЖ 378.02:37

### Мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану ерекшеліктері

Кушеров Несіпбай Мананбайұлы, доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты  
Сманова Улданай Калдыбаевна, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Рзатай Айнұр Қуатқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Пірәлі Фатима Елубайқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жаңа технологияны меңгеру арқылы тәрбиешінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған.

**Кілт сөздер:** жаңа технологиялар, мектепке дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.

**Аннотация.** В статье изучены современные технологии обучения и воспитания дошкольников и применения новых методических средств в детских учреждениях.

**Ключевые слова:** новые педагогические технологии, особенности развития детей дошкольного возраста.

**Annotation** The article examines modern technologies for teaching and educating preschool children and the use of new methodological tools in children's institutions.

**Key words:** new pedagogical technologies, features of the development of preschool children.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл мектепке дейінгі педагогика теориясы мен тәрбие үрдісіндегі жаңа өзгерістерге, жаңа модульдік білім беруге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, бала мен тәрбиеші арасында жаңаша гумандық қарым-қатынас пайда болды. Тәрбиеші педагогтардың алдына қойылып отырған мақсаттардың бірі бала тәрбиесінде, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [1]. Белгілі психолог Л.С.Выготский: «Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі ғана баланың жеке басының дамуын қалыптастыра алады» дейді. Қазіргі жаңа заман талабына сай баланың психологиялық ерекшеліктерімен табиғи қабілеттерін ескере отырып, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып балалардың қарапайым білімге ынта ықласын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлауын кеңейту, шығармашылық қабілетін арттыру. Білім берудің ізгілендіру технологиясының негізін қалаған Ш.Амонашвили. Бұл технологияның мақсаты баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру, сенім артып, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату. Жаңашыл ұстаз С.Лысенкова оза оқыту технологиясының авторы. Оның негізгі мақсаты барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі, әрбір балаға дербестікпен қарап, мүмкіндігін ескеріп күші жететіндей қолайлы жаңаша жұмыс істеуді үйретеді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологиясын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру, жаңаша іздемпаздықпен жұмыс істеу тәрбиешінің интеллектуалдық дамуына ынтымақтастық педагогикасы, білім берудің ізгілендіру технологиясы, түсіндіре оза оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы баланың шығармашыл, белсенді еркін дамуына жол ашады. Ұсынып отырған әдіснама құралының мақсаты қазіргі заманның педагог-психолог ғалымдарының С.А.Козлова, Т.А.Куликова, Л.С.Выготский, И.И. Подьякова, И.М.Аксарина, Ә.Меңжанованың еңбектеріне сүйене отырып, тәрбиешінің заман талабына сай жаңа технологияларды тиімді пайдалану [3]. Жаңа технология әдістерін Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, "Жалпы педагогика" кафедрасының педагогтары болашақ тәрбиешілердің жаңа көзқарасын, озық ойлы, іздемпаз болуына көмектесу бағытында жүйелі жұмыстар атқарып, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне арналған әдістемелік құралдар мен нұсқаулар әзірлеп, ұсынуда. Ұсынылып отырған әдістемеді балабақша тәрбиешілеріне көмек көрсету мақсатында, өйткені қазақ тілінде мектепке дейінгі тәрбие жұмысында әдістемелік дидактикалық құралдар жоқтың қасы. Бұл әдістемелік материал болашақ жас ұрпақ тәрбиелейтін жоғары, орта арнаулы білімгерлеріне арналады. Яғни, тәрбиешінің сабаққа жан-жақты дайындалу мен ұқыпты жоспарлау мәселесіне мән беріп өзінің әрбір сабағын ғылыми негізде ұйымдастыруына біршама көмек келтіреді деп сенеміз.

Бала педогогика ғылымының зерттеу объектісі ретінде қарастыру арқылы оның жан-жақты жетілуінің барлық мүмкіндіктерін соңғы ғылыми-педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, қайта қарастырамыз.

Мектепке дейінгі педагогика туылғаннан 6-7 жасқа дейінгі балаларды үй-іші мен балабақшаларда қазіргі өмір талабына сай жетілдіру процестерін зерттейді. Оларды оқыту мен тәрбиелеудің ең тиімді әдіс-тәсілдерін, бақшада тәрбие жұмыстарын жан-жақты ұйымдастырудың теориялық практикалық ойын, оқу-еңбек әрекеттерін, күн тәртібін, тәрбиешілердің ата-анамен өткізетін жұмыстарының түрлерін де қарастырады.

Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, жетілдіру, оқыту оның негізгі заңдылықтары туралы ғылым. Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі баланың дене бітімі, психологиялық жағынан жетілу ерекшеліктерін қарастыратындықтан бала ағзасының дамуы тез, үдемелі болғанымен, әлсіз де нәзік, кінәмшыл келеді. Алайда бала дәл осы шақта өте қарқынды дамиды, қимыл әрекеті, ойлауды, сөйлеуді, қарым-қатынасты меңгертеді. Бұл жастағы бала ортаның ықпалын қабылдағыш, тез әсерленгіш ми қатпарлары шартты байланыстардың тұрақтылығымен және орталық жүйке жүйелерінің икемділігімен ерекшеленеді. Баланың осы кезде қабылдағаны бүкіл өміріне, сана-сезіміне, мінез-құлқында із қалдырады. Ол өмірден алғашқы тәжірибесін жинақтап, сана-сезімі, айналадағы ортамен қарым-қатынасы, үлкендердің тіршілігі, айналасы, табиғат туралы алғашқы түсініктері қалыптасады. Мектепке дейінгі тәрбие адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы кезде игерген баланың рухани байлығы өмір бойына із қалдырып, оның дұрыс жетілуіне негіз болады. Тәрбие жас ерекшеліктеріне сәйкес түсінігіне, лайықты жүргізілсе, балалар тәрбие әсеріне көнгіш, еліктегіш белсенді келеді.

Әрбір бала өзінің алған әсеріне, тәрбиесіне, қарым- қатынасына, ортасына қарай «өзіндік педагогикаға» сәйкес дамып жетіледі. Бірақ баланың жас ерекшелігіне қарай дамуы - 3 жаста ол өзін үлкенмін деп сезінеді, 5 жаста бәрін орындай аламын деп біледі. Сондықтан да мектепке дейінгі педагогиканың алдына жас ерекшелікке қарай бөлу, бағдарлама жасау жүктелген, бала бір жастан екінші жасқа өткенде оның барлық жағынан болып отыратын үлкен өзгерістерге толы. Орыс ғалымы П.Блонский баланың тісінің түсуі, ауысып қайта жаңғыруы, тістің негізгін құрайтын негізгі бір бөлігі, оның дене бітімінің организмнің жетілуі, ақыл-ой дамуының белгісі деп түсіндіреді. Д.Б.Эльконин баланың жас ерекшелігін жемісті іс-әрекетті жетекші басқаруынан деп түсіндіреді.

Балғын дәуірдің өзгеруін сапаның дамуын өзінің психологиялық адамдық қатынастар жиынтығы педагогикалық жас ерекшелік білім беру құрылымына сәйкес мектепке дейінгі педагогиканың еншісіне берілген. Мысалы, туылғаннан 3 айға дейін; 3-5 айға дейін, 5- 9айға дейін, 9 айдан 1 жасқа дейін; 1 жас 6 айдан – 2 жасқа дейін; 2 жастан – 3 жасқа; 3-4 жасқа; 4 жастан – 5 жасқа дейін; 5 жастан 6 жасқа; 6 жастан 7 жасқа дейін. Мектепке дейінгі педагогика ғылымының алдында тұрған негізгі стратегиялық мақсат оқыту, тәрбиелеу әрбір баланың жас ерекшелігіне, дара ерекшелігіне қарай тәрбиелеу. Жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Алғашқы гулдеудің өзі ең алғашқы сөйлеуге дайындығы, алғашқы буындар ба ва га, деп бастауы, үлкендердің сөзін түсініп жауап қайырғаны болып есептеледі. Ғалымдар Ж.Пиаже, А.А.Венгер, В.С.Мухина алғашқы ойлау баланың алғашқы практикалық іс-әрекетіне объектімен байланыс жасауынан байқалады - деп тұжырымдайды. Алғашқы сезім, ес, бағдар, зейін психикалық процестер затпен әрекет арасындағы байланысты түсіне бастайды. Алғашқы еліктеу үлкендердің сөзіне, істеген ісіне қарай алғашқы заттық әрекет, ойын әрекетіне байланысты алғашқы әлеуметтік іс-тәжірибе жинақтай бастайды. Мектепке дейінгі педагогиканың алдында тұрған негізгі міндет балалардың жас шамасына қарай өсіп дамып жетілу процесінің ерекшелігін анықтап алу [2].

Сәби дүниеге ешбір дәрменсіз нашар болып дүниеге келеді. Жаңа туылған баланың салмағы 2500 гр - 4500 гр дейін, баланың денесінің ұзындығы 55 см. Кенгурудың баласы туылғанда 1-ден 5,5 гр ұзындығы 25 мм. Пілдің баласы салмағы - 100 кг ұзындығы 1 м ал адам баласы үлкен бе кіші ме салыстыра беріңіз.

Адам баласы мектепке барғанда салмағы - бойы - 1м 20 см болады, ал 20 жаста салмағы 7 жаста 25 кг, 50 кг, бойы - 1 м 80 см болады. Адам баласын жануарлармен салыстырсақ дене бітімі дамуы жағынан көп артта қалады. Антрометриялық даму жағынан ал басқа даму жағынан әрине алда. Жаңа жұмыртқаны өзі жарып шыққан үйректің балапаны өзінің алдында кетіп баражатқан заттың артынан еріп жүре береді. Б.Лоренц бұл құбылысты (импритининг) ойды сабақтап қалу. Үйректің анасы балапанды жылыту үшін, тамақты қалай тауып жеуді үйретеді. Балапан алдында қимылдаған затқа еріп жүре беруі оның инстингтік мінез құлқы. Лоренц сол үйректің балапанның алдына домалап бара жатқан допты жібереді, бәрі бір үйректің балапаны доптың артынан еріп жүре береді. Лоренц үйректің балапанын екінші бүтін жұмыртқаның қабығына салып көрді, ол екінші рет өзі тұмсығымен шұқылып жатып шыға алама екен деп тәжірибе жасап көрді, бірақ үйректің балапаны бұл істі орындай алмады, өйткені оның инстингтік мінезінде бір рет қана тесіп шығу жатталған.

Ал, адам баласында қандай тамаша өзгерістер болады. Оның өзіндік ерекшелігі жоғары оқуы. Балада бір жыл ішінде қаншама дағды қалыптасады, қаншама білім жинайды. 100 ден аса сөздің мағынасын түсінеді, бірақ айта алмайды, козімен ізденісімен жауап қайтарады. Мысық қайда десен 5-6 айлық бала мысықтың күнделікті жатқан орнын көрсетеді. Бұл дамуға басшылық баланы қоршаған орта, үлкендер күнделікті қарым-қатынас арқылы (әйдетизм) образдық ес арқылы түсінеді. Образдық ес айналадағы әлемнің түрін, түсін қабылдайды адам баласына берілген (әйдетизм) әрине үлкендер ес процесін күнделікті жаңғыртып тәрбие берудің арқасында баланың белсенділік қабылдауы өз күшіне еніп дамиды. Көптеген Ресей ғалымдары В.М. Бехтерев, И.М.Щелованов, Н.М.Аксарина, С.Л.Новоселова, Л.П.Павлов т.б. зерттеулері бойынша тәжірибе жасап зерттеп бір тұжырымға келіп, адам баласы дене бітімі даму жағынан ең белсенді тез дамиды организм. Бала үлкен адам болғанға дейін асығып тез өсуге, жетілін ынталанып барлық өмір сүретін ағзалар қимыл-әрекеті, бұлшық еттері қатайып, алғашқы тістері шығып, П.П.Блонский айтқандай жаңа тіс, жаңа ғылымды, білімді меңгерту үшін шығып, жетіледі деген. Бала өмірді өзінің, сезім мүшелері арқылы сенсорлық тәрбие арқылы, ақыл-ойы дамып белсенді іс-әрекеті жетіледі.

Бұл әдістемелік құрал тәрбиешілердің алдына қойылып отырған жаңа білім беру технологияларын жетілдіруге, әрбір сәбидің даму заңдылықтары мен табиғи

ерекшеліктерін есепке ала отырып, бала дамуының жан-жақтылығын ескретін үйлесімді сабақ үлгілерін жасауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Н.Бұзаубақова. ЖПедагогика. Оқулық/ Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берикханова. –Алматы: 2017.
2. Педагогика. Оқулық / Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы.-Алматы: Print-S, 2005.
3. Педагогика.Оқулық/М.Жұмабаев, Үшінші өңделуі//Е.Маралбек,-:Mufu Print,2023



**ӘӨЖ 37.01**

**ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ  
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМУЫ**

Бактыбаева Кулизат Сагынғалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты,  
аға оқытушы

Пірәлі Фатима Елубайқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Момбекова Сымбат Бақытжанқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация:** Мақалада белсенді, яғни интерактивті әдістердің оқушылар мен педагог арасындағы қарым-қатынасқа, оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы әсері, сонымен бірге өзара кең әрекет жасауға және білім алушылардың білім, дағды, құзыреттерді меңгерудегі рөлі қарастырылған.

**Кілт сөздер:** интерактивті әдістер, мотивация, оқу үдерісі, бастауыш мектеп, топтық, жұптық жұмыстар.

**Аннотация:** В статье рассматривается влияние активных, т.е. интерактивных методов на взаимоотношения учащихся и педагога, повышение учебной мотивации учащихся, а также роль в широком взаимодействии и усвоении обучающимися знаний, навыков, компетенций.

**Ключевые слова:** интерактивные методы, мотивация, учебный процесс, начальная школа, групповая, парная работа.

**Abstract:** The article discusses the impact of active, i.e. interactive methods on the relationship between students and teachers, increasing students' learning motivation, as well as broad interaction and the role of students in mastering knowledge, skills, competencies.

**Keywords:** interactive methods, motivation, educational process, primary school, group, pair work.

Жаңа Қазақстан жағдайындағы мектеп – баланың жаңа өмірлік ұстанымдарын қалыптастырудың, қоғамдық-экономикалық қатынастарды ізгілендірудің маңызды

факторы болуға тиіс. Осыған байланысты білім беру мақсатындағы басымдықтар да өзгеруде. Қазіргі кезде оқушыларға тек білім игеру ғана емес, сонымен қатар оның жеке тұлғалық, оқу-танымдық мотивациясын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға да үлкен назар аударылуы тиіс. Қазіргі кезде білім берудің тиімділігін арттыру міндеті өткір проблема болып тұр. Мектептер тек танымдық тәжірибені ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тану, тәрбиелеу іс-әрекетінің тәжірибесіне, оқу-танымдық мотивациясына негізделген білім алушының жеке жауапкершілік тәжірибесін қалыптастыруы қажет. Аталған идеялар қазақстандық білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасында көрініс тапты [1].

Қазіргі бастауыш мектепте оқу көп жағдайда ақпараттың өзгеруімен, оқу материалының қарқынды жылдамдығы, оқу бағдарламаларының үнемі жаңаруымен және күрделенуімен ерекшеленеді. Осындай білім беру шарттары бастауыш сынып білім алушысының тұлғалық даму деңгейіне (оның ішінде мотивациялық салаға) ең жоғары талаптар қояды.

Бастауыш мектеп оқушыларының жетекші әрекеті – бұл оқу іс-әрекеті болып табылады, бастауыш сыныпта бала адамзат мәдениетінің жетістіктерімен танысады. Сол себепті, оқу мотивациясын қалыптастыру балалардың білім, білік, дағдылар жүйесін игеруінен кем емес маңызды және жауапты міндеті болып табылатыны түсінікті. Бастауыш сынып оқушысының оқу мотивациясының қалыптасуы мен дамуы мектептегі алғашқы жылдарында өте қарқынды жүреді, ал болашақта ол жоғары сыныптардағы оқу іс-әрекетінің сәттілігін анықтайды [2].

Оқушының оқу үдерісінде туындайтын қиындықтары білім алушылардың ішкі ұстанымының қалыптаспауынан туындауы мүмкін. Егер оқу іс-әрекеті оқушының ұстанымынан пайда болған мотивтермен ғана емес, сондай-ақ сабақ және сабақтан тыс жұмыстардан туындайтын мотивтермен де іске асқан жағдайда сәтті болатыны анық.

Көптеген педагог-ғалымдар бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын дамыту мен қалыптастыру мәселесін ұзақ жылдары бойы зерттеп келеді. Алайда қазіргі мектептер үшін бұл мәселе әлі де өзекті болып табылады.

Балалардың оқуға деген мотивациясының қалыптасуының, білім алуға ұмтылысының төмендеуі немесе оң, бірақ алаңдау, қобалжу деңгейіндегі мәнсіз мотивация жыл санап өткір мәселеге айналып келеді.


Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде бастауыш сынып оқушылары арасында оқу іс-әрекетіне ынталандыруды қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Зерттеудің өзектілігі кіші мектеп жасындағы оқушының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру іс-әрекетінің объектісі ретінде жеке басына жалпы назар аударуды жақсарту арқылы анықталады.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер білім беруді жетілдіруді талап етеді. Қоғам нарықтық қатынастарға бет бұрған кезде, көптеген жылдар бойы адамның іс-әрекетін өзінің қалыпты жағдайында басқарған өмірдің ескі мұраттары мен құндылықтарын өзгерте отырып, өмір адамдарды неғұрлым ақпараттандырылған таңдау жолына түсіреді және жаңа бейімделу проблемасын тудырады.

«Интеракция» ұғымы (ағылшын тілінен аударғанда interaction - өзара әрекеттесу) әлеуметтану және әлеуметтік психологияда алғаш қолдана бастады. Символдық интерактивизм теориясы үшін (негізін қалаушы-американдық философ Дж. Мид) адамның дамуы мен өмірлік белсенділігін, адамның басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу жағдайларында өзінің "Мен" жасауын қарастыру тән. Психологияда интеракция-бұл өзара әрекеттесу, бір нәрсемен мысалы, компьютермен немесе жұптағы диалог.

«Интерактивті» ұғымы ағылшын тілінен шыққан «interact» («inter» – «өзара», «act» – «әрекет ету»). Бұл терминді, яғни «интерактивті әдістерді» «оқушылардың бірімен әрекеттесуіне мүмкіндік беретін әдістер» деп те аударуға болады [3].

«Интерактивтік оқыту» «білім алушылардың бірлескен іс-әрекеті нысандарында жүзеге асырылатын таным тәсілі» ретінде қарастырылады (Панина Т.С., 2007). Бұл интерактивті әдістердің мәні, яғни оқыту барлық оқушылармен мен мұғалімдердің өзара әрекеттесуінде жүреді (сурет 1).



Сурет 1. Оқу үдерісіндегі өзара іс-қимыл

Басқа әдістермен салыстырғанда белсенді әдістер оқушылардың педагогпен ғана емес, сонымен бірге өзара кең әрекет жасауға және білім алу үрдісінде білім алушылардың белсенділігінің үстемдігіне бағытталған.

Мұғалімнің белсенділігі білім алушылардың белсенді болуына әкеледі, ал педагогтің мақсаты - оқушыларға жағдай жасау. Ол оқу-тәрбие процесін реттейді және оны ұйымдастырады, жалпы направиениесін айқындайды, жоспарланған жұмысты орындалу мерзімі мен ретіне бақылау жасайды, күрделі ұғымдарды түсіндіреді, кедергілер болған жағдайда көмектеседі [4, 576.].

Белсенді және интерактивті әдістер, осылайша, әр қатысушының өзара әрекеттесу және өзара әрекеттесу тәжірибесін игеру процесіне топтың әсерін күшейтудің психологиялық механизмдеріне негізделгендерді ғана қамтиды. Мұндай әдістерді инновациялық білім беру технологиялары деп атауға болады.

Оқытудың интербелсенді әдістерін пайдалану негізіндегі оқу үдерісі сыныптағы барлық оқушылардың таным процесіне араласуын ескеру арқылы ұйымдастырылады. Бірлескен іс-әрекет – бұл әр баланың жұмысқа жеке үлесін қосуы, тапсырманы орындау барысында білім, идея, қызмет тәсілдерімен алмасады. Жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады, жобалау жұмыстарын, рөлдік және іскерлік ойындар, құжаттады талдау, сонымен қатар түрлі мәлеметтермен жұмыс жасайды. Интерактивті әдістер оқушыларды бір-бірімен әрекет ету қағидаларымен, оқушылардың әрекетке белсенді араласуына, топтық практикаға және сындарлы кері байланыс ұсынуға негізделген. Оқыту өзара әрекеттесу ортасын құрады, ол объективтілікпен, оқушылардың бір-бірімен әрекетке түсуімен, олардың негіздемелерінің бірегейлігімен, бірлескен оқытудың жинақтауымен, бірін-бірі бағалау және бақылау мүмкіндігімен сипатталады.

Оқытудың интербелсенді әдістерін рөлдік, іскерлік ойындар арқылы және ойын емес деп екіге бөлуге болады.

Оқытудың интерактивті әдістері: іскерлік оқу ойыны, рөлдік ойын, психологиялық тренинг.

Ойын емес интерактивті оқыту әдістері: нақты жағдайларды талдау (case-study), топтық пікірталастар, миға шабуыл, кооперативті оқыту әдістері.

Интербелсенді оқыту - бұл өзара әрекеттер негізінде білім беру және осындай ұстаным негізгі нәтижелерге қол жеткізетін аса тиімді жүйе болып саналады, өйткені алғашқы кезекте адамның есінде тек өзі жасаған қызметтері ғана сақталады екен. Ежелгі қытай ғалымы Конфуций 2500 жыл бұрын: «Егер сіз маған айтсаңыз, мен оны ұмытамын, көрсетсеңіз- есімде сақтаймын, ал өзіме жасатсаңыз - мен үйренемін!» - деген екен. [5].

Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың білім беру үдерісіндегі белсенділік әрекеттерін арттырудың бірден бір тәсілі мен әдістері ретінде танылады. Сол үшін интербелсенді оқыту оқушылардың есте сақтау қабілеті бойынша оқу процесінің тиімді екендігін өлшейді, білім алушылардың әрекеттерін бағалайды, сонымен қатар оқыту тек тәжірибе арқылы жүзеге асуы керек деген принципті ұстанады.

Интерактивті білім беру оқушылардың өз тәжірибелері мен сыныптастарымен белсенді өзара әрекет жасауға негізделген. Оқушылар тәжірибе жүзінде өз ойларымен, пікірлерімен және көзқарастарымен бөліседі, идеяларын, қағидаларын, пайымдауларын негіздеуге үйренеді, тұжырымдар, дәлелдер мен мотивтерін қорғауға дағдыланады. Танымдық процесс барысында олар өз тәжірибелерімен бір-бірімен бөліседі, өз кезегінде бұндай қарым-қатынас барысында жаңа білім қалыптасады және саналы түрде үйрену жүреді.

Интербелсенді білім беруде оқушылар мынадай білім, құзыреттер мен дағдыларды меңгереді:

- терең және жеке ойлау;
- өз ойы мен іс-әрекетін талдау, бағалау;
- ақпаратты өзбетінше түсіну, өлшеу, дұрысын вариантын таңдау;
- ақпаратты жан-жақты талқылау;
- жаңа ұғым мен білімдерді өзбетінше дамыту;
- сабақта жеке құндылықтарға, сенімдерге сүйеніп, белсенді өмірлік ұстанымдарды иелену;
- пікірталастарға белсене араласу, өз ойын, пікірін дәлелдеу, негіздеу;
- басқалардың балама ой-пікірлерін ескеру;
- дұрыс шешім қабылдай алу және күрделі мәселелерді шешу;
- сыныптастар мен топ мүшелерімен тату, бірлесіп өзара жұмыс жасай алу;
- сыныптастары мен топ мүшелерімен тиімді қарым-қатынас орнату, өзара әрекеттесу;
- командамен бірге жұмыс жасаудың рухани және адамгершілік ережелерін ұстану;

### Кесте 1. Интербелсенді технологиялардың негізгі қағидалары мен мақсаттары

Қағидалар	Мақсаттар
Орта құру	- Оқушы білім алуда өз қызметінің тиімділігін сезінуіне жағдай жасау; - Сынып ішінде ашық, еркін және шығармашылық қарым-қатынас орнату; - Оқушыларды зерттеуге, зерделеуге бағыттау, оларға дайын білім бермеу.
Әрекет арқылы оқыту	- Оқушыларға білімнің іс жүзінде тек тәуелсіз әрекеттермен ғана игерілетінін дәлелдеу; - Оқушыларды белсенділікке тарту, олардың оқу қызметін ұйымдастыру.
Өмірмен байланыстыру	Тәжірибеге негізінде оқытуды, күнделікті өмірде кездесетін міндеттерді пәндер мен тақырыптар арқылы шешуді қарастыру.



Өзіне деген сенімділікті қалыптастыру	<p>- Оқшыларды дайын, бір сарынды жауап беруден бас тартуға дағдыландыру, сыни ойлау арқылы өз ой-пікірін қалыптастыру, проблеманы шешу арқылы дербес жауап табуға үйрету;</p> <p>- Оқушылардың сыни және аналитикалық ойлауын қалыптастыру (тамыр-таныстық, өзін-өзі тануға деген ұмтылыс, ақпаратта біртекті емес мағынаны көру қабілеті, парасаттылық).</p>
---------------------------------------	--

Бұндай дағдылар оқушының нақты қасиеттеріне айналып, баланың қоғамдағы орнында ғана емес, сонымен қатар өмірдің басқа аспектілерінде де көрініс табады [6].

Дәстүрлі оқытуда мұғалімнің басты мақсаты оқушыны нәтижеге жеткізу болып табылады, онда педагог өзінің барлық күш-жігерін балаға үйретуге жұмсайды, оқушыны мүмкіндігінше тез нәтижеге жеткізуге тырысады. Мұнда оқытудың тиімділігі ең алдымен ақпаратпен байланысты: оқу процесі оқушыға ақпаратты «беруге» бағытталған, оған жаңа мәліметтер берумен шектеледі. Көп жағдайда оқу процесі оқушы сабаққа «бос парақпен» кірген кезде пайда болады, бұл мұғалімнің сыныптағы білімін «толтырумен» айналысатын құбылыс. Оқушы жаңа білімді тек сабақта алды және сабақтан кейін ғана оларды шоғырландырумен айналысты [7].

Интерактивті оқыту "үдерісті", яғни оқу үдерісінің өзін, білім алушылардың "қалай" және "қандай әдістерді" қалай меңгеретінін айқын көрсетеді. Мақсат - оқушылардың белсенді қарым-қатынас жасау, оларды іздеу, басқалардың сұрау арқылы өздігінен білім алуы. Білім алушылар мұндай сабақтарға алдын-ала дайындалады, «бос парақпен» келмейді, сабақтың басында тақырып бойынша өз көзқарастары мен пікірлерін білдіріп, әрі қарай талқылап, пікірталас өткізіп, басқа пікірлерді тыңдап, басқа көзқарастарды ескеруі керек. Бір сөзбен, оқушы әр адамға өмірде қажет дағдыларды дамытады.

Сол себепті интерактивті оқыту балалардың бойында бір қатар әрекеттерді қалыптастырады: ынтымақтастық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік белсенділік таныту; бастамашылдық, кері байланыс ұсыну, проблемаларды шешу, шешім қабылдай алу.

Интерактивті оқыту үдерісі барысында оқушылар үнемі белсенді болады, өз пікірін қалыптастыра алады, өзін дұрыс көрсете алады, өз көзқарасын днегіздей алады, пікірталасқа қатысады, жүргізе алады, басқа оқушыларды тыңдайды, сыйлайды және басқалармен есептеседі. Мұндай оқыту барысында бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты проблема - дұрыс жауап табу емес, керісінше - жеке тәжірибеге негізделген зерттеу, іздену жүреді [8].

#### **Интерактивті оқыту төмендегідей жұмыс кезеңдері аясында жүргізіледі:**

- бірлесе ынтымақта жұмыс жасай алу (жұпта, топта, ұжымда),
- дербес және бірлесе зерттеулер жүргізу,
- рөлдік және іскерлік ойындар,
- талқылау,
- алуан түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасай алу (кітап, оқулық, интернет, құжаттар, мұражайлар және т. б.),
- шығармашылық жұмыстар,
- кейс зерттеу,
- таныстырылымдар,
- компьютерлік бағдарламалар,
- сұхбат,
- зерттеу және т.б. [8, 736].

Интербелсенді оқыту командалық жұмыс идеяларын ұстанатындықтан, топтық жұмыс әдістерінің маңыздылығын атап өту керек: оқушылар бір-бірімен және өзара тиімді қарым-қатынас жасай алады, жеке қасиеттердің де дамуына ықпалы зор және басқа қатысушылардың іс-әрекеттері мен олардың мотивтерін біледі. Топтық жұмыс барлық оқушыларды оқу үдерісіне білсенді қатысуларын қамтамасыз етудің бірден бір түрі.

Топтық жұмыс барысында білім алушылар өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытады (тыңдау, шешім қабылдау, шиеленістер мен жанжалдардан аулақ болу) тәжірибеде қолданады.

Интербелсенді технологиялар білім беру процесін ұйымдастыру оқушылардың қажеттіліктерінің белгілі бір түрлерін қалыптастыруға және пайдалы уәждік ситуациялырдың пайда болуына жағдай жасайды. Тек білім беру формасы ғана емес, сонымен қатар мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі де дидактикалық мотивацияның сапасына әсер етеді. Білім беру процесінде тұлғаның дамуы бірлескен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мүмкіндігімен анықталады, бұл өз кезегінде мұғалім мен оқушылар арасындағы жеке қасиеттермен алмасуды қамтамасыз ететін педагогикалық қарым-қатынаспен танымдық өзара әрекеттесу құрылымымен тікелей байланысты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Чупрасова В. И. Современные технологии в образовании. – Владивосток, 2000. – 54 с.
- 2 Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары, Алматы: Мектеп, 1978, 110б.
- 3 Додонов Б.И. Методы изучения мотивации личности. – Москва.: МГУ, 2008. –180 с.
- 4 Чирков В.И. Мотивация учебной деятельности. – Ярославль.: ЯрГУ, 2001. –151 с.
- 5 Баширова Ж. Р., Төлешова Ұ. Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру //оқу әдістемелік құрал. Алматы, Қазақ университеті 2003- 61б. К 74-200 Б.30
- 6 Құдайбергенова К. С. Инновациялық тәжірибе орталығы педагогикалық технология көзі. //Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған оқу құралы-Алматы, 2003- 66б. К74.26 Қ 74.
- 7 Кариева Қ.Ө. Оқу үрдісін жобалауда педагогикалық технологияны іске асырудың дидактикалық шарттары// Алматы: Б.Ж. 2003-30б. К 74.58
- 8 Әлімов Асхат. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: баспасы, 2009. - 263 бет.



**ӘОЖ 001(574):55**

### **Қ.И. СӘТБАЕВТИҢ ҰЛЫТАУ ӨңІРІНДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЕҢБЕГІ**

**Кобесова А.С. тарих ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы**

**Аннотация:** Мақалада Ұлы Даланың перзенті ретінде қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиғалардың зерттелуіне үлес қосқан Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбектері айтылады. Ғалым өзінің халқының тарихына деген ықыласын білдіреді. Осындай істерінің бірі Ұлытау өңіріндегі басты тарихи, мәдени және археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі рөлі. Ғалымның «Жезқазған көне заман ескерткіштері» атты еңбегінде Ұлытау өңірінің аймағы ежелгі металлургия орталығы болуы мен ғана шектелмейтіндігін бұл өңір қазақ елінің тарихи саяси-мәдени орталығы болғандығын, жазған еңбектерінде көрсетеді. Жарыққа шыққан еңбегі арқылы Жезқазғанның көне ескерткіштеріне толық сипаттама беруді мақсат етпейтінін, және бұл еңбек тек археологтар мен өлкетанушыларға, тарих ғылымын зерттеушілерге бұл өңірдің өзіндік ерекшеліктерін көрсету үшін жазылғандығын айрықша ескертіп атап өтеді.

**Түйін сөздер:** Ғалым, тарих, Алтыншоқы, қазақ, Ұлытау, еңбек, өңір.

**Аннотация:** В статье описаны труды Каныша Имантаулы Сатбаева, внесшего вклад в изучение важных событий истории казахского народа. Великий ученый Каныш Имантаулы Сатбаев выражает интерес к истории своего народа. Одной из его деятельности является роль в изучении основных историко-культурных и археологических памятников Улытауского региона. В своей работе «Древние памятники Жезказганского района» учёный показывает, что район Улытауского региона не ограничивается металлургическим ископаемыми а еще этот регион был историческим политическим и культурным центром казахского народа. Ученый пишет что публикуемая работа не преследует цели дать полное описание древних памятников Жезказгана, а написана лишь для того, чтобы показать археологам, краеведам и исследователям истории, уникальные особенности этого региона.

**Ключевые слова:** Ученый, история, Алтыншоқы, Казах, Улытау, труд, регион.

**Abstract:** The article describes the works of Kanysh Imantauly Satbaev, who contributed to the study of important events in the history of the Kazakh people. The great scientist Kanysh Imantauly Satbaev expresses interest in the history of his people. One of his activities is his role in the study of the main historical, cultural and archaeological monuments of the Ulytau region. In his work “Ancient Monuments of the Zhezkazgan Region,” the scientist shows that the Ulytau region is not limited to metallurgical minerals, but this region was also the historical political and cultural center of the Kazakh people. The scientist writes that the published work does not aim to give a complete description of the ancient monuments of Zhezkazgan, but was written only to show archaeologists, local historians and historical researchers the unique features of this region.

**Key words:** Scientist, history, Altynshoky, Kazakh, Ulytau, labor, region.

Қазақ даласының ұлы тұлғаларының бірі және бірегейі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Ғалым ағамыздың өмірі мен қызметі туралы біршама баспалардан басылып шығып жүрген кітаптар мен мақалалар да бар. Дегенмен өскелең ұрпақ санасына қазақ даласының ұлы ғұлама ғалымдарының бірегейі болған ғалымның сіңірген еңбектері мен атқарған қызметтері туралы насихаттау әр бір ғылым, білім саласындағы тұлғалардың парызы деп білемін. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығына орай Республикамыздың барлық өңірлерінде ғалымның еңбектеріне қатысты іс-шаралар өту үстінде.

Ғалымның азан шақырып қойған есімі Ғабдулғани. Ғабдулғани есімін араб тілінен аударғанда «шексіз байлықтың иесі, Алланың мұқтаж емес құлы» дегенді білдіреді екен. Дегенменен, анасы оны «Ғани», «Ғаныш» деп атап, ақырында ғалымның есімі «Қанышқа» айналып кеткен. Еліміздің солтүстік шығыс өңірінде орналасқан табиғаты ерекше сұлу аймақтардың бірі Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданыны болып табылады. Ғалым ағамыз осы өңірде 1899 жылы 12 сәуірде дүниеге келген. Ғалымның геология және минералогия ғылымдарының дамуына айрықша үлес қосқанын баршамыз білеміз, дегенмен ұлы тұлға доктор, профессор, академик атақтарын иеленседе халықтан өз басын ешқашанда жоғары қоймаған емес, себебі халқын ерекше биік санаған.

Ұлы даланың перзенті ретінде қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиғалардың зерттелуіне ерекше үлес қосуы ғалымның ерекше халқының тарихына деген ықыласын білдіреді. Осындай істерінің бірі Ұлытау өңіріндегі басты тарихи, мәдени және археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі рөлі. Ғалымның «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегінде Ұлытау өңірінің аймағы ежелгі металлургия орталығы болуы мен ғана шектелмейтіндігін бұл өңір қазақ елінің тарихи саяси-мәдени орталығы болғандығын, жазған еңбектерінде көрсетеді. Жарыққа шыққан еңбегі арқылы Жезқазғанның көне ескерткіштеріне толық сипаттама беруді мақсат етпейтінін, және бұл еңбек тек археологтар мен өлкетанушыларға, зерттеушілерге бұл ауданның өзіндік ерекшеліктерін көрсету үшін жазылғандығын айрықша ескертіп атап өтеді.

Оған мысал ретінде Қ.И. Сәтбаевтың «Ұлытау аймағы», «Ғылым мен мәдениет туралы таңдамалы мақалалары» жинағы атты мақаласын айта аламыз. Қ.И. Сәтбаевтың бұл еңбегінде Қарсақбай мыс зауытының солтүстік жағына қарай 120 шақырым жердегі Ұлытау тауының табиғи көркемдігі сипатталады. Ұлытау өңірі өзінің биіктігі жағынан

және иеленіп тұрған жер көлемі жағынан да оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай мыңдаған шақырымға созылған еліміздегі «Сарыарқа» дөңдерінің негізгі орталық аймағы болып есептелетінін, жазған еңбектерінде көрсеткен. Ұлытаудың табиғатын ерекше сипаттауда ғалым ағамыз былай дейді, орыстар үшін Мәскеудегі Кремль ерекше мақтанш сезімін ұялатса, Ұлытау өңірін мен дәл сондай мақтанш сезімімен мақтан тұта аламын. Бұл өңір тек жер қазба байлығының орталығы ғана емес, бұл өңір тарихымыздың да қазығының бірі деп көрсетеді.

Қ.И. Сәтбаевтың 1927 жылы 30 тамызда Атбасар қаласынан жұбайы Таисия Алексеевнаға жазған хатында: «Ұлытау мені маңқиған оқшау кейпімен, алыстан құздыып көрінетін ерекше паң биіктерімен таңқалдырды. Ұлытау қойнауы түрлі пайдалы қазбалар мен шикізатқа бай құтты өлке болғанына тарих куә. Дегенмен бұл өңірге ерте заманнан бастап халық тығыз қоныстанған. Ғұлама ғалымның сөзіне дәлел ретінде Ұлытаудың бір шоқысының басында фәниде бір-бірімен арпалысып, алысып өткен ер тұлғалы Едіге мен Тоқтамыс хан қатар жатса, ұлтымыздың қабырғалы қайраткерінің бірі болған қазақ руханиятының пәлсапасышысы Асанқайғының да қабірі осы Ұлытауда орналасқан деп мақаласында жазады [1, 19-25 б.].

Қазақ халқының негізін құраушы тұлғалар қатарындағы сақ дәуірінен есімі аталып келе жатқан Тұмар ханым, ғұндар тарихымен тікелей байланысы бар ер Еділ, моңғол шапқыншылығынан кейін қазақ жерінде негізі қаланып Алтын Орда тарихынан бастау алған Едіге мен Тоқтамыс сияқты тұлғалар тарихында осы киелі мекен айрықша орын алады. Тарих теңізінің толқынын сан теңселткен, Орта Азияның арыстаны атанған Ақсақ Темір де, осынау Ұлы Даланың кіндігі-Ұлытауға ат басын тіреген.

Ұлы ғалым ағамыз Ұлытау төңірегі мен Арғанаты тауларының жоталарын, Торғайдың жоғарғы қойнауының көптеген ескерткіштерінің ашылуына себепкер болған. Тарихта аңызға желі болған Жетіқыз өзенінің бойындағы тас мүсіндер мен Жыланшық өзені бойындағы Сырлытам атты архитектуралық ескерткіштерді және Бұланты өзенінің оң жағалауындағы тасқа түсірілген суреттердің де зерттелуіне мән берген.

Ұлытау аймағына қарасты Ордабазар қонысынан, Болған ана, Аяққамыр, Шотқара, және тағыда басқа өте көптеген яғни 1400 мыңнан астам тарихи археологиялық сонымен қоса архитектуралық ескерткіштер мен қоныстар орналасқан аймақта, өзінің ғылыми бағытына қатысты көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ұлытау өңірінде қола дәуірінен қалған және жартасқа салынған таңбалары мен ортағасырлық бекіністер де осы арада көптеп сақталған. XII ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасыр аралығында салынған архитектуралық ескерткіштер қатарына Домбауыл, Алаша хан, Жошы хан кесенелері жатады.

Ұлытау біздің тал бесігіміз дей отырып, Ұлытау өңірдегі тарихи археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде Ә.Х. Марғұлан, М.Н. Клапчук, Ә. Оразбаев, С. Жолдасбаев, Ж. Құрманқұлов, Ж. Таймағанбетов, А.С. Ермолаева, Л.Н. Ермоленко, В.С. Волошин, В.В. Варфоломеев, О.А. Артюхова, Б. Қожахметов еңбектерін маңызды деп көрсетеді. Осы Ұлытау жеріндегі тарихи жәдігерлерді кешенді зерттеу ісін алғаш рет Ә.Х. Марғұлан 1946 жылы бастайды. Ә.Х. Марғұланның «Древняя культура Центрального Казахстана», «Бегазы-Дандыбайская культура Центрального Казахстана» атты кітаптарында академик ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбектерінен көптеген үзінділер келтіреді. Бұл дерек Шәмшиябану Сәтбаеваның «Сәулелі әулет» кітабының беттерінде көрсетілген. Сондай-ақ, Қаныш Сәтбаевтың қызы, Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева, белгілі әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі және Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты болып табылады. Қазақ халқының жақсы бір нақыл сөздерінің бірі, «тектіден текті шығады, тектілік тұқым қуалайды» деген осы болса керек [2, 50-60 б.].

Алтыншоқы белгі тасы Әмір Темір жаздырып қалдырған ескерткіш. Алтыншоқының орналақан жеріне тоқталар болсақ, Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Сарлық ауылының

батысында 12 шақырым жерде орналасқан. Аңыздарға арқау болған Жетіқыз өзенінің оң жағасында Ұлытау тау жотасының батысындағы жеке тау аймағы болып табылады. Алтыншоқының биіктігі 453 метр, ұзындығы 3-4 шақырым, ені 2 шақырымдай болады. Бұл ескерткішті 1934 жылы Ұлытау төңірегіне геологиялық саяхаты кезінде Қаныш Сатпаев тауып, алғашқы ғылыми анықтамасын берген болатын. Қаныш ағамыздың жазбаларында бұл жаңалық сол кездегі шығыстану ғылымы үшін теңдесі жоқ жаңалық болды деп көрсетеді.

Алтыншоқы ескерткіш тасын 1936 жылы, кезіндегі Ленинград қазіргі таңдағы Санкт-Петербург Эрмитажына жөнелтіліп, көрмеге қойылады. Ғалым ағамыз жатпай-тұрмай ескерткіштің жазылу тарихын зерттеуге кірісіп те кетеді. Алғашқы зерттеу мақаласын «Казакстанская правда» газетінің 1940 жылғы 6 қарашадағы санында «Өзгерген өлке» деген тақырыппен мақаласы жарыққа шыққан, «Эрмитаждың Шығыс бөлімінің еңбектерінде» (2-том Ленинград 1940) одан кейін «Темірдің Қарсақбайдағы тас жазулары» деген мақалалары жарыққа шықты. Ал 1941 жылы «Народное хозяйство Казакстана» журналының 1-санында «Жезқазған ауданындағы біздің заманымызға дейінгі ескерткіштер» деген көлемді ғылыми еңбегі жарыққа шыққан. Ғалым ағамыз бұл еңбегінде Әмір темір жорықтарының тарихшысы және зертеушісі Шараф әд-Дин Әли Йезди «Зафар наме» кітабынан Қазакстан тарихына байланысты аса маңызды деректер кездестіргенін жазады. Йезди Әмір Темір жорықтарына қатысты мазмұнды жазбалар қалдырған. Йездидің айтуынша, 1391 жылы Алтын Ордаға қарсы жорыққа аттанған Темір өз әскерлерімен 2 сәуірде Ұлытау жерінде бірнеше күн аялдаған. Әмір Темір 200 мың әскерімен Самарқаннан осы Ұлытау аймағына аттанып келіп, Ұлытаудың көкорай шалғынына аунап, кәусар ауасын жұтып, әбден рахатқа батқан бұл өңір табиғатына тамсана отырып, әмірші жауынгерлеріне тас жинатып, үлкен оба тұрғызған. Ондағы Әмір Темірдің көздегені, бұл аймақ ұзақ жылдар бойы мені естеріне ала жүрсін деген пенделік ниетпен әрі өз жорық жолында із қалдыру мақсатымен белгі тасқа жазу қалдырған деп көрсетеді. Зерттеу барысында тастағы жазулар хижра жыл санауы мен 793 жылы, 23-ші жұма әл-улахта, яғни 1391 жылдың 28 сәуірінде тасқа қашап жазылған деп анықталған [3, 244-254 б.].

Жазудың толық мазмұнын белгілі шығыстанушы, академик И.А. Орбелидің тапсыруы мен профессор Николай Николаевич Поппэ аударып оқыған. Белгілі шығыстанушы, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н.Н. Поппэ мен қоса тастағы жазуларды зерттеумен өзге де кеңестік ғалымдар айналысқан. Солардың арасында А.И. Пономаревта болған. Поппэ кеңестік және американдық лингвист, этнограф, алтай тілдері мен моңғолтану және түркітану ғылым салаларының маманы. Н.Н. Поппэ 1936 жылы жазуды ажыратып оқып шықты. 1937 жылдың басында эрмитаждың ғылыми қызметкері Морозов белгі тастағы жазудағы мәтінде: «793 біздің жыл санауымыз бойынша 1391 жылы қой жылы болатын, Тоқтамыс ханға жорық жасап, Тоқтамақ еліне келдім. Осы жерге оба тұрғыздым. Мен жайлы барлық адамдар есте сақтап, мінәжат етіп жүргей» деген сөздер жазылғанын Қаныш Сәтбаевқа зерттеушілер хабарлайды. Сөйтіп, геолог тапқан белгі тастағы жазулар Әмір Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған атақты жорықтарының айқын мәліметтерінің бірі болды. Қаныш Йезди жазбалары арқылы Алтыншоқы тас жазуларының нақты тарихының нақты анықталуына себепкер болады. Ал бұл тас бүгінде Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы тұр. Осы мұрағатты іздеп табу хикаясы Медеу Сәрсекеевтің 1988 жылы шыққан «Сәтбаев» ғұмырнамасында баяндалған, кітаптің 2-ші бөлімінде «XIV ғасырдан хат» деген атпен баяндалған [4].

Бұл тастағы жазу 11 жолдан тұрады. Ол тастың бүкіл бетін алып, араб әліпбиінің әріптерімен жазылған үш жолақты жазу орны анықталған. Ал қалған сегіз жолы ұйғыр тілінде қашалған. Осы тастағы жазудың жазылуын зерттеген ғалымдар арабша жазу тегіс келген бетінде орындалған, тастың беті бойынша, ұйғыр жазуы түсірілген алаңымен салыстырғанда, тастың бөлініп түскен жері түріндегі қиғаш келген орындау әлдеқайда

қиын болған. Ұйғыр әліпбиінің әріптерімен сегіз жолдың жазылуы салыстырмалы түрде тастың тегіс және тегіс тікбұрышты жазықтығына жазылған деп көрсетеді.

Қаныш Сәтбаев Шоқан Уәлихановтың жазып алған «Едіге» жырының мәтінін қайта жаңғыртып, араб және татар тілдеріндегі қазақ оқырманына түсініксіз сөздерден тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясына сай өңдеп 1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» эпосын қайта басып шығарады. 1940 жылы Амангелді Имановтың қайғылы қазаға ұшырағанына 25 жыл толуына орай «Батырдың ерлік дәстүрі» атты мақаласын жазады мұнда қазақ жеріндегі болған тарихи оқиғалар баяндалады.

Ұлытау таулары қазақ халқының негізгі тайпаларының аумақтарының бастау алған орны ретінде, қазақтардың ежелгі саяси орталығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл ауданда сақталған материалдық мәдениет ескерткіштері, атап айтқанда Кеңгір өзені маңындағы, Жезқазғаннан 65 шақырым оңтүстікте орналасқан, «Алтын Орда стиліндегі» күйдірілген төртбұрышты кірпіштен жасалған үш кесене Ұлытаудың тарихи рөлін айқындайды. Халық аңызы бойынша, бұл кесенелер Алашахан, Шыңғыс ханың ұлы Жошы және сарай сазгері Домбауылдың молалары екенін сөзге тиек етеді[5].

Ғалым Қаныш ағамыз ашаршылық жылдары тұсында әпкесінің ауылына барған кезінде аштықтан көз жұмған адамдарды көріп, шалажансар, әлсіреген балаларды көреді. Арасында өз жиендері де болады бұл көрініс ғалымды қатты толғандырады және ол бұл балалардың барлығын өз қамқорлығына алуға шешім қабылдайды. Олардың арасынан қамқорлығына алынғандардың бірі, Кемал Ақышев кейіннен белгілі археолог ғалым болып шыққан. Ол ғылым докторы атанып, 1969-1970 жылдары Алматы маңында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде әлемге әйгілі «Алтын адамды» табуда елеулі үлес қосқан. Қаныш Имантайұлы Сатпаев тек бір бағыттағы ғылымның дамуына үлес қосқан жоқ. Ғалымның бір бойында бірнеше ғылыми бағыт пен ел тарихына деген құрметте айқын көрініс тапқан. Оның бір дәлелі осы Ұлытау жеріндегі орналасқан Алтыншоқы тасының ғылыми айналымға енуі.



1-сурет. Алтыншоқы тауының басы Э.Р. Усманова, А.Ш. Искаков түсірген фото





2-сурет. Әмір Темірдің жаздырған жазуына ұқсатылып жаздырған тастың фотосы В.В. Шуптар

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қаныш Сәтбаев Энциклопедия.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.-664
2. Ш.Қ. Сәтбаева. Сәулелі әулет.-Алматы: Қазақстан, 1996.-175.
3. М. Сәрсекеев. Сәтбаев – Алматы: Жалын, 1988.-528.
4. Д.А. Байтілеу Алтыншоқы тауы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі, 2017.– 1-шығарылым.- 341-344 <https://old.archaeology.kz/mura?id=430>
5. Әмір Темір және Алтыншоқы <https://egemen.kz/article/363050-amir-temir-dgane-altynshoqy>



ӘӨЖ 517 (025)

### Махмұт Қашқаридің еңбегіндегі омоним сөздердің мағыналық топтары

Умирәлиева Г.Д., Илгитаева К.С., Естаева С.Т.  
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы

**Аннотация.** Қашқари сөздігінің әдебиетіміз үшін аса бір құндылығы – онда орта ғасырдағы түркілердің көптеген өлең-жырларының жиналғандығында. Кітаптағы ерлік жырлары тақырып мазмұны, суреттеу тәсілдері жағынан қазақ эпостарымен, толғауларымен ұқсас. Сөздікте өмір, табиғат, ақыл-насихат туралы өлеңдері де бар. Онда сопылық поэзияға тән көзқарастар байқалады. Дүние жимай, ақыл-білім жинауға, өмірдің мәнін түсініп,оның тез өтіп кететінін ұғынуға бағыттайды.

**Аннотация.** Одно из достоинств Кашгарского словаря для нашей литературы заключается в том, что в нем собрано большое количество стихотворений турков средневековья. Героические поэмы в книге схожи по содержанию темы, способам описания с казахскими эпосами, размышлениями. В словаре также есть стихи о жизни, природе, здравомыслии. В нем прослеживаются взгляды, характерные для суфийской

поэзии. Мир сосредоточен на накоплении умственных знаний, осознании смысла жизни и осознании того, что она быстро проходит.

**Annotation.** The special value of the Kashgari dictionary for our literature lies in the fact that it contains many poems of the Turks of the Middle Ages. The heroic poems in the book are similar in the content of the theme, the ways of description with Kazakh epics, unrest. The dictionary also contains poems about life, nature, and intelligence. It traces characteristic views on Sufi poetry. The world is moving towards the accumulation of knowledge, the realization of the meaning of life, the realization that it passes quickly.

**Түйін сөздер:** омоним, түркі, ежелгі, ақын, өлең, ғұлама.

**Ключевые слова:** омоним, тюрк, древний, поэт, стихотворение, гений.

**Key words:** homonym, turkic, ancient, poet, poem, genius.

Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», – дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [1]. Сондай құнды мұралардың иесі, ХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеген ғалым, белгілі саяхатшы және ғұлама ғалым – Махмұд Қашқари. Оның «Диуани лұғат-ат түрік» деп аталатын сөздігінің орны ерекше.

М.Қашқари бұл еңбегін сегіз кітапқа жіктеген. Алғашқы кітапты Тәңірінің жөнімен Әліптен бастадым дейді. Әліптен басталатын кітабын «Хамза кітабы» деп атаған. Екіншісі, «Сәлім кітабы», яғни құрамында «харфи илет» деп аталатын «әліп (а), ауа (у), иай (й)» әріптері болмаған сөздер, әріп қайталанбаған сөздер. Үшіншісі, Мұзоаф кітабы яғни бір әрпі қайталанған сөздер кітабы. Төртіншісі, Мисал кітабы құрамында (а), (у), (и) әріптерінің бірімен басталған сөздер. Бесіншісі, үш әріпті кітап. Алтыншысы, төрт әріпті кітап. Жетіншісі, мұрын дыбысты әріптер кітабы «ғұнналалар» деп аталады. Сегізіншісі, сүкүндікпен қатар келген сөздер кітабы.

Кітаптарда әуелі есімдерді, одан кейін етістіктерді түзіп отырады. Басқаша айтқанда, әр кітапта сөздер «Есімдер» мен «Етістіктер» деген екі үлкен бөлімге түзілген. Сөздердің этимологиялық тектестігінен бастап, түрленіп, жасалу, түзілу тәртіптеріне дейін егіздің сыңарындай ұқсас. Бұл жерде жекелеген түбі бір сөздерді, омоним сөздердің мағыналық түрлерін тізбелеп көрсетудің маңызы зор. Сөздіктегі мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөздер санаға таныс. Екі сөздің бірі қазіргі қазақ тілінің сөзі.

«Диуани лұғат-ат-түріктің» қолжазба көшірмесінің алғашқы бетінде еңбектің авторы *Махмұт ибн әл-Құсайын ибн Мұхаммед әл-Қашқари* деп көрсетілген [2]. Сөздікте түрік тілінің түзелу, түрлену, жасалу жолдары тұжырымды, күдіксіз түсіндіріліп, Түрік әліппесінің ерекшелігі де талданған. Түрік тілінде негізгі 18 әріп оның сыртында екінші ретте тұратын 7 әріп бар екендігін, оларсыз түрік сөзінің құрылмайтынын да, жазылмайтынын да М.Қашқари баяндайды. Үндестік заңына сәйкес қосымшалардың, жалғаулықтардың үндесуіне қатысты қағидалар түзіп, жалпы түрік тіліне ортақ заңдылықтарды тіл білімінің өзекті күретамыр шарттары ретінде түзіп, қорытындылайды.

Зерттеу мақаламызда біз Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» еңбегіндегі «Мұзоаф» пен «Үш әріпті сөздер» кітабындағы омоним сөздердің мағыналық топтарын зерттеуге алдық. Осы зерттеу жұмысымыз арқылы Қашқаритануға аз да болса үлес қосқымыз келеді.

### **«Мұзофф» кітабындағы омоним сөздердің мағыналық топтары**

М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» еңбегі «Мұзофф» кітабындағы сөздер бір әріп екі рет қайталанатын сөздер.

**Екі әріпті омонимді есімді сөздер:**

**Қақ – қақ:** дән – сүйек.



«Ерүк қақы – өрік сүйегі». Басқасы да осындай.

**Қақ – қақ:** қақ

«Қақ ет – қақталған ет». Кептірілген нәрсенің барлығына осылай айтылады.

**Қақ – қақ:** қақ – қураған, кепкен көл. [3.410]

**Кек – кек:** кек – өш.

«Өшлүг кекліг кіші – өшті, кекті кісі. Өшкегі бар адам».

**Кек – кек:** қиыншылық, мехнат.

«Кек көрді ер – ер қиыншылық көрді».

**Көк – көк:** ердің басы.

«Ер сөзі бір, едзер көкі үш – Ердің сөзі біреу, ердің басы үшеу (мақал)». Ерлердің қасиеті бір сөзді болады, сөзінен қайтпайды. Ердің басы, ердің негізі үш бөліктен құралады, сонда салмаққа шыдайтын берік болады. Әйтпесе, ердің қасы сынып кетеді. Бұл мақал адамды айтқан сөзінде тұруға міндеттеп айтылады.

**Көк – көк:** тек – негіз.

«Көкің кім? – Тегің кім?» Яғни, «қай елсің, тегің қандай?» деген мағынада. (Оғызша, қыпшақша). [3.411]

**Үш әріпті омонимді есімді сөздер:**

**Қатұт – қатұт:** суарылған – қосылған, қатылған.

«Қатұтлұғ оқ – Захар қатылған оқ – ұшы уға суарылған оқ».

**Қатұт – қатұт:** дән – ұрық.

«Армұт қатұты – Алмұрт ұрығы» (Барсған тілінше).

**Қатұт – қатұт:** шырыш – желім. Қолөнерінде қолданылатын желім. [3.412]

**Сұқақ – сұқақ:** ақбөкен. [3.414]

**Сұқақ – сұқақ:** оғыздардың парсыларға мазақтап, кемсітіп қойған аты.

**Шешік – шешік:** нүкте – жазба нүктесі.

**Шешік – шешік:** кішкене баланың шүметейі.

**Шешік – шешік:** шымшықтан кішірек алашұбар құс. [3.415]

**Төрт әріпті омонимді есімді сөздер:**

**Толғағ – толғағ:** сырға. Қатындар сырғасы.

«Інжу толғағ – інжу сырға.»

**Толғағ – толғағ:** толғақ – бейнет, толғатып қиналу.

«Емгег толғағ – Бейнет толғақ» деп те айтады. Бұл сөздің түпкі мәні «іш ауруы, іш бұрау» дегенді білдіреді. «Аның қарны толғағ – Оның іші ауырады. Оның іші бұрады. Жүрегі толқыды».

**Толғағ – толғағ:** қарлы боран, ызғырық жел. Адамды соғып өткенде өлердей күйге жеткізетін қарлы боран. «Тағ үзе талғағ болды – Тауда боран болды. Тау үстінде қарлы боран соқты». [3.417]

**Екі әріпті омонимдес етістік сөздер:**

**Тұтты – тұтты:** тұтты – ұстады.

«Баш тұтты – жара ұстады. Жара лықылдап ауырды».

**Тұтты – тұтты:** ұстады.

«Ыт кеік тұтты – ит кеік ұстады». Басқа нәрселерді ұстаса осылай дейді. Сондай-ақ, кісі бір заттарды ұстаса да осылай дейді. Мысалы: «Ол маңа елік тұтты – Ол маған кепіл болды». Мақалда былай айтылған: «Елік тұтғынша от тұт кепіл тұтқанша, от тұт – кепіл болғанша, от тұтқан артық, өйткені, кепіл болған адам соңынан пұшаймен болып қалады». [4.422]

**Қатты – қатты:** қатты – қосты.

«Ол сіркені иоғұртқа қатты – Ол сіркені қатыққа қатты». Бірдеңені екінші бір затқа қосқанда, араластырғанда да осылай дейді. [4.427]

**Қатты – қатты:** қатты.

«Иұмшақ нең қатты – жұмсақ нәрсе қатты». (Қатар-қатмақ – Қатар-қатпақ).

**Кетті – кетті:** киді.

«Ер тонын киді – ер тонын киді». (Кедзер-кедзек – Киер-кимек).

**Кетті – кетті:** кетті.

«Ер иеріндің кетті – ер өз мекенінен кетті». (Кедзер-кедзек – Кетер-кетпек).

[4.428]

#### Үш әріпті омонимдес етістік сөздер:

**Қазытты – қадзытты:** қайтты, қайта оралды.

«Ер барыр еркен қадзытты – ер бара жатып қайтты, адам бара жатып қайта оралды». (Қадзытұр-қадзытмақ – қайтар қайтпақ). Адам суықтан тоңып қатып қалса да: «Ер тұмлұғқа қадзытты» дейді. [4.435]

**Қазытты – қадзытты:** қайытты – қайытып тіктірді.

«Ол тонығ қадзытты – ол тоныны қайырып тіктірді». (Қадзытыр – қадзытақ – Қайырып тіктіреп – қайырып тіктірмек). [4.436]

**Жетті – иетті:** жетті.

«Ол мені иетті – ол маған жетті». Басқа біреуге жетсе де осылай дейді. (Иетер-иетпек – Жетер-жетпек).

**Жетті – иетті:** жетектеді.

«Ол ат иетті – Ол ат жетектеді». Басыр адамды, тағы басқаларды жетектесе де осылай дейді. (Иетер-иетмек – Жетектер-жетектемек). Оғыздар мен қыпшақтар сөздің басындағы «и» және «ж» әрпімен ауыстырып айтады. Мәселен: «Ол мені жетті – Ол маған жетті» дейді. Мұның дұрысы «и» әрпімен «иетті» деп атылады. Түріктер «сувда иүндүм – суда жуындым» десе, олар «жүндүм – жуындым» дейді. Түріктер мен түрікмендер арасындағы бұл қағида өзгермейтін шарт. [4.455]

**Йұлытты – йұлытты:** алдырды.

«Ер сашын йұлытты – ер ашашын алдырды». (Йұлытұр-йұлытмақ – Алдырар-алдырмақ).

**Йұлытты – йұлытты:** талатты; талқандатты.

«Бег бойны йұлытты – бек жұртын талтатты.» (Йұлытұр-йұлытмақ – Талатар-талатпақ). [4.459]

#### «Үш әріпті сөздер кітабындағы» омоним сөздердің мағыналық топтары Әртүрлі харакатты, ортасы сүкүнді фә`л, фу`л, фи`л түріндегі сөздер бөліміндегі омонимдер:

**Боз – бозд:** бой. [4.173]

**Боз – бозд:** дуадақ.

**Боз – бозд:** «Бозд моншұқ – боз моншақ. Жұпар сіңіріп тізілген тұмар моншақ» Қатындар тағатын моншақтың бір түрі. [4.174]

**Қор – қор:** қорлық – зиян.

«Ер қор қылды – адам қор қылды». (Адам зиян жасады).

**Қор – қор:** қор – айран, қатық ұйытқысы. Айран, не қымыздан аздап ыдыс түбінде қалдырылған ұйытқы, оның үстіне сүт қосып айран ұйытады, яки қымыз ашытады. [4.175]

**Тоз – тоз:** садаққа оралған орама қайыс.

**Тоз – тоз:** тоз – тозаң.

**Түз – түз:** ел-жұрт.

«Ел түз нетег – ел-жұрт қалай?» [4.176]

**Түз – түз:** түз.

«Түз иер – түз жер». (Түзу жер, тегіс жер). [4.177]

**Түш – түш:** түс. (Сәске – А.Егеубай)

«Түш өді – түс уақыты».

**Түш – түш:** түс.

«Түш көрміш оғлан – түс көрген бала». [4.179]

**Сыш – сыш:** сүмбі – істік. Тұтмаш тізетін істік.

**Сыш – сыш:** ісік. [4.180]

**Кіш – кіш:** бұлғын. (Сусар тұқымдас – А.Егеубай). Оның құйрығы – «Кіш құдзрұқы» - деп аталады.

**Кіш – кіш:** садақ. Оғыздар мен оғыздардың ағайыны қыпшақтар мұны білмейді. [4.181]

**Тұғ – тұғ:** дауылпаз.

Ханның құзыретіне соғылатын дауылпаз. «Хан тұғ ұрды – хан дауылпаз ұрды». Яғни, «хан дауылпазын соқтырды» демекші. [4.181-182]

**Тұғ – тұғ:** ту.

«Тоғыз тұғлуғ хан – тоғыз тулы хан, яки хақан». Ханның қол астындағы елі мен жері, қалалары қаншама көбейіп кетсе де, мәртебесі қаншама өссе де, ту тоғыздан асырылмайды. Өйткені, тоғыз санына қасиеттеп мән беріледі. Ханның бұл тулары көкпенбек түсті асыл жібек, не шәйі матадан жасалады. Оны да жақсы ырыммен қасиетті деп санайды.

**Тұғ – тұғ:** тоған бөгет.

«Сувқа тұғ ұр – суға тоған сал».

**Тұғ – тұғ:** бірдеңенің қақпағы, жапқышы.

«Түңлүк тұғы – түндік жапқышы» деген сөз осыдан алынған. (Зертеушілердің талдауына қарағанда: «тиек, жапқыш, бекіткіш» деген мағыналарда да қолданылған тәрізді. – А.Елубай) [4.182]

**Чоғ – чоғ:** зат салынатын боқша, дорба.

**Чоғ – чоғ:** шапақ – күннің шапағы.

«Күн чоғы – күн шапағы, күн сәулесі».

**Чоғ – чоғ:** шоқ. От жанып болғаннан кейін қалған қызулы, алау шоқ. [4.183]

**Боқ – боқ:** боқ (Оғызша).

**Боқ – боқ:** «Қағұн боқ иерге түшді – қауын боқ етіп жерге түсті». Іші қуыс кеуек кез келген нәрсе жерге түсіп жарылса, «боқ етті» – дейді. [4.185]

**Сын – сын:** бой – тұрық (Сын-сымбат – А.Егеубай).

«Бодзлұғ сынлығ кіші – ұзын байлы кісі; Бой-тұрқы ұзын кісі». (Бойшаң сындарлы кісі. – А.Егеубай) Көрді де «сын» дейді. Өйткені, көрдің ұзындығы адамның бойымен бірдей шығады.

**Сын – сын:** көр. [4.195]

**Бұл бөлімдегі соңғы әріп илетті омоним сөздер:**

**Бой – бой:** жеуге болатын шөп, өсімдік. (Оғызша). [4.197]

**Бой – бой:** қауым – зәузат, тұқым-жұрағат, ру. (Оғызша). Бірін-бірі танымайтын екі адам көріскеннен кейін алдымен сәлемдеседі, содан кейін: «бой кім – руың кім» (Яғни, қай елсің – А.Егеубай) деп сұрасады. Жауап беруші: «Салғұр» дейді. Кітаптың басында (бірінші томның басында – А.Егеубай) айтылған рулардың біреуінің атын айтады. Олар қауым, зәузаттарының аттары. Содан кейін барып сөйлесе бастайды, немесе әркім өз жөніне кетеді. Сөйтіп, олар бірі-бірінің елін, жөнін біліседі.

**Той – той:** орда жайы – қосын ордасы.

Осы сөзден алып: «Хан той – Хан ордасы» дейді. Мұны оғыздар білмейді.

**Той – той:** (Сасықшөп – А.Егеубай).

«Той оты – бір дәрілік шөптің аты».

**Той – той:** лай – қыш ыдыс жасайтын лай.

«Той ашыч – Қыш ас табақ» деген осыдан шыққан.

**Той – той:** дуадақ «-з (дз)» әрпін «и» әрпіне ауыстырып айтатындардың тілінде. Мұның «Тоз: тодз» деп айтылатын түрі де бар. (Шігілше).

**Қой – қой:** қой. [4.198]

«Қой иылы – Қой жылы». Түрік жұртының он екі мүшел жыл қайыруының бірі осылай айтылады.

**Қой – қой:** қойын. Тонның қойыны.

«Елік қойқа сұқ – Қойынға қол сұқ», - деген ұғым осыдан шыққан.

**Қой – қой:** жазықтың ойлы жері – ойпат түбі.

**Фәэл түріндегі бас және ортаңғы әріптері харакатты «у» әрпімен келетін сөздер бөліміндегі омонимдер:**

**Сап – сап:** саб. Қылыш, яки пашақтың сабы.

Мақалда былай деп келген: «Оғлан ышы ыш болмас оғлақ мұңзі сап болмас – баланың ісі іс болмас, лақ мүйізі сап болмас».

**Сап – сап:** кезек. Сөзге берілетін жауаптың сәті, кезегі. Ұн тартып, жер суарғандағы іс сәті кезегі жайында да осылай дейді. «Ол сөзгелі сап бермес – ол сөйлегенде кезек бермес». Ұн тартқанда, тағы басқа істер істегенде қолданылатын: «Сенің сап келді – сенің кезегің келді» дегендер осыдан шыққан. [5.203-204]

**Қап – қап:** торсық – саба.

**Қап – қап:** қап, ыдыс.

Бірдеңенің қабын, сыртқы қабатын (орап қойған) «қап-қап» дейді. Негізінде «мойнына ұру, мойын бұру» мағынасындағы осы сөз, кейін әртүрлі (жылқы, малды) өлтіру мәнінде де қолданылып кеткен. [5.204]

**Қап – қап:** қап. Ана құрсағында оралып тұрған қап.

Егер бала сол қабымен туса, бақытты деп есептеледі. Оны: «қаплығы оғұл – қапты бала» деп атайды. [5.204-205]

**Қап – қап:** (туған, туысқан мәнінде). Жақын, туысқан «Ол менің бірле ұйа қап ол – ол менімен бір құрсақтан туғандай жақын ол». [5.205]

**Тар – тар:** тар. Тар нәрсе

«Тар еб – тар үй». Басқаларға да сондай.

**Тар – тар:** сал. (Шағын өзендерде пайдаланатын сал қайық).

Бірінші саба торсыққа жер толтырылып аузы буылып, байланады. Содан кейін, олардың бірнешеуі біріне-бірі байланып біріктіріледі. Оның үстіне күркеге ұқсас бір қалқа орнатылады. Содан соң, оның үстіне отырып судан өтеді. Оны қамыс пен шиден де жасайды. (Йабақы және татар тілдерінде).

**Тар – тар:** майдың тортасы. Май ерітіп алынғаннан кейін, қазанның түбінде шөгіп қалған май қалдығы. [5.207]

**Қаз – қаз:** қаз. [5.208]

**Қаз – қаз:** кез келген ағаштың қабығы.

Мақалда былай деп келген: «Қадзың қасыңа – қайың қаттылығымен». «-з» әрпі «-с» әрпіне ауысып түскен. Өйткені «-з» әрпі әуелі сөзде өзінің сипатына ие болып қалғандықтан, өзінен кейін «-с» әрпі келген келесі сөзде «-з» әрпіне орын қалмаған.

**Баш – баш:** бас.

**Баш – баш:** жара – жарақат.

Мақалда былай деп келген: «Көні барыр кейікнің көзінде адзын башы иоқ – Тура кеткен киіктің көзінен басқа жарасы жоқ; яғни, жан-жағына қарамай тура қашқан киіктің көзінен басқа жарасы жоқ». Шын мәнінде көзі жара емес дегенді білдірмекші. Бұл мақал ауыр, күрделі іске ұшырап, әркімнің жаласына, кесерлі сөзіне қалған адамға меңзеп айтылады.

**Таш – таш:** тас.

**Таш – таш:** тыс, сырт. [5.211]

«Таш тон – тыс тон – сырттан, басқа киімдердің үстінен киілетін тон».

**Қаш – қаш:** қас. Көздің үстіндегі қас.

**Қаш – қаш:** қаш тасы. Ақ, не қара түсті мөлдір тас. Оның ақ түстісін найзағайдан, тіл-көзден, жасын түскеннен сақтану үшін жүзікке көз етіп тағады. [5.212]

**Сағ – сағ:** зеректік – зейінділік – зейін (Оғызша).

«Сенде сағ иоқ – сенде зейін жоқ».

**Сағ – сағ:** саулық – саламаттық.

«Иенің сағмұ – Денің сау ма?». «Сағ сув – сау су, таза су».

**Сағ – сағ:** оң.

«Сағ елік – оң қол».

Бұл сөздердің бәрі де оғызша. Түріктер бұл сөздерді білмейді.

**Сағ – сағ:** сабау – Жүн сабайтын сабау.

**Сағ – сағ:** сары.

«Сағ иағ – сары май».

**Сағ – сағ:** таза, саф.

«Сағ көңүл – саф, таза көңіл, ақ көңіл». [5.214]

**Сал – сал:** талдан, не местерден жасалған сал, «тар» сөзі де осы мағынада.

**Сал – сал:** сыр. Желімнен жасалған жабысқақ жылтырақ нәрсе. Шын ыдыстарына, тағы да басқа соған ұқсайтын нәрселерге жағылады, соның үстіне ою-өрнек салынады. [5.218]

#### **Иллет әріптерімен аяқталған омоним сөздер:**

**Иат – иат:** «Иат кіші – жат адам. [5.220]

Осыдан алып: «Иат баз иадзыл – жат бөтендер тарасын» дейді.

**Иат – иат:** жадылау. Жаңбыр, не жел шақыру үшін жады тасымен жасалатын жадылау.

«Аның оғлы иас болды – оның ұлы өлді».

**Иаш – иаш:** жас – көз жасы.

«Көзүм иашы ақды – көзімнің жасы ақты».

**Иаш – иаш:** жас – көк.

«Иаш едім – жас едім».

**Иаш – иаш:** жас – жаңа.

«Иаш ет – жас ет». Жаңа сойылған ет. [5.221]

#### **Фәэл түріндегі «у» әрпімен келген омоним сөздер:**

**Қауұқ – қауұқ:** қуық – сідік қалтасы. Оны «қавұқ» деп те атайды.

**Қауұқ – қауұқ:** кебек – тары қабығы. Бұл сөздегі «у» «ф» орнына ауысқан. [5.226]

**Күүүк – күүүк:** еркек «Күүүк муш – еркек мысық».

**Күүүк – күүүк:** сабан (Оғызша). [5.227]

#### **Бұл бөлімнің «и» әрпімен келген омоним сөздері:**

**Қыйық – қыйық:** уәдеде тұрмайтын адам.

Уәдеде, сөзінде бәтуә жоқ кісі. «Қыйық кіші – уәдеде тұрмайтын адам».

**Қыйық – қыйық:** қыңыр – қиыр-шиыр.

«Қыйық нең – қыңыр нәрсе – қисық-қиғаш нәрсе». Қиғаш кесілген қалам ұшы сондай. Басқаларға да осы секілді. [5.230]

#### **Фәйәл секілді әртүрлі харакатты омоним сөздер бөлімі:**

**Бойнақ – бойнақ:** тау асуы.

**Бойнақ – бойнақ:** кесіртке. [5.239]


Қорытындылай келе, ежелгі түркі тіліндегі омоним сөздерді зерттей отырып, біз ұмыт болған ежелгі түркі сөздерін қайтадан жандыруға, сөздік қорға бай тілімізде жойылған байырғы тілді қайтадан өркендетуге атсалыстық деп ойлаймыз.

Түркі өркениетіне өшпестей етіп із қалдырған ғұламаның еңбегі «Диуани лұғат ат-түрік» негізінде Қашқаридің қалдырған ілімі мен өмірбаяндық деректері тұлғатанымдық аспектіде сараланады. М.Қашқаридің түркі өркениет өрісіндегі тарихи-тілдік тұлға деңгейіне көтерілуі оның өскен ортасы мен отбасы тәрбиесінің әсері, түрік елінің ұлылығын таныту, түркі тілінің жасампаздығын жариялау және түрік өркениетінің рухани күш-жігерін, елдік парасаты мен әлем туралы түсінігін және сол түсінікке сәйкес туындаған сапалық мазмұнын «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасының этнолингвомәдени ерекшеліктері айқындалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. <http://ult.kz/post/nursultan-nazarbaev-uly-dalany-zheti-kyry>

2. Kaşgarlı Mahmud. Dîvânü Lûgati't-Türk: Tıpkıbasım // Facsimile. – Ankara: Türkiye Kültür Bakanlığı, 1990.
3. А.Егеубай. Түрік сөздігі. 1-том. – Алматы. 1997.
4. А.Егеубай. Түрік сөздігі. 2-том. – Алматы. 1997.
5. А.Егеубай. Түрік сөздігі. 3-том. – Алматы. 1998.



ӘӨЖ 860 (013)

**Ғұндардың батырлық жырларындағы топонимдер мен антропонимдер:  
аңыз бен ақиқат**

**Жайсанова З.Н., Темиржанова Ф.А., Исаева А.М.  
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы**

**Аңдатпа.** Халықтың тарихы қашанда тіл тарихымен тығыз байланысты. Олай болса, бүгінгі жас ұрпақ тек нақты тарихи деректер негізінде ғана емес, тасқа қашап жазылған дастандар, әртүрлі батырлар жыры, тамаша көркем туындылар арқылы да терең тани алады. Сақ дәуірінен күні қазірге дейін келіп жеткен ел, жер қорғау дәстүрі қордалы да бай сөз өнерімізбен аса тығыз байланысты дамуда.

Міне, сондай танып білуге тұрарлық кезең әдебиеттерінің бірі – халқымыздың даңқты өткен тарихымен бүгінгі ұрпақты сусындандырып, осы жазба мұраларымыздың қатарынан орын алатын «Томирис», «Ергенекон», «Шу», «Шырақ», «Аттила», «Алып Ер Тона» жырларын егемендік туын жоғары көтерген өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардан бері қарай мейлінше терең зерттеп, бүгінгі күнгі әдебиетіміздің қайнар бұлағы тұрғысында қарай бастағанымыз шындық.

**Аннотация.** История народа всегда тесно связана с историей языка. Таким образом, сегодняшнее молодое поколение может глубоко узнать не только на основе реальных исторических данных, но и через саги, вырезанные на камне, различные героические песни, прекрасные художественные произведения. С сакской эпохи до сих пор сложились традиции охраны земель, которые очень тесно связаны с нашим богатым словом.

Одна из литератур того периода – «Томирис», «Ергенекон», «Шу», «Шырақ», «Аттила», «Алып Ер Тона», которые с лихвой проникли в сегодняшнее поколение славным прошлым нашего народа и занимают место среди этого священного наследия с девяностых годов прошлого века, подняв флаг суверенитета это правда, что мы начали углубляться и смотреть на источник нашей литературы сегодня.

**Annotation.** The history of the people is always closely connected with the history of the language. Thus, today's younger generation can learn deeply not only on the basis of real historical data, but also through sagas carved in stone, various heroic songs, and wonderful works of art. Since the Saka era, there have been traditions of land protection that are very closely related to our rich word.

One of the literatures of that period is «Tomiris», «Yerenekon», «Shu», «Shirak», «Attila», «Alyp Yer Tona», which have more than penetrated into today's generation with the glorious past of our people and occupy a place among this sacred heritage since the nineties of the last century, raising the flag of sovereignty. It is true that we have begun to delve deeper and look at the source of our literature today.

**Кілт сөздер:** тарих, Атилла, ономастикалық, дастан, Рим папасы.

**Ключевые слова:** история, Атилла, ономастика, сага, Римский папа.

**Key words:** history, Atilla, onomastics, saga, Pontifex Romanus.

Тарихшылардың зерттеуі бойынша біздің заманымызға дейінгі 109 жылы ғұндардың билеушісі Мөде хан сол ғұндардың абыройын арттыру үшін Орталық Азияны мекендеген бірталай тайпалардың басын біріктіріп, өздерінің жерлеріне қауіп төндіріп отырған кейбір көршілес елдерге жорыққа шықты. Олар алдымен Саян-Алтай тауларына жататын аймақтардан табғаштарды тықсыра қуып ығыстырды.

Алғашқы кезекте ғұндардың аса қуатты мемлекетінің негізін қалады. Осы Мөде ханның кезінде Алтай таулары аймағына қоныстанған ғұн тайпалары ішінде бірте-бірте өзара келісімге келе алмаушылық пайда бола бастады. Ақыр соңында ғұн тайпасының бір тобы Батыс бөлікке ығысып, бірталай өңірді жаулап алады. Кейіннен олар аса бір қуатты ғұндар мемлекетінің іргетасын қалады. Уақыт өте келе Еуропадағы бір кездері алпауыт ғұндар империясы күшін жоя ыдырап, олардың басым бөлігі Қыпшақ жеріне қайта оралғаны тарихи деректерден белгілі. Бүгінгі түркі жұртының арғы ата-тегі сол Еуропадан бүгінгі Орта Азия және Қазақстан аймағына қайта оралған ғұндар болатын. Олар кейінен Орталық Азиядағы әртүрлі тайпалық одақтардың басын қосып, дүниені дүр сілкіндірген атақты Түрік қағанатын құрғаны тарихтан көпке белгілі. Міне, тарихта аса маңызды орны бар ғұндар және олардың Еуропаны билеуі туралы бірталай тарихи жырлар қазірге дейін жоғалмай бізге жеткен. Осындай асыл қазыналарымыздың қатарына «Ергенекон», «Аттила», «Көк бөрі» сияқты көнеден келе жатқан дастандарды жатқызуға болады.

«Батыс ғұн империясының атақты королі Ругила 434 жылы қайтыс болды. Патша өлген соң мемлекет билігі оның немере інілері Бледа мен Аттиланьң қолына тиді. Ругила патшаның Мыңзық және Ақтар деп аталатын екі інісі болатын. Аттила – Мыңзықтың баласы, ал Бледа – Ақтардың ұлы еді. Ғұндар империясын біраз уақыт қос патша басқарып тұрды. Ақыры патша тағына Аттила отырды. Бұл кезде Батыс ғұн империясының астанасы Паннония (Венгрия) жеріндегі Аттилабург (Еділқала) қаласына көшірілген еді. 425 жылы Аттила жас та болса Батыс Рим империясының әскери қолбасшысы Аэцийге көмектесіп, бірқатар герман тайпаларын күйрете жеңіп шығады. Дегенмен, Рим королі ғұндармен арадағы бейбітшілік жөніндегі келісімді қайта-қайта бұзып, ғұндардың берекесін қашыра береді. Сол себепті Аттила 447 жылы Арданел бұғазының түбіндегі Херсонес қаласына жақын жерде Рим әскерінің тас-талқанын шығарады.

Содан кейін ғана римдіктер ғұндардың барлық талаптарын мүлтіксіз орындайтын болады. Аттиланьң 437 жылы аз күн ішінде Бургундия корольдігінің мықты қаруланған әскерін ойсырата жеңіп шығуы – ғұндардың соғыс өнері мейлінше жоғары дәрежеде екенін бірден танытты. Батыс Рим императоры Валентин түрлі герман және вестгот тайпаларымен астыртын келісім жасап, Аттилаға қарсы күреске дайындала бастайды. Мұны естіген Аттила 500 мың әскерімен жорыққа аттанады. Ол Рейн өзенінен өтіп, Галлияны, көптеген қалаларды өзіне қаратады. Жол бойындағы Шальн-Марле, Троя, Санс қалаларына Аттила ат басын бұрған да жоқ. Бұл қамал-қалалар бірінен соң бірі Аттилаға елшілерін жіберіп өздері беріліп жатты. Аттила өзара қырық пышақ болып, ұдайы соғысып жататын тайпалардың басын қосты. Еуропада бейбіт өмір орнатты. Рим империясында құлдық қауымды құлатып, сан мыңдаған адамды құлдық бұғауынан азат етті. Сол үшін Аттиланьң халық «құдайдың қамшысы» («бичь божий») деп атап кетті» [1].

Жалпы ғұндар тарихта уәдеге өте берік, антын ешқашан бұзбайтын жандар ретінде барша Еуропаға танылғандығымен белгілі. Аттила барша Батыс Еуропаны бағындырып, өз елінің астанасын Мажарстанға көшірген уақытта да келісім бойынша Византияға тиіспеген. Десек те бұл келісімді бірінші болып Византия өзі бұзады. Византиялықтар ғұндар мемлекетін іштей бүлдіру мақсатымен нешеме айла-шарғылар жасауға барады. Алғашында Рим әміршілері Аттилаға ренішті деген ғұндардың бекзадаларын, алғашында әскербасы болып кейіннен қызметінен қуылған кісілерді, кедейлікке ұшырай бастаған бай тұқымынан шыққан адамдарды құпиялап сарайларына қонақ ретінде шақырып, «Аттилаға қарсылық білдірсеңдер біз ел билігін сендердің өз

қолдарына өтуге көмектесеміз» деп алдаусыратып, азғырады. Десе де тарихта бірде-бір ғұн адамы өз жұртын сатпағандығы жазылған. Керісінше олар Римдіктерден естігендерін жанашырлықпен Аттилаға жеткізген.

Тіптен тарихи деректер бойынша, Атиллаға қарсы астыртын әрекеттер Рим сенатында қаралып отырылған. Рим сенатының қорытынды шешімі негізінде, Византиялықтар кельт, вандал, гот, бургунд тайпалары сияқты өздерінің ертедегі жауларымен күш біріктіріп, астыртын одақ құрып, екі жүз мыңға саны жететін, өте жақсы қаруланған, аса қуатты әскер құрып, Аттилаға қарсы шығады.

Осы тұста Аттиланьң бар әскер саны жүз мың ғана жауынгерден тұрған деген дерек бар. Екі жақтың қарсы шыққан әскері аса үлкен кең жазықта бетпе-бет ұшырасады. Тарихи мәліметтерде осы шайқаста Рим әскерін аты әлемге белгілі болған, алапат даңқты қолбасшы Аэций бастаған екен. Ал ғұндарды шайқас даласына Аттила батырдың өзі бастап барады. Бұл тарихта ізі ерекше қалған алып шайқаста екі жақтың да әскерінің қаны судай ағып, жауынгерлердің өліктері үйіліп қалады. Ақырында Рим әскері артқа шегініс жасайды. Ал Аттила өз әскерін бастап, Византияның астанасы Римге қарай бағыт алады. Өзі бас болып қол бастап келе жатқан Аттила әскерін Римге жақындаған кезде, Рим папасының өзі бас болып бір топ діни адамдар алдынан шығып қарсы алады. Аттиладан олар ендігі жерде Аттилаға толығымен бағынатындығын, Рим сенатының шешімімен қазынаның бар байлығын беретіндіктерін тек қана ертеден келе жатқан қасиетті Рим қаласын бүлдіріп, талқандап, өртемесін деген өтініштерін білдіреді. Әлі де болса қасиетті Римді сыйлаған Аттила бұл өтінішті қабыл алады.

Бұл туралы тарихи деректерде былай делінген: «Десе де қақпалары ашық тұрған Рим шаһарына Аттила ат басын бұрып кірген де жоқ. Тіптен ештеңе алған да жоқ. Аттила бастаған ғұндардың қалың қолы Рим қақпаларының жанынан үн-түнсіз ғана өтіп, Батысқа бет алып жүріп кетті. Ал Аттила әскері қалай кетті сол бойда-ақ гот, кельт, бургунд тәрізді герман тайпалары қақпалары ашық тұрған Римге баса көктеп кіріп, біталай күн бойы ежелгі қаланы талқандап, талан-таражға салады. Ел басқарған билеушілері мен атақты ғалымдарын, қолбасшыларын, басқа діндегі жандарды орталық алаңға алып келіп, ауандықпен өлтіріп жатты. Міне, Византия империясы тарих сахынансынан осылай шығып, осылайша құлады» [2].

Тарихи деректерде 454 жылы Аттила қаза болған соң ұрпақтары ғұндар империясын басқарып тұрады. Тарихтан белгілі бір жай – ғұндар қанша тың жерлерді жаулап алса да ол жерлерде қалып қоймауға тырысқан. Тіптен, Аттила өлгеннен кейін де арада үш жүз жыл өткеннен соң да, ғұндар өздерінің бұрынғы атамекені – Шу мен Сырдария бойына, Жетісу жеріне, Турфан мен Бесбалық сияқты Қыпшақ даласына қайта қоныс аударғаны белгілі. Ержүрек, батыр ғұндар осы тұста қайта Еділ жерінен бастап, Орхон өзені, тіптен Алтай, Саян тауларына дейінгі аралықтардағы ұлан-ғайыр өлкелерді Қыпшақ даласын толығымен өздеріне қаратып бағындырып алады. Тіптен, Қытай әскерін «ұлы қорғанға» дейін тықсырып, қашуына әсер етеді.

Міне, осындай тарихта есімі әлемге мәшһүр Батыс ғұн империясының атақты әміршісі, талантты әскери қолбасшы, Қыпшақ жұртының асыл перзенті Еділ батыр туралы барша жер жүзіне танымал болған «Аттила» дастаны дүниеге келген. Бұл қаһармандық жырда Аттиланьң Еуропаға жасаған ерен ерліктері мен жауынгерлік жорықтары нақты тарихи деректер мен ол туралы аңыз-әфсаналар негізіне сүйеніле отырылып баяндалады.

Еділ батырға арналған осы жырда оның есімі сол уақыттағы латын тілімен «Аттила» деп аталған. Аттила деген есімінің түп-негізі, бастауы Еділ өзенінің атымен байланысты деген жорамал жасайды осы мәселені зерттеген тарихшылар. Еділді немістің ертедегі батырлық дастанында «Эціл» деп те атайды. Ал, қытай тілінде – «Этил», скандинавия халықтарының тілі бойынша - «Атли», қазақ дастандарында – «Еділ» деп атаған.



Кезінде Аттиланы көзімен көріп, онымен қарым-қатынаста болған грек жазушысы Присктің қолжазбаларында Аттиланың сыртқы келбетін былай суреттейді: «оның бет-әлпетін көргендер нағыз азиат екенін айтпай-ақ біледі. Басы үлкен, өзі орта бойлы, мығым денелі. Көздері қысық, бірақ қараған жерін ойып түсердей өткір, жүрісі өте ширақ, сөйлеген дауысы күмістей сынғырлап өте жағымды естіледі» [2].

Яғни, «Аттила» дастанының оқиға желісіне арқау болған шындығында өмірде болған, тарихи тұлға Еділ батыр. Бұл жырда оның жеке тұлғасы, жасаған әскери жорықтары мен жеңістері сөз болады. «Аттила» жырының сюжеттік желісі бойынша бүгінге дейін орта ғасырда қайта көшіріліп жазылған екі поэма сақталып қалынған.

Оларға нақты тоқталсақ: біріншісі, күні қазірге шейін скандинавия және германдардың батырлық эпосы ретінде айтылып келген орысша «Песнь о Нибелунгах», қазақша «Нибелунга туралы жыр». Ал екіншісі, немісше «Waltarius vanu fortis», орысша «Вальтарий могучая рука», қазақша «Алып қолды Вальтария» деп аталатын неміс тіліндегі дастандар. Осы дастандарды оқи келе, екі поэманы да кезінде қыпшақтар жазғанына ешбір күмәнданбайсыз. Себебі бұл жырларда авторлар қыпшақтардың салт-санасын, әдет-ғұрпын, ішкі психологиясын, жан дүниесін жан-жақты танып, біліп жазған.

Бұл жайлы атақты қаламгер Мурад Аджи: «Нибелунгтар туралы жыр» мен «Вальтарияның» авторлары, сөз жоқ, ата-тегі қыпшақ болған адамдар. Өйткені олар даланың әдет-ғұрпын ұмытпай, оны ұсақ-түйегіне дейін бұлжытпай орындап отырған. Міне, сол себепті олардың қаһарманы Етцель (Аттила) тіпті өзіне қолайсыз жағдай туып тұрған сәтте де адамгершіліктің биік тұғырынан көріне біледі», - деген пікірін білдіреді [1].

Алғашқы «Нибелунга туралы жыр» шамамен есептегенде 1200 жылы дүниеге келген. Аталмыш поэманың басты тарихи өзегі қылып автор тарихтағы Бургунд патшалығының талқандалып күйреуін алған. Ал, тарихи деректер бойынша ғұндар 437 жылы Бургунд патшалығын тас-талқан етіп құлатқаны белгілі.

Бұл дастанның бізге белгілі бір емес, екі желісі бар. Оның бірі – дастан жазылған уақыттағы, XII ғасырдағы феодалдық-рыцарлық Алманияның тарихын бейнелесе, ал екінші поэма біріншісіне қосарлана астарлап айтылатын V ғасырдағы белгілі ғұндар ғұмырнамасы тәріздес болып келеді. Поэмада Бургунд патшалығындағы ойын-сауықтардың өтілуі, асқан сән-салтанат, рыцарлық үрдістер аса үлкен мақтанышпен жырланады. Сарайдағы бекзаттардың арасында ержүрек, әрі аса қайырымды жігіт Зигфрид пен оның сүйікті аруы аса көркем Кримхильда үлкен сүйіспеншілікпен жырға қосылады. Десек те олардың тағдыры аса қайғылы болып аяқталады. Себебі поэмада басқалардың бақытын көре алмай, қызғаныштан өртеп жіберердей кейіпте болатын Брюнхильда, Гунтер, Хаген тәрізді қараниет, оңбаған жандар бар. Дастанда бірін-бірі қатты сүйген қос ғашықтың қайғыға толы өлімі – барша Алмания тарихының аса үлкен трагедиясына айналғаны суреттелген. Сұлу қыздың ағалары – Гунтер мен Хаген астыртын өзара сөз байласып, күйеу балалары Зигфридті өлтіреді. Аяғында Крихмильда жесір атанып, он үш жыл бойы қара жамылады. Гунтер мен Хаген оны ғұндардың патшасы Этцельге (Аттила) әйелдікке бермек болып бекінеді. Қыз бастапқы кезде оған көнбей қарсылық танытады. Десе де оны зорлап алыстағы – ғұндар еліне әйелдікке ұзатады. Араға он үш жыл салып, Аттиланың әйелі болған Кримхильда өзінің қандас ағаларын қонаққа шақырып сый көрсетпек болады. Дастанда осы тұста ғұндардың тіршілігін, Аттиланың асқан ерлігі мен жаны жомарт қайырымдылығын суреттейтін қызықты сюжеттер басталады. Бургунд елінің королі басшы болып, Гунтер мен Хаген ғұндар деріне сапарға шығады. Олар өздерімен қоса көп әскер ертеді. Дастанда «Нибелунгтер ғұндарға бара жатқаны туралы» деп арнайы аталатын бөлім бар. Осы бөлімде Аттила жұртына барып, қонақ болып отырғандарды алдап, тысқа шыққан Кримхильданың өз ағалары жауыздықпен қарындасы Кримхильданы және Аттиланың бірнеше туыстарын өлтіретіні жырға қосылады. Осы қайғылы жағдайдан соң бойын ашу

мен ыза-кек кернеген жаужүрек Аттила сансыз қалың қол бастап, жауға аттанады. Дастанда Аттиланьң осыдан кейінгі теңдесі жоқ жойқын жорықтары суреттеледі [2].

«Аттила» поэмасындағы барша сюжеттер байқап қарасақ, ең негізгі қаһарман Аттила айналасында өрбиді. Негізгі қаһарман кейіпкердің елі-жұрты, дос-жараны, ағайыны, олардың бір-бірімен қарым-қатысы, күйініші мен қуанышы, жау жақтың адамдарының әртүрлі іс-әрекеттері жырда кеңінен баяндалады.

Бүгінде ғалымдар «Аттила» дастанын – ертедегі түркі халықтарының байырғы ата-тегі ретінде саналатын ғұн тайпасының Батыс Еуропаны мекендеген уақыттағы тұрмысын суреттейтін ерлік жыры деп тануда. Дастанда ерте замандағы ата-бабаларымыздың абыройын асқақтатқан Еділ батырдың батырлық, ерлік істері турасындағы мадақтау жырлары айрықша көрініс табады. Бұрынырақта нақты бір батырдың ерлігі мен батырлығын жырлау үшін алғашқы кезекте «батыстағы көп елді бір ғана шыбықпен айдап, қарсылық білдірген жауларын толық тізе бүктірген». Еділ батырдың іс-әрекетін көкке көтере мақтап жырлап алу дәстүрі белең алған. Тіптен осы сарынды қазақ әдебиетіндегі ақын-жыраулардың жыр толғауларынан да Еділ батыр бейнесін айқын көруге болады.

Тарихи деректер бойынша, біздің заманымызға дейін тарих сахнасында орын алған, кейінірек этностық реттен түркі тектес халықтарды қалыптастырған белгілі батыс ғұн тайпалары туралы біршама деректер беретін келесі бір туынды - «Көк бөрі» дастаны.

Бұл дастан – әртүрлі аңыз-хикаяларға негізделген эпостық туынды болып табылады. Осы жырды зерттеуші ғалымдарының пайымдауы бойынша, «Көк бөрі» дастанында берілген аңыздар ежелгі дәуірдің тарихи шындығынан тым алшақ кетпеген. Кезіндегі Ұлы Түркі қағанаты тұсында билік құрған көк түріктердің байырғы ата-тегінің қалыптасып, шығу тарихын, түркілердің халық болып қалыптасқанын біршама аңыздар бойынша жырлаған эпос толығымен сақталмай, бізге дейінгі қытайдың ертедегі жазба мұраларындағы көлемі шағын прозалық үзінділері негізінде жеткен.

Барлығымызға белгілі көк бөріні аса киелі аң, зор қасиетті тотем ретінде санау Орта Азия ғана емес, одан жырақта да жатқан түркі тілдес халықтардың наным-сенімінде жақсы сақталған. Мысалы, бүгінгі Молдавия елінің оңтүстік аймақтары саналатын Буджак далаларын тұрақтаған гагауыздар қазірге дейін көк бөріні тотем түрінде санайды. Ертедегі «Көк бөрі» дастанында бұрынғы ғұндардың «Ашина» деген атаудағы «бес жүз шаңырақ руы» жайлы, түркі тайпалары осы бір Ашина тайпасынан тармақталып тарағаны туралы, бастапқы Түрік мемлекетін билеген көсемнің есімі Ашина болғаны хақында хикая жырланады. Ашина сөзінің астарына үңілсек, ол «асыл текті қасқыр, бөрі» деген мағынаны танытады екен. Ал көне түріктер түп негізін көк бөрімен байланыстырып, көк бөріден шыққанын жасырмайды. Түріктер үшін тотем қасқыр болған. «Түрік байрақтарына бөрінің басы алтынмен әшекейленіп салынған»[3].

Осы жырды, оның негізгі оқиға желісін, ондағы басты кейіпкер - Ашинаны, жалпы көк бөріден тармақталынып тараған түріктер турасындағы ертедегі аңыз – әңгімелерді белгілі ғалым Н.Я.Бичурин зерттеп, өз пікірін білдірген. Ал көрнекті тарихшы Л.Н.Гумилев атақты «Көне түріктер» атты еңбегінде Н.Я.Бичуриннің еңбектеріне сілтеме жасай келе оның пікірлеріне сүйенетіндігін жасырмайды.

С.К.Қараәлиоғлы, Н.С.Банарлы тәрізді көрнекті түрік ғалымдары көк түріктер ғұндардың батыс аймақтан ауып келген «Со» деген атпен танылған тармағынан тарайтынын хикая ететін аңызын зерттеп, өз пікірлерін білдірген[4].

«Көк бөрі» жырының оқиға желісі мынандай болып келеді: есте жоқ ескі замандарда Алтай аймағында бақытты, тату-тәтті тіршілік етіп жатқан ғұн тайпасының бір руы ағайындарымен ренжісіп өкпелеп, тым алыс жерлерге күнбатысқа қарай көшіпті. Ол тайпа барған жерлеріне аса зор шаһарлар салып, ірі мемлекет құрыпты. Өздерінің мекендеген жерлерін «тұнып тұрған бау – бақшалы гүлстанға айналдырыпты» дейді. Көрші мемлекеттермен сауда-саттық қарым-қатынас орнатып отырыпты. Ғұндар осы

бөлігі сол бір батыстағы алыс өлкелерде ұрпағы көбейе өсіп-өніп, халқының саны ерекше көп болыпты. Олардың көк темір қару асынған мықты әскері де сансыз болғанға ұқсайды. Күндердің бір күнінде сол өңірді бағындырып тұрған ғұндардың билеушісі – Аттила батыр дүние салады. Барша жұрт, қалың халық, қоластындағы сарбаздар билеушілерін жоқтап, жылап-сықтап жатқанда, тұтқиылдан олардың елін қалың жау шабады. Жау жағы елдің барлық жанын қанжоса етіп қырып салғаны сонша бар болғаны тоғыз жасар бір ғана ұл бала тірі қалады. Шаһардан шығып бара жатқан жау әскерінің ішінде бір қайырымсыз нөкер қайта айналып келіп, жанағы тірі қалған кішкене баланың аяқ-қолын кесіп, тоғайдағы саздақ жере апарып лақтырып тастап кетеді. Тоғайдың ішінде жортып жүрген бөрінің қаншығы қансырап өлгелі жатқан баланы тауып алады да, ініне апарып асырап бағады. Соңында сол баладан қаншық бөрі буаз болады. Осыдан соң бастапқыда баланың аяғы мен қолын кескілеп тастаған жауыз нөкер қайтып келіп, баланы тауып алып, қылышпен аямастан кескілеп өлтіреді. Баладан буаз болған қаншық қасқыр бұл аймақтан мүлдем безіп, алыстағы Алтай тауларына тұрақтап, сол жерде он баланы дүниеге алып келеді. Осы бөрі қаншықтан туылған балалардың ұрпағы өсіп-өніп, бірте-бірте тұтас бір ұлысқа айналады. Оларды кейінен жалпы жұрт «Ашина» әулеті деп атайды. Бұл «бөрі тектілер» деген мағынаны береді екен. Атақты көк түріктер Ашина әулетінен өрбіп, дамыпты дейді. Көк бөрілер әлетінен туылған ұрпақ шетінен қайсар, күшті әрі мықты батыр болып келген көрінеді. Оларды сол себепті, көрші тайпалар – «түрік-түркіюлер» немесе түркі деп атаған екен [3].

Осы аңыз сол дәуірлерде «Көк бөрі» дастаны деген атауға ие болып поэзия тілімен жырланған көрінеді. Бүгінде көне аңызға құрылған бұл дастанның бізге тек проза үлгісіндегі қысқаша мазмұны ғана жеткен. Оның мазмұны мынандай болып келеді: Ертеде «Со» деген бір ел болған екен. Ол елдің көсемі аса бір қайырымды және асқан батыр Қапан-пу атты кісі болыпты. Қапан-пудың өзіне туыстық жағынан аса жақын, оған адалынан берілген он алты бауыры болған көрінеді. Олардың біреуінің анасы бөрі тектес екен. Күндердің бір күнінде ел шетін жау шауып, «Со» жұрттын тегісімен қырып салады. Олардың ішінен тек анасы бөрі бала ғана бір жерлерге жасырынып тірі қалған екен. Тірі қалған бала ер жетіп, үйленіп шаңырақ көтереді. Оның екі әйелі болады. Ол жігіттің әйелдерінің біріншісі – қыс Тәңірісінің қызы болса, ал екінші әйелі – жаз Тәңірісінің қызы болған көрінеді. Арада бірнеше уақыт өткенде әлгі екі әйелдердің әрқайсысы қос-қостан ұл бала дүниеге алып келеді. Олардың ең тұңғыш баласы айрықша күшті, қайсар болады. Бұл күшті балаға күші тең келетін ол маңайда жігіт болмайды. Сол себепті оған халық мықты, күшті, ержүрек деген мағынада «Түрік» деп ат қойыпты. Бүгінгі барша түркі халықтары сол күшті қайсар жігіт «Түріктің» ұрпақтары екен дейді[3].

«Көк бөрі» дастанында осындай бірнеше аңыз-хикаялар беріледі. Десек те барлығының айтар ойы – ертедегі түркілердің түп ата-тегі бөрі деген қорытындыға келіп тоқтайды. Көк бөріні аса киелі санап, тотем ретінде тұтыну бүгінгі қазақ қауымы ішінде де күні кешеге дейін сақталған. Сонау жаугершілік заманда барша бір тайпадан бір ғана адамның қалуы, одан туылған ұрпақ өсіп-өрбіп, тұтас бір ұлысты құрауы, аса бір қиын-қыстау кезеңдерде киелі деп саналған аңдар мен құстардың да адамға көмекке келуі, бөгде аймаққа амалсыздан жер ауып қоныстанып кеткен халықтың да араға көп жылдар салып кейіннен ата-бабаларының мекеніне қайта келуі тәрізді сарындар қазақтың ертегілері мен мұндағы батырлық жырларында да жиі кездеседі.

Сонымен қатар, тарихта Ғұндар мемлекеттік бірлестігі бірте-бірте ыдырап, Көк Түріктердің тұңғыш мемлекеті – Түрік қағанаты аңырақ көтерілген кезеңге шейінгі аралықтағы барлығы 450 жыл аралығында болған оқиғаларды сөз ететін, түркілердің ата-тегін әрқилы аңыз-әфсаналар негізінде жыр еткен ертедегі түркі фольклорының бірі – «Ергенекон» дастаны. Ежелгі түркі жазба мұраларының бір болып саналатын «Ергенекон» дастанының сюжеттік желісінде кейбір тарихи оқиғалар, шындыққа жанасатын жайлар да кездесіп отырады[3].

Кезінде белгілі ғалым Ә.Марғұлан «Ергенекон» дастанында суреттелетін дәуір оқиғаларының тарихи шындығы турасында: «Біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын – қытай үкіметі ғұндарға қарсы жойқын соғыс ашып, алты жүз жыл өткенде оларды қиратып бітірген. Бостандықты жақсы көретін ғұндар Алтай тауының, Жетісудың төңірегіне жиналып, суармалы егін егіп, тау-кен жұмысымен шұғылданады. Темір, мыс алтын шығарады. VI ғасырдың орта кезінде Түрік қағанатын құрады. Түріктердің бұрынғы аталары Күнбатыс теңізінің жоғарғы жағында тұратын. Олар ғұндардың бір ұлы тайпасы еді» - деп атап өтеді[5].

Бүгінде иран, грек, қытай жұртының тарихшылары жазып қалдырған дерек, аңыз бойынша, ғұндар сол бір ауыр заманда өз жауларынан жеңіліс тауып, барша халқы толық қырылып, жалғыз ғана бір ұл бала аман қалады. Жау әскері тірі қалған баланы өлтіруге жүректері қимай, шөбі шүйгін көл жағасына тастап кеткен көрінеді. Бұл көлдің атауы Көркем көл екен. Бұл осы көлдің бұрынғы атауы болса керек. Кейінен бұл көл Ыстық көл аталыпты. Шындығында бұл көл бүгінде бар Ыстық көл болы мүмкін деген пайымдаулар бар. Аңыз бойынша осы көл маңайында жүрген бөрі баланы асырап, бағады. Аңшылар бөрінің соңынан түсе берген соң, бөрі асыраған адам баласын алып, Алтай тауына қарай кетеді. Ал бөрінің баланы асырап алған жері осыдан соң «Ергенекон» деп аталған көрінеді. Ғалым Ә.Марғұлан осы бір түріктердің ата-тегі туралы аңызды былай дамытады: «Ең таңсығы Ергенекон алабы – жан-жағын биік таулар қоршап алған кең алқап, қандай жау болса да таудан асып түсе алмайтын мықты бекініс, іші толған байлық, шөбі, суы орасан көп. Бөрінің қаншығы осы арада бекініп, баладан он ұл көтереді. Соның бірі – ғұн ұрпағы Ашина. Түркі қағанатын бірінші рет басқарған ғұн ұрпағы Шене (бөрі) – ақылды, кеменгер, ойшыл кісі болған, Тоныкөкке ұқсас. Өзінің ерекшелігін білдіру үшін ордасының қақпасына бөрі басты сурет салынған ту байлатып қойған»[3].

Аңызда Ергенекон елін аса құтты қоныс қылған күллі түркі жұртын сонау атамекенге қайта оралту тәрізді аса жауапты істі орындар сәтте Бөрте Шене: «Уа, қасиетті Көк Бөрі ананың ержүрек ұландары мен әулеті!» - деп жалпы қауымға қарата ұранды үндеусіз айтады.

Жалпы барша жұртқа қарсы қарата былай ұран тастау – елдің ішін бірлікке шақыру, көз алартқан сыртқы жауға қарсы күреске үндеу дәстүрі осы жырда басым көрініс тапқан көрінеді.

Белгілі әдебиетші – ғалым Ш.Ыбыраев батырлық жырларындағы осындай құбылыстың табиғаты туралы мынандай пайымдау жасайды: «Қаһармандық эпос өзіне дейінгі көне эпостың бай эпикалық тәжірибесін, жалпы ауыз әдебиетінің ең көркем тәсілдерін, жеткен биігін өз бойына сіңіру арқылы қалыптасты. Қоғамның дамуына байланысты ежелгі адамдардың дүниетанымында, көзқарасында үлкен өзгерістер болды. Мифтік сананың орнына өмірдегі құбылыстарды, табиғат дүниесін өз қалпында ұғыну, тарихи ойлау жүйесі қалыптасты. Бұрынғы жекелеген рулар мен тайпалар халық болып құрала бастады. Күн көру кәсібі мал немесе егін шарушылығына негізделеді. Алайда бұл өзгерістердің барлығы да оп-оңай іске аса қойған жоқ, ұзақ тарихи даму кезеңдерді бастан өткерді. Қоғамдағы, адамдар өміріндегі өзгерістер эпостық шығармаларға да жаңа талаптар қоя бастады. Олар елдің еркіндігі, халықтың мүддесі мен бірлігі үшін жүргізілген күресті жаңа дәуірдің түсінігіне лайықты бейнелеуге тиіс болды»[6]. Ал осы дастанды зерттеген түрік елінің ғалымы С.Банарлының зерттеу жұмысының негізінде жарыққа шыққан дастанның жалпы мазмұнын төмендегідей: Ертедегі бір заманда Көк түріктердің жұртын Иль деген хан билепті. Ол кезде түркі жұрты асқан қуатты болыпты. Түркілердің ол кезде жебесі жетпеген жер, әскері алмаған жұрт болмапты. Осы кезде түркілердің «даңқы жер жарып, беделі асқар таулардан асып тұрған заманда» көршілес бір елдің билеушісі оларға жаман пиғыл, зұлымдық ойлапты. Ол түркілерді алдап соқпақ болып бел буады. Осы оймен ол түркілерге қарсы соғыс ашамын деп жар салады. Майдан даласындағы шайқас қыза бастағанда жау әскері жалт бұрылып қаша жөнеледі, ал олардың соңынан түркілердің әскері қуа түседі. Өздеріне аса бір қолайлы тұсқа жеткенде

жау әскері жалт бұрылып, түркілерге қарсы шабуылға шығады. Қапылыста жау қоршауына алданып түскен түркі әскері оңбай жеңіліс табады. Зұлым жау әскері оларды қырып-жойып, бар тірі қалғандарын тұтқындайды. Елдің билеушісі Иль ханның ұлдары сонша көп болса да, барлығы бірдей соғыста қаза табады. Тек кенже баласы Қаян ғана тірі қалады. Осы тұста Ильдің Тоғуз деген жиені майданда аман қалып, жау жағына тұтқын болып түседі. Күндердің бір күні орайлы сәт туғанда Қаян мен Тоғуз әйелдерімен қоса тұтқыннан қашады. Қашып шыққан олар өздерінің бұрынғы ескі жұртына оралады. Жұртқа келген Қаян мен Тоғуз алдарында жайылып жүрген төрт тұлқ малды көріп, олардың әрқайсысынан бір жұптан алып, сонау алыс сапарға аттанады.

Жаудан қашқан Қаян мен Тоғуздың басты арманы – арттарынан қуған жау мүлдем іздеп таба алмас, шөбі шүйгін жайылымды, өмір сүруге жайлы жерұйық іздеп табу болады. Осы мақсатпен сандаған күндер, сандаған айлар, тіптен жылдар бойы жүрген олар сарылып ұзақ жүріп, ойларындағыдай жер таба алмайды. Ең соңында олар айналысын заңғар таулар қоршаған, сол таулардан сарқырап асау өзендері ағып жатқан бір жерге келеді. Олар тоқтаған үлкен дарияның бір тұсы – жеміс ағаштары ерекше жайқалып өсіп тұрған бау-бақша болса, екінші тұсы – шүйгін шөбінен түйенің өзі де көзге көрінбейтін кең жазира жайлау болып шығады. Олар осы бір тамаша мекенге «Ергенекон» деп ат қояды.

Бұл жерде «ергене» деген сөз ежелгі түркі тілінде тау ортасындағы «өткел» немесе «шатқал» деген мағынаны берсе, «кон» сөзі қоныстану, мекендеу, бір жерге «қону» мағынасында жұмсалған. Яғни, «ергенекон» деген сөз «шатқалдағы қоныс» деген мағынаны береді. Осы бір Ергенекон мекені түркілерге аса бір құтты қоныс болады. Олардың ұрпағы өсіп, өнеді. Қаянның Қаят есімді баласнан тараған ұрпақ Қаяттар, ал Тоғуздың Түргеш атты баласынан өсіп, өнгендер Түркештер тайпасы деп аталыпты. Осы екеуінен тараған ұрпақтар төрт жүз жыл бойында өсіп-өніп, тұтас бір халыққа айналған көрінеді. Ал түркілердің малы да аса ерекше көбейіп, Ергенекон мекеніне сыймастай болады. «Бір күні елінің әміршісі, кемеңгері, алып батыры Бөрте Шене (бөрі) қарамағындағы халықты жинап алып, оларға қарата мынадай үндеу-сөз айтады:

– Уа, қасиетті Көк Бөрі ананың ержүрек оғландары (ұландары) мен әулеті! Менің айтар сөзімді пайымда, жақсылап ұғып ал! Біздің ата-бабаларымызға қадым замандардан бері осы Ергенекон жері құтты мекен болған. Арада көп жылдар өтті. Көк тәңірі бізді қолдап, өстік, өндік, көбейдік. Бұл үшін киелі Ергенекон жеріне бәріміз бас иіп, тағзым етейік. Әйтсе де біздің ұлы бабалар зираты жатқан қасиетті атамекеніміз анау заңғар таулардың арғы жағында екенін ұмытпайық. Бір кезде бірге қорған болған асқар таулардың қоршауынан амалдап шығайық. Енді аттың басын ата жұртқа қарай бұрайық. Табағаштарды жерімізден қуып шығарайық. Сөйтіп, кек қайтарайық, жер қайтарайық!»[3].

Осыдан соң, «Ергенекон» дастанында Бөрте Шененің ұранды сөзін барша халық ерекше қолдап-қолпаштайды, алыс сапарға дайындық жасайды, биік-биік таулардан олардың көші шыға алмай ақыры тұйыққа тіреледі. Осыдан соң бір темірші ұста жетпіс түйе терісінен алып көрік жасап, сол арқылы тау бөктеріне көмір жағып, тауды ерітіп, жол салып керуенді өткізеді, туған жерлеріне жеткен олар төрт жүз жылдан соң табағаштардан кек алып, Түрік қағанатын құрады.

Осы жырды жан-жақты зерттеген академик Ә.Марғұлан осы дастанда жырланатын оқиғалардың астарындағы тарихи шындық мәселесі туралы: «Біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын – қытай үкіметі ғұндарға қарсы жойқын соғыс ашып, алты жүз жыл өткенде оларды қиратып бітірген. Бостандықты жақсы көретін ғұндар Алтай тауының, Жетісудың төңірегіне жиналып, суармалы егін егіп, тау-кен жұмысымен шұғылданады. Темір, мыс алтын шығарады. VI ғасырдың орта кезінде Түрік қағанатын құрады. Түріктердің бұрынғы аталары Күнбатыс теңізінің жоғарғы жағында тұратын. Олар ғұндардың бір ұлы тайпасы еді» - деп жазады [4].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ғылыми-зерттеу жұмысымыздың алғашқы тарауында «Томирис», «Шырақ», «Шу», «Алып ер Тоңа» Аттила», «Ергенекон»


дастандардағы жер-су атаулары мен кісі есімдерінің лингвистикалық сипатын айқындауды мақсат тұттық.

«Сақтар мен ғұндар дәуіріндегі қаһармандық дастандар, ондағы кісі есімдері мен жер-су атаулары» атты бірінші тарау «Сақтар дәуіріндегі тарихи деректерге толы ерлік эпостарындағы ономастикалық атаулар», «Ғұндардың батырлық жырларындағы топонимдер мен антропонимдер: аңыз бен ақиқат» деген екі бөлімге бөлінді.

«Сақтар мен ғұндар дәуіріндегі қаһармандық дастандар, ондағы кісі есімдері мен жер-су атаулары» атты бірінші тарауда «Томирис», «Шырақ», «Шу», «Алып ер Тоңа» Аттила», «Ергенекон» дастандардағы ономастикалық атаулар олардың тілдік ерекшеліктері мен ақиқат пен аңыз мәселесі сөз болды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ежелгі түркі жазба-ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. — Алматы. Ғылым, 1981.
2. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. — Алматы. Мектеп, 1985.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (соңғы басылым). — Алматы. 2005.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы. Жалын, 1985.
5. Гумилев Л. Көне түріктер. — Алматы. Білім, 1994.
6. Ибраев Ш. Қазақ батырлық эпосының поэтикасы. — Алматы. Жазушы, 1993.



#### **ОӘК 011**

#### **Поэтонимдер мен ономастикадағы тарихи таным**

**Бейсенбаева А.Е., Райымбаева Г.С., Бошқаева Ә.Қ.  
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы**

**Андатпа.** Қазақ тіліндегі ономастикалық атаулардың құрамдық және құрылымдық сапасына да бірталай өзгерістер енді. Еліміз егемендік алған соң мемлекетіміздегі жаңаша қоғамдық-саяси даму үрдістерімен сәйкес бүгінгі экономикалық, геосаяси жағдай мен мәдени әрі ғылыми және тілдік жүйесінің сыртқы жағдайларын ескере келе, қазақ тіл ғылымы жаңа бағытта дамуы талап етілді.

Бүгінгі таңда тілші-ғалымдар жинастырған ономастикалық материалдарды терең зерттей келе, оларды тілдің лексикалық қорының аса құнды, маңызы зор дереккөздері тұрғысында баса көңіл бөліп, жан-жақты зерттеуді керек ететінін айта кеткен жөн.

**Аннотация.** В составное и структурное качество ономастических наименований в казахском языке также внесены значительные изменения. После обретения страной суверенитета, в соответствии с новыми тенденциями общественно-политического развития страны, с учетом сегодняшней экономической, геополитической ситуации и внешних условий культурной, научной и языковой системы, казахская языковая наука должна развиваться в новом направлении.

Углубляясь в ономастические материалы, собранные сегодня учеными-корреспондентами, следует отметить, что их необходимо всесторонне изучать, уделяя особое внимание в контексте наиболее ценных, значимых источников лексического фонда языка.

**Annotation.** Significant changes have also been made to the composite and structural quality of onomastic names in the Kazakh language. After the country gains sovereignty, in accordance with new trends in the socio-political development of the country, taking into

account the current economic, geopolitical situation and external conditions of the cultural, scientific and linguistic system, Kazakh language science should develop in a new direction.

Delving into the onomastic materials collected today by corresponding scientists, it should be noted that they need to be comprehensively studied, paying special attention in the context of the most valuable, significant sources of the lexical fund of the language

**Кілт сөздер:** ономастика, ғалым, ақиқат, зерттеу, атаулар, компонент.

**Ключевые слова:** ономастика, ученый, истина, исследование, имена, компонент.

**Key words:** onomastics, scientist, truth, research, names, component.

Антикалық заманның Демокрит, Платон, Диомед, Апполоний Хрисипп, Дискон, сияқты ғұламалары дүниежүзіндегі атаулар мен есімдердің шындығын, әрі міндетті түрде олардың керектігін түсініп, өз пікірлерін жазып қалдырған.

XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап ономастика ғылымы зерттеле бастады. Қазіргі кезде ономастика экргономия, топонимия, антропонимия, этнонимия, зоонимия сияқты түрлерге бөлінеді.

Көрнекті орыс халқының журналисті В.А.Никонов өзінің «Имя и общество» еңбегінде ономастиканы егжей-тегжейлі қарастырады. Ғылымның бұл бөлігі ХХ ғасырдың бел шегінде зерттелгенін, содан кейін әйгілі жазушы Л.В.Успенский жалқы есімдер жасауда жаңа серпіліс жасап, өткен ғасырдың екінші бөлігінде қайта өркендегендігін жазды. Антропонимистер Э.Б.Магазаник, В.М.Калинкиндер, Ю.А.Карпенко алғаш рет өз шығармаларында ономапэтика немесе поэтикалық антропонимия терминдерін қолданды.

Ономапэтика немесе поэтикалық ономастика деп аталатын ономастиканың бір саласы – көркем шығармалардағы поэтонимдерді, стилі, құрылымын және оның қолдану аясын қарастырады. Бірнеше ғалымдар бұл терминге анықтама бере отырып, ғалым Н.В.Подольская поэтикалық немесе ономапэтика ономастика туралы әдеби шығармалардағы атаулы мағынаны ғана емес, сонымен бірге шығарманың экспрессивті, идеялық және әлеуметтік мәнін, даму, білім беру, жеке есімдерді қолдану ерекшеліктерін қарастыратын ғылым саласы ретінде түсіндіреді[3].

Сонымен қатар, В.И.Супрун бірінші, негізгі орын алар кейіпкерді нақтылау; екінші, ономастиканың жүйесін орнату; үшінші, танымның көмекші белгісі ретінде қолданылатын поэтонимдердің функционалдық айырмашылықтарының үш функциясын нақтылап берді[3].

Ғалымның ғылыми еңбектері, тіпті саналы өмірінің көп бөлігін антропонимика ғылымына арнады. Сондықтан оны қазақтың тілші-ғалымдарының тұңғыш «антропонимист-ғалым» деп атаған[3].

Қазіргі уақытта қазақ антропонимиясы жеке ғылым тұрғысынан айтарлықтай жетістіктерге жетті. Нәтижесінде өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап бүгінгі күнге дейін әртүрлі деңгейдегі елуге жуық ғылыми жұмыстар қорғалды.

«Қазақ ономапэтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары» ғылыми еңбегінде Қортабаева Гүлжамал Қыдырбайқызы қазақ жазушыларының шығармаларындағы сатиралық есімдердің лингвистикалық табиғатын фольклорлық үлгідегі әдебиеттерін бүгінгі күнге дейін ономасиологиялық-этнолингвистикалық контексте зерттеді. Осы туралы нанымды қорытынды берді[3].

Алғашқы кезекте Г.Қортабаева өзінің ғылыми-зерттеу еңбегінде ономастиканың бүгінге дейінгі зерттелу деңгейін алыс және шетел ғалымдарының ғылымның осы саласын дамытып, жетілдіруге қосқан үлесін сөз етеді. Сондай-ақ, қазақ ономастикасының ғылыми тұрғыда қалыптасып, дамып, жетілуін жан-жақты қарастырады. Ол қазақ тіл білімінде ономастика мәселесіне А.Байтұрсынұлынан бастап қазірге дейін қалам сілтеген, өз еңбектерін арнаған ғалымдардың зерттеу жұмыстарына шолу жасай келе, көркем шығармаларда сатиралық-юморлық кейіпкер есімдері толық, терең зерттелмегенін анықтайды.

Гүлжамал Қыдырбайқызы белгілі ғалым Т.Қожакеевтің еңбектеріне сүйене келе, сатира мен юморға, ондағы сатиралық кейіпкер табиғатына кеңінен тоқталады. Сатира мен юморға берген ғалымдардың анықтамаларын қарастырады. Осыдан соң ғалым сатира мен юмордың ерекшеліктері мен ұқсастықтарына, ауыз әдебиетінен бастап қазірге дейін сатирадан орын алған сатиралық кейіпкерлерге көңіл бөледі.

Г.Қортабаева ономастикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары синхрониялық және диахрониялық тұрғыдан сол сияқты салыстырмалы – тарихи әдістердің көмегімен зерттелетіндігін айтады. Ғалымның пайымдауынша, ономастика ғылымын тіл білімімен қоса, этнография, әдебиет, тарих, география ғылымдарымен байланыстыра қарасақ қызықты, әрі тартымдырақ болары сөзсіз. Гүлжамал Қыдырбайқызы сондай-ақ, өзге ғылым салаларымен тығыз байланыста жалқы есімдерді хронологиялық тұрғыда жіктеуге болатынын жазады.

Ол С.Роспонд, А.В.Суперанская сияқты бірнеше шетел ғалымдарының антропонимдерге жүргізген зерттеулеріне көңіл бөледі. Мысалы, С.Роспонд антропонимдерді мерзім тұрғысынан категорияларға бөліп қарастырады. Яғни, С.Роспондтың пайымдауынша, жан алғашқы да, жан тегке айналғанда, екінші есім болады[4].

Г.Қыдырбайқызы осы мәселені зерттеуші С.Иманбердиеваның «мәтіннен тыс жерде ономастика кеңістік мағынасынан айрылып, түсініксіз болады» деген қорытынды пікіріне қосылады[3].

Г.Қортабаева поэтонимдерге анықтамаларына тоқталып өтеді. Осы мәселе тұрғысынан ономатолог ғалымдардың ғылымға енгізген жаңа терминдеріне шолу жасайды. Мәселен, «В.Н.Попова археоним, С.Қ.Иманбердиева менсоним, Г.Б.Мәдиева спиритоним, Қ.Қ.Рысбергенова эремоним, ареноним» тәрізді терминдерді қолданысқа енгізуге ұсынғандығын айтады[3]. Ал, ғалым Г.Қортабаеваның өзі төл поэтикалық ономастикамызда ғылыми оралымға енген терминдер жоқтың қасы екенін жаза келе, сатиралық-юморлық есімдерге байланысты сатироним, юмороним деген терминдерді алғаш қолданады.

Гүлжамал Қыдырбайқызы А.В.Суперанская, А.Т.Қайдаров пен І.Кеңесбаевтың пікірлеріне сүйене отырып шығармада кездесетін кейіпкер есімдерін «Адам», «Табиғат», «Қоғам» деген үш үлкен тармаққа бөледі. Олар: бірінші, адамға байланысты атаулардан жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдер, екінші, табиғатқа байланысты атаулардан жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдер, үшінші, қоғамға байланысты мағынада жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдер[3].

Нақты тоқталар болсақ, адамға байланысты атаулардан жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдерге туыстық қатынастан, физиологиялық, биологиялық белгілеріне байланысты, соматикалық атаулардан тұратын, тұрмыс жабдықтардан тұратын, зергерлік бұйымдар атауынан құралған, мата, киім атауларынан туындаған, азық-түлік, тағамдардың атауларына байланысты, ән-күй аспаптарының атауларына байланысты туындаған, жабдық атауларынан туындаған, малдың тері атауларынан тұратын, малдың жүн-тері атауларына байланысты туындаған, қару-жарақ атауларына байланысты, ұлттық мүлік аттарына байланысты туындаған, сандық-өлшемдік ұғым білдіретін атаулар, пейоратив есімдерді жатқызады. Ал, екінші, табиғатқа қатысты атаулардан жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдерге аспан денелеріне (астронимия) байланысты, анемоним (желге байланысты туындаған) атаулар, аң-құсқа байланысты туындаған, жер бедеріне орай туындаған (ойконим) атау, өсімдікке қатысты (фитонимдік), түр-түстен жасалған, топонимдік есім, экзонимдік (сыртқы) есімдер деп бөліп қарастырады. Үшінші, қоғамға байланысты мағынада жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдерге абстрактілі ұғымға орай туындаған, мифоперсонимдік атаулар, мифонимдік атаулар, демонимдік есімдер, теонимдік есімдер, дигитонимдік есімдер, политонимдік есімдер, порейонимдік, білім-ғылымға қатысты есімдер, жанрлық есімдер, сауда-финансқа байланысты, этнонимдік, хрононимдік, жасанды есімдерді жатқызады.



Г.Қортабаева сатиралық-юморлық поэтонимдерді осылай топтама жасай отырып, олардың ішінде фитонимдер мен зоонимдер, хремотонимдер мен соматизмдер барынша мол қолданылғандығын, ал, демонимдер мен хрононимдер, порейонимдер мейлінше аз кездескендігін анықтаған.

Ғалым Г.Қортабаева сонымен қоса, кейіпкер есімдерінің лексика-грамматикалық құрылымын қарастырады. Кейіпкер есімдерінің морфологиялық-синтаксистік жасалымына тоқталған ол жалқы есімдерді морфологиялық құрылымына орай топтастырып қараудың бүгінге дейін белгілі болған бірнеше жолдарын сөз етеді. Олардың ішінде Н.В.Подольскаяның бірінші – бір негізді атаулар, екінші – екі негізді атаулар, үшінші – туынды атаулар. А.В.Суперанскаяның бірінші – зат есімді атаулар, екінші – сын есімді атаулар деген топтастыруларын және Т.В.Линконың бірінші – жай және екінші – күрделі, О.А.Сұлтаньяевтың бірінші – есімдерден, екінші – етістіктен жасалған атаулар деп бөлгендігін, сол сияқты Т.Жанұзақовтың негізгі, туынды, екі компонентті, көп компонентті, деп төртке жіктеп қарастырғандығын жазады[3]. Әр елдің жалқы есімдерді топтастыру заңдылығының әртүрлілігі әр тілдің сөзжасам құрылымының және жасалуының да түрліше екендігін көрсететіндігін айтады. Ол онимдік бірліктерге құрылымдық талдау жасаудың нәтижесінде олардың бір түбірден тараған, ешбір қосымшасыз, жұрнақ арқылы, сөздің бірігуі мен қосарлануынан жасалғандығын айқындайды.

Гүлжамал Қыдырбайқызы онимдік бірліктердің жасалуына тоқтала отырып, қазақ тіл біліміндегі 9 сөз табының кейіпкер есімдерінің жасалымындағы қатысын, сандық көрсеткішін нақтылайды. Олар: зат есім мен зат есімнің қосындысы, зат есім мен сын есімнің қосарлануы, зат есім мен етістіктің қосарлануы, сын есім мен сын есімнің бірігуі, сын есім мен зат есімнің қосындысы, зат есім мен үстеудің бірігуі, сан есім мен сан есімнің қосарлануы, сан есім мен зат есімнің қосылуы, есімдік пен зат есімнің қосарлануы, етістік пен зат есімнің бірігуі, есімше арқылы, үстеу сөзден, еліктеу сөздерден, аббревиатураланған сөздерден, одағай сөздерден, шылаулар арқылы жасалған есімдер. Осының ішінде есімдік сөзден жасалған атаулардың өзін сілтеу мәнді, белгісіз мәнді, сұрау мәнді, өздік мәнді, болымсыз мәнді деп бөліп қарастырады. Г.Қортабаева етістікті өзге сөз таптардан гөрі ерекше ауқымды, мол кездесетін, семантикаға бай, әртүрлі формалы тілдік құбылыс екендігін айта келе, оны лексика-семантикалық мағынасына қарай етістік пен зат есімнің қосылуынан, есімше түрдегі, бұйрық райлы, етістік пен сын есімнің қосындысынан жасалған есімдер деп топтап қарастырады. Сөз таптарының ішіндегі еліктеу сөздерден туындаған кісі есімдеріне байланысты К.Ш.Хұсайынов, Ш.Сарыбаев, Н.К.Дмитриевтердің зерттеу еңбектерін негізге ала отырып Г.Қортабаева лексика-семантикалық жағынан адамның жүріс-тұрысын көрсететін, адамның сөйлеу ерекшелігін танытатын, адамның көңіл күйін көрсететін, адамның мінезін суреттейтін, табиғаттағы аң-құстың дыбысынан пайда болған, адамның бойындағы ұнамсыз қылықтарды сипаттайтын сатиралық-юморлық поэтонимдер деп топтастырады. Ал одағайлардан жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдердің аздығын тілге тиек ете отырып тілші-ғалым оларды көңіл күй одағайлары, хайуанаттарға байланысты шақыру, жекіру, тыйым салу мәніндегі, экспрессивті одағайлар деп жіктейді.

Келесі кезекте Г.Қортабаева табу, эвфемистік сипатты және лақап есімдерге, туыстық жайларға байланысты туындаған есімдерге, сан-өлшемдік ұғымдарға орай пайда болған есімдерге, сондай-ақ, түр-түстің кейіпкер есімдеріндегі символдық белгісіне тоқталады.

Т.Жанұзақтың «Қазақ ономастикасының мәселелері» атты кітабында: «Дала генерал-губернаторының қарамағына енген үш облыс, он алты уезд атауларының ішінде қазақтың ертеден келе жатқан өз топонимдері де, патша үкіметінің әдейі өзгерткен орысша топонимдер де кездеседі. Мәселен, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Қарқаралы, Қопалы, Жаркент сияты ежелгі түркі аттарымен қатар, Петропавловск, Семипалатинск, Павлодар, Верный, Семиреченск тәрізді облыс, уезд атаулары да кездеседі. Бұлардың

ішінде де тарихи жағынан ертеден келе жатқаны, сондай-ақ патша үкіметінің орыстандыру саясатының негізінде әдейі өзгертілген атаулар бар» [3].

2002 жылғы мәлімет бойынша Қазақстандағы 25 мыңдай елді-мекеннің, 8 мыңдай мектептің, 20 мыңдай физикалық-географиялық объектілердің атауларының көпшілігі әлі де елдігімізге сәйкес зерттеуді қажет етеді [6].

Қазақ қашан да тілінің әдемілігімен, сөздік қорының байлығымен, тілдік иірімдерінің әсемдігімен мақтанатын. Бабалардың әлемге деген көзқарасы, ішкі-сыртқы сезімі, тебіреніс, толғанысы, қуанышы мен қайғысы да осы тілдің көмегімен бейнеленіп отырды. Осы бай тілдің көмегімен бірін-бірі қайталамайтын көркі мен көркемдігіне сай атаулар беріп жүрді. Яғни, ол кездері өздеріне беймәлім болса да, ел мен жер атауларын нақты дәл айтып отырған топонимдер берумен айналысқан. Халқымыздың салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі жайлы мол мағлұмат көзі де бүгінгі күнге сол халықтық топонимдермен бірге жетіп отыр.

Бұл туралы Ә.Қайдар былай дейді: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлар этнос өмірінің мың да бір елесі ғана, оның шын мәніндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-домалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана. Яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін»[1].

Академик Ә.Қайдардың пікірінше: «...тіл – қорған, тіл – қару, өнер алды – қызыл тіл, тіл – ұлттың жаны мен тәні. Өз тілінен айрылған ел – ел емес, ұлт – ұлт емес. Өйткені, этностың ұлт санатына қосылуы үшін қажетті де міндетті шарттарына ортақ табиғи орта, ортақ күнкөріс көздері, ортақ тіл, ортақ психология жататыны белгілі, сондықтан да қазақ халқы бүгінгі жер жүзілік жаһандану процесінде біртұтас ұлт болып қалуы үшін ана тілінің тас түйін етіп ұйыстыратын ұйытқы болар құдіретті күшіне сүйену керек...» [5].

Адамзат баласы саналы қалыпқа түскелі бері бірінен соң бірі ауысып отыратын ұрпақ толқындары өздері қолданысқа енгізген немесе уақыт талабына сай пайда болған материалдық және рухани мәдениетін өзінен кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырып отырды. Бабаларымыз да бізге өзінің сан ғасырлардың сүзгісінен өткен асыл қазынасын, мәдени бай мұрасын осы күнге де жеткізді. Оның ішінде тілдік мәдениетіміз де бар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Жалын, 1998.
- 2 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1988.
- 3 Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономапозитикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары. ф.ғ.к. дисс: 10.02.02. –Алматы, 2007.
- 4 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: Ғылым, 1965.
- 5 Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986.
- 6 Орынбетова Э. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының ономастикалық кеңістігінің лингвомәдени сипаты. ф.ғ.к. дисс: 10.02.02.–Алматы, 2010.



**ӘӨЖ 783 (025)**

**Көне түркі жазбаларындағы ономастикалық атаулардың тілдік ерекшелігі**

**Сулейменова Г.Б., Садыкова С.С., Бейбітова А.Х.**

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы

**Андатпа.** Қазақ тіліндегі ономастикалық атаулардың құрамдық және құрылымдық сапасына да бірталай өзгерістер енді. Еліміз егемендік алған соң мемлекетіміздегі жаңаша қоғамдық-саяси даму үрдістерімен сәйкес бүгінгі экономикалық, геосаяси жағдай мен мәдени әрі ғылыми және тілдік жүйесінің сыртқы жағдайларын ескере келе, қазақ тіл ғылымы жаңа бағытта дамуы талап етілді.

Бүгінгі таңда тілші-ғалымдар жинастырған ономастикалық материалдарды терең зерттей келе, оларды тілдің лексикалық қорының аса құнды, маңызы зор дереккөздері тұрғысында баса көңіл бөліп, жан-жақты зерттеуді керек ететінін айта кеткен жөн.

**Аннотация.** В составное и структурное качество ономастических наименований в казахском языке также внесены значительные изменения. После обретения страной суверенитета, в соответствии с новыми тенденциями общественно-политического развития страны, с учетом сегодняшней экономической, геополитической ситуации и внешних условий культурной, научной и языковой системы, казахская языковая наука должна развиваться в новом направлении.

Углубляясь в ономастические материалы, собранные сегодня учеными-корреспондентами, следует отметить, что их необходимо всесторонне изучать, уделяя особое внимание в контексте наиболее ценных, значимых источников лексического фонда языка.

**Annotation.** Significant changes have also been made to the composite and structural quality of onomastic names in the Kazakh language. After the country gains sovereignty, in accordance with new trends in the socio-political development of the country, taking into account the current economic, geopolitical situation and external conditions of the cultural, scientific and linguistic system, Kazakh language science should develop in a new direction.

Delving into the onomastic materials collected today by corresponding scientists, it should be noted that they need to be comprehensively studied, paying special attention in the context of the most valuable, significant sources of the lexical fund of the language

**Кілт сөздер:** топоним, география, Орхон-Енисей, ғалым, Күлтегін, жыр.

**Ключевые слова:** ономастика, ученый, истина, исследование, имена, компонент.

**Key words:** onomastics, scientist, truth, research, names, component.

Әрбір халықтың болмысы, оның жер бетіндегі өмір – тіршілігі сөзбен таңбалады. Халық тіліндегі осындай дәйекті де деректі атаулардың күрделі бір саласы – топонимдер, яки, жер – судың, туған – өскен өлкенің атаулары, әралуан географиялық нысаналарға тағылған тілдік айырым белгілер болып табылады. Тіл білімінің дербес бір саласы ретінде танылатын топонимика лингвистиканың диалектология, этимология, тіл тарихы, лексикалогия сияқты тарауларымен бірлікте дами отыра, тарих, география, этнография, т.б. тәрізді пәндермен де еншілес болып келеді. Осы себепті де ғалымдар ономастикалық ізденістердің басты принциптерін белгілеу барысында топонимика сияқты кешенді ғылым саласын туғызушы жағдаяттарды одан өңге, немесе шекаралас пәндерді дүниеге келтіретін шарттардан бөліп қарауды ұсынады.

Топонимикалық деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан тіл ішінде өз алдына сұрыпталған лексикалық қабат түрінде өмір сүреді. Неғұрлым ірілеу аймақтардың, өлкелердің аттары географиялық карталарда, әкімшілік аудандардың номенклатуралық тізімдерінде, әртүрлі тарихи кітаптар мен анықтама әдебиеттерде хатталады. Алайда біздің бұл айтып отырғанымыз жазу мәдениеті жетілген ел – жұрттың азаматтық хал – жағдайының көрінісі. Ал, ежелгі дәуір топонимдері, сонымен бірге, халықтың этнографиялық, қоғамдық – әлеуметтік жай – күйінен, өткендегі тіршілік қалыбынан әрқилы мәлімет беретін аңыз – әңгімелерінде, жыр – дастандарында, ертегілік сюжеттерінде де бірқыдыру сақталады. Әрине, ондай деректердің бәрі тарихи шындық тұрғысынан аса дәлелді болмағанымен, белгілі бір өлкені мекен еткен жұрттың, бұқара көпшіліктің ой – арманын, кәсібі мен характерін танытатын елеулі тілдік - әдебиеттік кепілдеме ретінде сөздік қорымыздың құрамынан тиісінше үлес алады.

Тек түркі жұртының мәдениетінде ғана емес, бүкіл дүниежүзі мәдениетінің тарихында ерекше бір орын алатын аса бір құнды рухани жәдігерлеріміздің бірі, барша әлемге ақын тас, жыршы тас деген атымен танылған - Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. Бұл асыл мұрамызда ата-бабамыздың ежелдегі білімі мен білігінің, дүниетаным, көзқарасының, аса бір соқтықпалы кезеңдердегі Отаны, ел үшін, жер үшін, сол халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен ерлік шежіресінің тамаша таңбасы бар.

Қазіргі таңға дейін түркология ғылымында ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің тарихы туралы, тілі, ондағы образдар жүйесі, жырдың жанры туралы көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оң нәтижесін берді. Тіптен әртүрлі деңгейдегі сүбелі ғылыми еңбектері жарыққа да шықты.

«Көздің жасымен, жүректің қанымен құлпырыстарға қоршалып тұрып жазылып, қаймағы бұзылмай бізге жеткен осы бір ғажайып руналық жазуларда кейде жоқтау, кейде мадақтау ыңғайында айтылған шешендік сөздердің өлеңдік ұйқастардың, мақалды тіркестердің не бір көне үлгілерін көреміз. Онда VIII ғасырдың іргелі мемлекеті Түркі қағанатынаң құрамындағы толып жатқан рулардың өзара есепсіз жауласуы, сабылған жарықтары мен соғыстары суреттеледі» [2,18].

Бір сәттерде ауызбіршіліктен айрылып, бастары бірікпеген, ал енді бір кезеңде естерін жиып өзгелер қызығар ел болған түркі жұрты мен оның ерлеріне арналған:

«Түркі халқы, тыңдандар!  
Көктен тәңірі баспаса.  
Төменде жер айырылмаса,  
Ел жұртынды кім қорлайды?!  
О, қасиетті Өтүкен қайнауының халқы!  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың,  
Барған жерде не пайда таптың?»

деген жолдар тегін берілмеген [2]. Тарихи деректерге қарағанда 731 жылдың жаз мезгілінде ұлан ғайыр даланың айбынды билеушісі Бумын, Қапаған, Естеми, Құтық қағандардың тікелей ұрпағы: жарау атты, ұзын найзалы түркі руларының күллі ырысы мен бақыты іспеттес - Боз айғырлы айбарлы ер Күлтегін о дүниелік болды. Тірлігінде бетіне ешбір дұшпанын қаратпаған осы бір айбынды батырдың қасіретті де қайғылы қазасы барша түркі даласына жылдам ақ тарған болатын. Оның қазасына тізе қосқан досы мен қоса кескілескен қасы да тегіс жиналды деп жырланады тасқа қашалған жырда. Ұшы-қиыры жоқ, ешбір дамылсыз ағылған жұрттың қаралы қайылы шеруі даңқты түркі батырына деген ыстық ықылас-пейілдің куәсі болатын. Сол заманның белгілі жырауы, Күлтегін батырдың немере інісі Йоллығ тегін әр тараптан шеберлер келтіріп, бір жылдан соң күзде Күлтегін батырдың басына осы тұлғаның батырлығының нақ бір белгісіндей мәңгілік тозбас ескерткіш болатын - зәулім құлпытас қойдырады. Әдемі бір әшекейлермен оймыштала көмкеріліп, керемет нақышпен өрнектеле жасалған осы бір заңғар құлпытаста жұртын сүйген ерге деген халқының жүрегінен шыққан жоқтауын көне түркі тілінде ешқашан өшпестей етіп тұрып қашатып жаздырады:

«Сонау бастан, о бастан  
Жаралғалы қара жер,  
Естими мен Бумынның  
Адамзаттан бағы асқан.  
Төрт бұрышы дүниенің.  
Соларменен санасқан.  
Бүкіл түркі үмітпен  
Екеуіне қарасқан  
Қол астына жиылып,  
Қол астынан тарасқан  
Олар салған дүбірден

Қаптап жатқан қалың жау  
Шыбын жаннан түнілген,  
Дардай болып келгенмен.  
Бордай болып үгілген.  
Басы барлар иіліп,  
Тізесі бар бүгілген» [2,19].

Міне, тастың бетіне мәңгілік кетпестей етіп тұрып қашалып жазылған тарихи жыр осындай жолдармен басталған. Ғалымдардың есептеуінше содан бері тура мың екі жүз елу жылдан астам уақыт өткен екен. Тіптен тарихтың беті де сан түрлі өзгерістерге ұшырап жатты. Сандаған жылдар жылжып, сандаған ғасырлар алмасып келіп жатты. Ел сан мәрте жаңарып, қоныстар сан мәрте өзгеріске ұшырап жатты. Дегенмен, Орхон өзенінің бойында орналасқан қайсар батырдың тап бір ерлігіндей тәкәппар, әрі сұсты, әрі маңғаз тас ескерткіш сандаған ғасырдан асып, сол заманының тарихи шындығын, халықтың қайғы-қасіретін, әрбір амал-әрекетін мәңгілік арқалап, сол қалпында еш бұзылмай, құрымай қазіргі таңға жетті.

Осы бір зәулім таста халықтың басына түскен, оның қаһарман ұлдарын дел қылған ауыр, қайғылы, шерлі қазаны:

«Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылам білместей болды.  
Жылай-жылай жұртымның,  
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым», -  
деген жыр жолдары арқылы баян етеді [2,21].

Осы жырда халыққы сүйген хас батырдан, сүйеніші болған туған інісінен айырылған Білге Қаған қайғыдан ақылынан адасады, барша түркі жұртының көзінің жасы көл болады. Осы бір аса бағалы жоқтау жырда асқан батыр Күлтегіннің жауға жасаған жорықтар мен сұрапыл айқастары бейнеленеді. Ол жырда былай беріледі:

«Інім Күлтегін қаза болады,  
Өзім қайғырдым.  
Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды,  
Өзім қайғырдым, тағдырды – тәңірі жасады,  
Адам баласының бәрі өлгелі туған.  
Қайғырғаным соншама,  
Көзге ыстық жас келер,  
Көңілге ауыр шер келер,  
Тағы да ойландым.  
Қатты қайғырдым,  
Екі шарт, бүкіл жеткіншектерінің.  
Ұландарым, беттерімнің халқымның,  
Қасы-көзі аз болар деп қайғырдым» [2,22].

Бұл жырда жастайынан ат жалын тартып, халқы үшін қолына қару алған жас батыр, жұртының намысы үшін сыртқы көз алартқан жауға қарсы аттанып, аса ауыр қиындықтарды көріп, соңында еліне жеңіспен оралатыны жырланады. Ер азаматтың батырлығы мен ерлігі қашанда қырғын қантөгісте көрініс табатыны анық. Ертедегі жыр, аңыздарға сүйенсек, ер жігітке оның іс әрекетінің, ерлігінің, қайсарлығының белгісіндей лақап атты осындай аса жауапты айқастарда ешбір қаймықпай көрсеткен ерлігі үшін таңатын болуы қажет. Жырда ешқашан жеңіліс таппаған Күлтегіннің он алты жастан бастап өмірінің соңғы сәті қырық жасына дейінгі ғұмырындағы барша ерлігі баяндалады. Байқап бақсақ, Орхон жырларында да қазақ фольклорындағыдай батырдың астындағы тұлпары айрықша жырланған. Біз жырға зер салсақ, Күлтегінге қан майдан даласында серік болған сандаған сәйгүлік тұлпарларды көреміз. Қазақ эпостарынан бұл жырдағы бір өзгешілік, ондағы батырдың керемет жойқын айқастарына төзбеген тұлпар аттардың

біразы оқ тиіп, опат болып жатады. Десек те, Күлтегін жасаған ауыр шайқастарға шыдас берген, оған айнымас серік болған Азман ақ, Алып Шалшы ақ айғыр, Жетімек, Қара-кер сияқты айбынды батырдың даңқына сай тұлпарларды атай аламыз. Бұл жырда автор:

«Биікте көк тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында  
Адам баласы жаралған  
Адам баласы үстіне ата тегім  
Бумын қаған, Үстемі қаған отырған.  
Отырып, түрік халқының ел-жұртын,  
Қалыптастырған, иелік еткен» [1], -

деген жыр жолдарымен сонау Бумын, Естіми қағандардың түркі жұртына иелік қылуын адамзаттың жаратылысынан бастайды. Оларды дүниенің төрт бұрышындағы дұшпандардың барлығын жеңіп, еліне бейбіт өмір орнатқан, айлалы да, ақылды, «тізеліні бүктіріп, бастыны еңкейткен» алып батыр қағандар деңгейінде суреттейді.

Осы жырда есімі айрықша аталатын тұлғаның бірі - Елтеріс қаған. «Әскері бөрідей, жаулары қойдай» болған Елтеріс қырық жеті рет жауға аттанып, жиырма айқас жасайды. Қансыраған, құлданған, күнденген халықтың, иелігінен айрылған халықтың басын қосып Елтеріс түркі елін қайтып ел етеді.

Ескерткіш жырда айрықша, жоғары дәрежеге жетіп, жырланғандардың бірі-Білге қаған. Ақылды да, батыр Білге түркі елін көркейтеді «кедейді бай қылады, азды көп қылады». Білгенің дастанда қандай жорықтарға шыққаны, қандай деңгейде ерлік көрсеткені толығымен бейнеленеді. Ол халықтың басын қосқан, ұйымдастырушы ретінде суреттеледі. Жырда тіптен Білгенің ерлік іс-әрекеттері ғана емес, халқының басына қиыншылық түскенде өткерген көңіл-күйі де жақсы баяндалады. Тіптен Білге бірде табғаштардың ел ішіне салған іріткісіне көніп, айланың жетегіне еріп, ақыры қырлып-жойылып құрып бара жатқан өзінің түркі халқына ашуланып, ызаланады. Шығармада Білгенің бейнесі түркі халқының жерін кеңейткен, ырысын молайтқан, тұрмыс-тіршілігін түзеткен ел басшысы, батыр ретінде суреттеледі. Жырдың аяғында түркі халқының басын қосудағы Білге қағанның жасаған еңбектері, сол жолда көрген азаптары көркем тілмен баяндалады. Сонымен қатар, түркі руларының бектерін алданғыштығы, қателескіштігі, тіптен кейбірінің ақылсыздығы, әрі жағымпаз таққұмарлығы үшін ашуланған Білге қатты қапаланады.

Орхон жазба ескерткішінде эпостық бейне деңгейіне дейін жеткен ең нагізгі тұлға – Күлтегін батыр. Ат жалын тартып мінгеннен-ақ еліне қорған болған бала батыр жырда бірте-бірте беку, қарыштап өсу үстінде бейнеленеді. Күлтегін жеті жасында әкесінен жетім қалып, он жасқа келгенде ер атағы шығады. Ал он алты жаста ол қару-жарақ асынып, жұрты үшін халқының намысы, кегін үшін табғаштарға жорыққа аттанады. Жастайынан батырлығымен көзге түскен ол жиырма бір жасқа толғанда Тадықын чурдың Боз айғырына мініп, чача Сенүнмен шайқасқа кіреді. Осынша ауыр шайқасқа шыдамаған Боз ат та, одан кейін ауыстырып мінген Торы ат та майданда мерт болады. Осы бір алапат айқаста Күлтегін өзінің бойына жаудың бірде-бір оғын дартпай аман шығады. Ерлігімен ел сүйіспеншілігіне бөленген Күлтегін жауласып жүрген қырғыздарға қарсы жиырма алты жаста аттанады. Жолда қыстың қатал суықтығына, найза бойлар қарға қарамастан қырғыздарды ұйқыда жатқан жерінде басып алған ол олардың «мен» деген алып батырларының бірін жарақаттап, екеуін найзаға іліп жауды жеңеді. Бұл айқаста да Күлтегіннің астындағы Байырқылық Ақ айғырдың белі мертгігіп, шыдас бермейді. Күлтегін осыдан кейін халқына тыныштық бермеген түркіштерге қарсы алапат соғыс жасайды. Осы шайқаста ол Алып Шалшы ақ атқа мінеді, жауды толық табанға салады. Ал отызға келгенде Күлтегін қарлұқтарды алса, отыз бір жасында аздарды бағындырады. Осы бір ауыр айқас, алапат соғыстарда Күлтегінге серік болған тұлпары - Алып Шалшы ат болады. Жырда Күлтегін оғыздармен одан соң ізгілдермен айқаста Азман ақ пен Қара кер

тұлпарларды мініп жауға шықты деп жырлайды. Міне, осылай түркі халқы үшін табан тіресіп, жауымен жағаласқан Күлтегін қырық жеті жасында о дүниелік болады. Жырдың басынан бастап, аяғына дейін Күлтегін үнемі қанды майдан, жорықты сапар, алапат жекпе-жектердің үстінде жүрген теңеуі жоқ қайсар қолбасшы ретінде бейнеленеді.

Күлтегіннің сырт пішіні, жалпы портреті жырда толық суреттелмегенімен, қас жауларымен қарама-қарсы келгенде қазақ батырлар жырларындағыдай «буырқанып бусанып, мұздай темір құрсанып» дұшпанына аттанған нағыз жау жүрек алып батыр ретінде елестейді. Жырда келтірілген бір ғана жайға көңіл бөлсек, онда Күлтегіннің мінісіне төзбей сан түрлі айтулы сәйгүліктер бірінен кейін бірі мерт болып жатса, ол да батырдың орасан зор соқталы бейнесін ашары анық. Сонымен қатар, қырғын майданға Күлтегін батырмен қоса кіріп, үлкен жеңіске ортақ болған тұлпарлар Алып Шалшы мен Азман ақтардан біз батырлар жырында суреттелген «бір төбенің тозаңын бір төбеге қосқан», «алты айлық жерді алты аттаған», «суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» жүрісте – көлік болатын, жауда – серік болатын сәйгүлік тұлпарлар Байшұбар мен Тайбурылдарды танимыз.

Түркі жұртының ерлігі мен батырлық сипаттарын бар бойына дарытқан жиынтық бейне – Күлтегін батыр. Осы бір қайсар батырдың тұлғасында сандаған ғасырлар бойы ұлан-ғайыр даланы емін-еркін билеген түркі жұртының қайтпас, өршіл, өр мінезі бар. Осы батырдың өр тұлғасын сомдау арқылы халық сол дәуірде сыртқы жаудың шабуылынан әбден қиналған жұртты қорғайтын осындай батырың болса деген асыл арманы көрініс табады. Тіптен, Күлтегіндей батыр қапыда мерт болғанда, оның қайғылы қазасына жанашыр досы түгілі дұшпандарының өзінің қосыла қайғыруы оның аса бір ерекше ерлік қасиеттерін бағалағандық деп тансақ болады. Осы бір ерен ерлігімен жалпы жұрттың жүрегінен орын алған батыр қаза болғанда әр түкпірде қоныстанған әр руды басқарып отырған бас көтерер азаматтары жан-жақтан ағылып келіп, қайғыра өз өңілдерін білдірген. Күлтегіндей асыл азамат, ерен ерлігімен еленген батырдың қазасына байланысты түркі жұртында орын алған зор қайғыны жырау жақсы бейнелеген.

Жырда бір байқағанмыз, Күлтегін батырдың дұшпандары дегенде нақты бір батырдың, болмаса ел басқарған азаматтың есімі аталмайды. Тек онымен алысып, қан майданда иық тірестірген оңай жан емес, өзімен теңдес, алып батырлар болып жырланады. Онда сүңгіге оңайлықпен ілінбейтін, жеңіл берілмейтін, есімі нақты аталмаған ерлер өте көп. Күлтегіннің жырда ерен келбетін ашатын да сол батырлар. Сонымен қатар, Күлтегін батыр бас болған түркі халқымен алапат соғысқа түскен де жұрттың арасында бір осалы жоқ. Күлтегіннің жаулары бірінен кейін бірі қолдарын қусырып, олардың алдынан құлдық ұрып шыға бермеген, ақтық демі қалғанша айқасып, жан тапсырған. Түркі жұртын қарсы шыққан дұшпанның осындай аса бір сұсты келбетін Орхон жазбаларында «Жауымыз жыртқыш құстай еді», «Қорқынышты кісілер, алып кісілер шабуыл жасады», «Отша, бөріше келеді» деген аз ғана сөздермен жеткізіп отырады. Яғни, отша жанып, өздеріне қарсы бөріше ұмтылған, ақырында жыртқыш құстай улы тырнағын жайған, аса бір үрейлі алапат жаудың кейпі көз алдымызға келеді. Осы айтылғандардың барлығы да жырдың ең негізгі қаһарманы – Күлтегін бейнесін жан-жақты тереңдеп, толықтыра аша түсетін кескіндер болып табылады.

Күлтегіннен өзге де Орхон жазба мұрасында жиі көрініс табатын ерекше бейнеленетін тұлға – Тоныкөк. Осы бір тұлға – сонау Елтеріс, Білге қағандардың кезінен бар, олардың ақылгөй демеушісі, сандаған жорықтарда қол бастап, қас дұшпанды талқандаған қолбасшы, әрі батыр. Жырда «мен-кемеңгер Тоныкөкпін» деп басту ала келіп, өз атынан баяндалатын осы бір шығармада Тоныкөктің барша келбеті, оның ақылдылығы, айла-тәсілі, қимыл әркеті, сұңғыла бейнесі толық қамтылған. Осы жырды оқи отырып, Тоныкөк образы кейінгі дәуірдегі талай ел билеуші хандарға ақылгөй болған, телегей теңіз іспетті жыр тудырған Бұқар сияқты сұңғыла жырауларымызды көз алдымызға келтіреді. Ол енді бірде оғыз батырлары турасындағы орасан көп жырларды тудырған Қорқыт бабаға да ұқсап кетеді. Себебі, Орхон жазба мұраларындағы Тоныкөк тек

кейіпкер ғана емес, жыр авторы ретінде де танылады. Осы жай қырғыз халқының белгілі эпосы «Манастың» дүниеге келуі турасындағы әдебиетші-ғалым М.Әуезовтың: «Алғашқы жырда аты шулы жорыққа өзі қатысып, көзімен көрген адам шығарған», - деген аса құнды қорытындысын бекітері анық[2]. М.Әуезов айтқандай, Орхон ескерткіштеріндегі Тоныкөк те қаншама сандаған жорықтардың куәгері болған артынша сол алапат соғыстар туралы әсерлі көркем дүниелерді әкелген эпикалық өнердің иесі іспеттес. Олай болса, Тоныкөк біріншіден, жырау да, екіншіден, ақылды, көреген қолбасшы. Тоныкөктің есімі Білге сөзімен үнемі бірге, егіз аталып отырады. Бұл ғалымдардың пайымдауынша, Тоныкөктің соншалықты ақылдығына сай оған халықтың қосып берген лақап аты. Ол жырда «асқан ақыл иесі, сарабал сөз иесі болады». Әрине, ол ұр да жық іспен, асығыс ой, келте қимылдың адамы емес, болашақты алдын ала болжайтын сергек ойшыл жан. Ол қандай да бір қиын қыстау сәттерде, кез-келген мәселенің барысында, асықпай – саспай ерең ойланып, байыппен қорытынды ой түйіп, шешім қабылдайды. Кейінен алауыздықтың әсерінен әлсіреп, құрып бара жатқан түркі жұртының басын қайта біріктіріп, қуатты ел ете алатын билеушіні сайлаудан алғаш Тоныкөк: «Арық бұқаның, семіз бұқаның барын білер ме екен?», - деп толғана тебіренеді. Бұл Тоныкөктің ақсүйектермен қарапайым бұқараны жауластырмай, өштестірмей ұстай алатын, жақсы мен жаманды айыра алатындай басшы бола алар ма екен дегені болатын. Тоныкөктің осы бір данышпандық қасиетін түркі жұртының жаулары да қарсылықсыз мойындайды. Тіптен түркілерден қатты сескенген табғаш, қытай, оғыз жұрттары өздерінің одақтас елдеріне елші жіберіп, олармен ақыл қосып, күштерін бір жерге біріктірудің керек екендігін қайта-қайта нығарлап жатады. Себебі, олардың түйсінудіңше, түркі халқының «басқарған қағаны – асқан алып, ақылгөйі, кеңес берушісі – данышпан, кемеңгер жан. Олар осы екеуі тірі тұрғанда, біздің елге жеңіс жоқ», - деп қынжылады [2]. Осы жердегі Түркі халқының ақылгөй, данышпаны деп отырғанымыз Тоныкөк болып табылады.

Жырда Тоныкөк бейнесі аса зор айлакер, әскери әдістердің тым жетік білгірі ретінде көрінеді. Табғаш, оғыз, қытай жұрты түркі халқына қарсы әскер аттандыру үшін барлық күштерін біріктіріп жатыр деген сыбысты естіген Тоныкөк алдын – ала болатын жайды болжап, келе жатқан апаттан құтылар тиімді жолдарды іздейді. Ең соңында күллі түркі жұрты болып Тоныкөктің айтқанын істеп, салған ақыл тындайды.

Кемеңгер Тоныкөктің пайымдауынша, «жұқаны таптау-оңай, жіңішкені үзу-оңай» олай болса, сыртқы жау күш біріктіріп, күшеймей тұрғанда олардан бұрыншы шабуылға шығып, оларды біртіндеп, бас қостырмай шетінен талқандау қажет [2]. Міне, көпті көріп, көп ой түйгені асқан ақыл иесі Тоныкөктің арқасында түркі жұрты жеңіс туын көтереді. Олар жауға ойламаған жерден соққы жасап, тұтқиылдан шабуылдайды. Бұл әрекет те өмірдің қатал сындарынан ешбір қапысыз шыныққан қарт данышпан Тоныкөктің тамаша әскери әдістерінің бірі болып танылады.

Ғалым Н.Келімбетов Тоныкөкті асқан саясаттың адамы деп атап көрсетеді. Ал академик Бартольд Тоныкөкті осы бір қасиетіне бола француз тарихындағы айбынды тұлға Талейранмен салыстырады. Мысалы, өзі о дүниелік болмай жатып-ақ, өзінің атынан өзіне арнап ескерткіш салдыруы да, мәтінде бастан аяқ тек «мен», «мен» деп өз атынан ғана сөйлеуі де осы бір тұлғаның тарих парағында өзінің өшпес есімін қалдыруға тырысқан саясатшылдығынан болатын деген пікір білдіреді Н.Келімбетов [1].

Сонымен қатар, Тоныкөк аса бір жауапты, шешуші қанды жорықтарда қол бастап жауға қарсы шыққан ерең батыр жан. Түркі жұртының шетіне көз алартқан жау басып кіргенде Тоныкөк елі үшін түн ұйқысын төрт бөліп, бір тыным таппайды. Ол туралы:

Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Қызыл қанымды ағыздым,  
Қара терімді төктім[2,20], -



деп жазылған жырда. Тоныкөк еш қорқуды білмейтін, қас дұшпанға намысын жібермейтін асқан ержүрек батыр. Тоныкөктің ер мінезді, аса қайсар, қас батырға ғана тән ерлігі төмендегі өлең жолдарының нақты танылады:

«Алтын тауын асып келдік,  
Ертис өзенін кешіп келдік.  
Көп екен деп неге қашамыз,  
Азбыз деп неге қорқамыз.  
Неге басындырамыз?  
Шабамыз» [2,20].

Тоныкөктің бойына өр мінез, мұқалмас жігер, зор батылдықтың тән. Білге қаған алғаш таққа отырып, ел билігін қолға алғанда қағанға ақылшы болған данышпан қарт Тоныкөк жетпіс жастан ақан болатын.

«Өзім қартайдым,  
Ұлық болдым» [2,20], -

деген өлең жолдардан бүгінгі ұрпақ Тоныкөктің біразға келген жасын көреміз. Есе де кәрі тарлан «болды мен қартайдым» деп құр қол қарап отырмаған, соңғы демі біткенше түркі халқының қамын жеп, болашағын ойлаған. Мысалы:

«Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым,  
Бүкіл түркі халқына  
Қарулы жау келтірмедім  
Атты әскер жолатпадым» [2,20], -

деп келетін өлең жолдары Тоныкөктің бар ғұмырының мақсаты мен қол жеткізген нәтижесіндей көрінеді. Орхон жазба мұраларында Білге қаған мен Күлтегін батыр ауыз біршілігі кетіп, ел болудан қалып ыдырай бастаған, тоз-тозы шыққан түркі жұртын қайта жинап, басын біріктіріп, төңіректегі дұшпандар аяқ тартар айбынды ел қалпына келтіреді. Жырда осы екі тұлғаның басты мақсаты өз жерін сыртқы көз алартқан жаулардан қорғау, жұртының амандығын, тиыштығын сақтап, ел тұрмысын түзеу. Табғаштардың алдауқаратқан айласына еріп, «тәтті сөз, асыл дүниесіне алданған» кейбір бектердің ел арасында іріткі жасағанына қапаланған Күлтегін жұртын бірлікке шақырады. Жырда:

«Аштықта тоқтықты түсінбейсің,  
Бір тойсаң аштықты түсінбейсің.  
Соңдығын үшін алдандың,  
Қағанның тілін алмадың.  
Жер-жерге бардың сандалдың,  
Аштықтан әбден арыдың» [2,22], -

деп Күлтегін ашына, әрі елін жазғыра сөйлейді. Ер азаматы - құл, ал әйел заты - күң болып тарыдай шашылып тозған халықтың басын қосып, ата-мекеніне қайта қоныстандыратын да Күлтегін. Елі үшін туған Күлтегінің асқан ақылы, айбынды батырлығының арқасында түркі жұртының:

«Кедейі бай болды,  
Азы көп болды.  
Құл құлды болды,  
Күң күнді болды» [2,22].

Күлтегін заманында түркі халқы ешкімге кіріптар болмастан, тыныш, бейбіт өмір сүреді. Көріп отырғанымыздай осы бір асыл мұрамызда Күлтегін батырдың басынан өткерген ерекше ерлік қимылдары, аса алапат жорық сапарлары суреттеледі. Таңбалы тастың бетіне оймышталынып жазылған осы бір жыр жолдарынан біз сол бір алапат жойқын соғыс суреттерін, Күлтегін батырдың теңдесіз жекпе-жек шайқастарын анық көреміз. Жырдағы:

«Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым» [2,22], -

деген өлең жолдардан бүгінгі ұрпақ өз халқының бостандығы, тәуелсіздігі, жолындағы түн ұйқысын төрт бөлген Күлтегіндей ерлердің ерлік қимылдарын, ауыр жорықтарын таниды.

Кеңестік кезеңде тіл білімінің кез-келген саласы кеңнен дамыды. Соның ішінде этимология саласы, оның теориялық мәселелері, этимологиялық сөздіктер жасау ісі де жақсы жетістіктерге қол жеткізді. Алғашқы кезекте этимология саласы, аталмыш саланың теориялық мәселелері туралы белгілі тілшілер В.И.Абаев, В.Н.Топоров, А.А.Белецкий, Х. Шустер – Шевц, О.Н.Трубачев, Н.М.Шанский, М.Н.Петерсон, Ж.Ж.Вавбот, Э.А.Макаевтердің, ғылыми еңбектері мен өзекті мәселелерді қоғап тұщымды ой айтқан мақалалары жарық көрді.

Сондай-ақ, түркология саласында жасалған этимологиялық зерттеулер алғаш В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Е.Д.Поливанов, Н.А.Баскаков, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, В.Г.Егоровтардың еңбектерінен табылды.

Ал қазақ лингвистикасында осы мәселемен айналысып, өздерінің ерең еңбектері арқасында көптеген жетістікке жеткен тілшілердің ішінен Ә.Қайдаров, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздықова, Ә.Құрышжанов, Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағанбетов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиевтарды атасақ болады.

Зерттеу барысында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту үдерісінде жүзеге асырылатын, бірте-бірте күрделенетін зерттеу міндеттері мен тапсырмаларды анықтадық:

1) педагогикалық-зерттеушілік — білімді бекітуге; ақпарат көздерінің мәселесін шешуге үшін қажетті салыстырмалы талдауды жүзеге асыратын



біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Практикалық маңыздылық тануда, саналы ұғынуда, есте сақтауда көрініс табады.

2) зерттеушілік-логикалық – шешу алгоритмі таныс емес, аталған міндеттерді шешуде талдау, салыстыру, жалпылау және т.б. логикалық процедуралар негізге алынады.

3) зерттеушілік-эвристикалық міндеттер — шешу алгоритмі таныс емес, аталған міндеттерді шешуде болжамды ұсынумен, аналогты немесе талқылаудағы аналогияны іздеумен және қолданумен байланысты эвристикалық процедуралар болып табылады.

Бірінші, екінші деңгейдегі міндеттер әртүрлі оқу пәндерін оқыту барысында шешіледі, сонымен бірге педагогикалық және зерттеу практикасынан өту кезінде шешіледі; үшінші деңгейдегі міндеттер – магистрлік диссертацияны жазу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының барысында шешіледі.

Бұдан басқа, ақпараттық-зерттеу ортасының қажетті шарттарының бірі ретінде, магистрлерді ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлау үдерісін әдістемелік қолдау алынады. Магистранттарды кәсіби даярлаудың оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдірудің қажеттілігі туралы тұжырымның сенімділігі, заманауи оқулықтар мен жаңа буындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттің жеткіліксіздігімен анықталады, атап айтсақ, жоғары оқу орнынан кейін даярлау талаптарына сәйкес келетін оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігімен нақтыланады. Әдістемелік қолдауға біз даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік кешендерді жатқызамыз (жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты, білім беру бағдарламасы, оқу жоспары, оқу үдерісінің кестесі) және даярлау пәндері бойынша (оқу-әдістемелік кешендер, оқулықтар, зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізу, курстық, бітіруші біліктілік жұмыстарын жазу бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру, практикадан өту бойынша әдістемелік құралдар).

Аталған шартты жүзеге асыру, магистранттардың зерттеу іс-әрекетіне теориялық және практикалық даярлығын қалыптастыруға, педагог-зерттеушінің кәсіби мәнді сапаларын дамытуға, зерттеу міндеттерін тиімді орындауға, магистранттарды ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлауды әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту моделінің тиімді қызмет етуінің бірінші шартын жүзеге асыру тәсілдері келесі үлгіде:


- элективті курсты құрастыру және ендіру;
- әртүрлі деңгейдегі, бірте-бірте күрделенетін зерттеу міндеттерін шешу;
- зерттеу және ғылыми-педагогикалық практиканы ұйымдастыру бағдарламасы, магистерлік диссертацияны даярлау және қорғау бойынша оқу-әдістемелік құралдарына толықтырулар енгізу.

Осылайша, магистранттардың кәсіби даярлығының барлық кезеңдерінде ақпараттық оқу-тәрбие, зерттеу ортасына ендіру, магистранттардың теориялық және практикалық зерттеу іс-әрекетінің бірлігін қамтамасыз етуге

ықпал етеді, оқытудың әрбір сатысында магистранттардың білімдері мен біліктерін міндетті түрде бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, олардың тұлғалық сапаларын қалыптастыруды жүзеге асырады. Мұнда қойылған міндеттерді шешудің табыстылығына, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы, магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін белсендіру негізінде жетуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. - Алматы, 2016.
2. Жайтапова А.А. Научно-методическое обеспечение профессионального роста учителей на этапе перехода к модели образования, ориентированного на результат. - Алматы, 2014.
3. Сайлыбаев Б. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері: пед. ғыл.док. ... автореф. – Түркістан, 2015.
4. Арынов К.Т. Проблемы устойчивого развития непрерывного образования: поиски решений //Билим - Образование. -2014.
5. Атыханов А. Актуальные вопросы научно-педагогических кадров высшей квалификации в системе высшего образования Казахстана //Актуальные проблемы высшей школы. - 2016.



**УДК 37**

### **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПЕДАГОГЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

**Ботабаева Адеми Еркебаевна**  
Педагогика ғылымдарының кандидаты

**Нишанова Жұлдыз Тәжібайқызы**  
«БВ01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша  
оқитын студент

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,  
Тараз қаласы**

**Аннотация:** Мақалада заманауи қазақ тілі педагогі жұмысының негізгі бағыттары туралы айтылған. Педагог бойында адамзатқа тән барлық жақсы қасиеттер шоғырланса, онда ол нағыз ұстаз атанады. Білікті, білімді педагог атану үшін ұзақ, еңбекке толы жылдар мен қажырлы талпыныс, ізденіс керек.

**Кіліт сөздер:** оқушылар, қазақ тілі, әдебиеті, педагог, білікті, білімді педагог, «Педагог» кәсіптік стандарты.

**Аннотация:** В статье рассказывается об основных направлениях работы педагога современного казахского языка. Если в педагоге сконцентрированы все хорошие качества, присущие человечеству, то он становится настоящим учителем. Чтобы стать квалифицированным, образованным педагогом, нужны долгие трудовые годы и кропотливые усилия, поиск.

**Ключевые слова:** учащиеся, казахский язык, литература, педагог, квалифицированный, образованный педагог, профессиональный стандарт «Педагог».

**Abstract:** The article discusses the main directions of work of a modern teacher of the Kazakh language. If all the best qualities inherent in humanity are concentrated in a teacher, then he becomes a real teacher. To become a qualified, educated teacher, it takes many years of hard work, hard work, search.

**Keywords:** students, Kazakh language, literature, teacher, qualified, educated teacher, professional standard «Teacher».

Қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі, оның мәртебесі жоғары болуы маңызды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты 32 сессиясындағы баяндамасында: «Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек. Бұл – тек салалық министрліктердің ғана емес, бүкіл қоғам болып шешетін тарихи міндет. Осы ретте асыра сілтеушілік пен даңғазалыққа жол бермей, парасатты әрі дәйекті түрде әрекет еткен жөн. Мемлекеттік тілді оқымаған және тиісті деңгейде меңгермеген азаматтар тіл білмегені үшін қысым көрмеуге тиіс. Сонымен қатар біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет. Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады. Түптеп келгенде, бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ қаншалықты патриот екенін көрсетеді. Жалпы, мемлекеттік тіл төңірегінде оң көзқарас ұстану қажет. Тіл мәселесіне қатысты барлық пікірталас этникалық емес, азаматтық және саяси сипатқа ие екенін түсіну маңызды» [1] деп баса айтып өтті.

Осыған орай, қазіргі білім беру саласында әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан алғандағы басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын болашақ педагогтерді даярлау. Себебі, өскелең ұрпаққа білім беріп, тәжірибе бөлісіп, бағыт-бағдар, жол көрсету – педагогтердің міндеті [2].

Бұл орайда, 2022 жылы мақұлданған «Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасында» [3] педагогтерді әзілеуде ұстанатын басым бағыттар келтірілген, оларға тоқталып өтсек. «Педагогикалық білім берудің әлеуетін күшейту» (ҚР БҒМ) жобасы шеңберінде әзірленген педагогтерді даярлаудың 30 білім беру бағдарламасын іске асыру ұсынылады, олардың негізгі міндеттері: Педагогтердің кәсіби құзыреттерін қайта бағалау және толықтыру; педагогикалық білім берудегі және түлектердің бейіндеріндегі орта білім берудің жаңа тәсілдерін көрсету; бастауыш және орта білім беру талаптарына сәйкестігі болып табылады. Болашақ маманды даярлаудағы тәрбиелік аспект білім беру кеңістігінің (ББК) кәсіби бағыты арқылы шешіледі. ББК-де дәстүрлі кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттермен қатар кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер (КМТҚ) жаңа бейімделгіш көшбасшылық сұранысқа ие. Педагог-бейімделгіш көшбасшының өмірлік маңызды жоспарларын қанағаттандыруға ықпал ететін дамыған қасиеттері мен сапалары бар: табысты, бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие болу; командада табысты жұмыс істеуге, кәсіби және жеке өсу стратегиясы мен бағдарламасын құруға қабілетті» болуы қажет деп атап өтілген.

Ал, «Педагог» кәсіптік стандартында: «Педагогтің міндетті сапасы білім алушының тұлғасына қатысты көрінетін гуманизм болып табылады.

Педагогтің сенімдері мен көзқарастары азаматтарды болашақтың көзқарасына сәйкес тәрбиелеуде және өздерінің құндылықтары мен қатынастарын қалыптастыруда көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық педагогикалық білім мен білік, білім беру және этикалық нормалар кешенінің болуымен көрінеді.

Педагогтің еңбек қызметін бағалау білім беру қызметін жүзеге асыру және оны басқару үшін педагогикалық техниканы игеруде, тәрбие мен оқытудың жоғары деңгейде көрінетін педагогикалық шеберлік деңгейін анықтайды.

Педагог өз қызметі барысында үнемі кәсіптік білімі мен құзыреттілігін кеңейтеді және байытады, білім беру инновацияларын жасайды және енгізеді» делінген [4. 2 б.].

Педагог – әлемдегі ең қастерлі мамандықтардың бірі. Педагог бойында адамзатқа тән барлық жақсы қасиеттер шоғырланса, онда ол нағыз ұстаз атанады. Білікті, білімді педагог атану үшін ұзақ, еңбекке толы жылдар мен қажырлы талпыныс, ізденіс керек. Педагог болу оңай шаруа емес, оның ішінде ағылшын тілінен нағыз маман болуда екі есе қажырлы еңбек қажет. Қазіргі қоғамдағы педагогтің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға дайын, білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Алғашында педагог жас шәкірт шағында қазақ тілін үйреніп жетік меңгеруі керек, одан соң білгенін өз шәкірттеріне түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданып, оның санасына жеткізуі тиіс. Педагогтің қажырлы ізденіс туралы көптеген ғұлама ағартушылар, ғалымдар мен ақын-жазушылар өз еңбектерінде айтып келеді. Тіл білу туралы Шәкерім Құдайбердиев еңбегінде: «Қанша тіл білсең, сонша рет адамсың» деп келтіреді. Демек, ағартушымыз жаңа тіл үйренген тұлғаны тағы бір жаңа адам санатына дейін көтеріп отыр, яғни қазіргі бәсекелестік заманда үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білген тұлға үш адам болғаны да.

Қазақ тілінен оқушыларға сабақ беру үшін, сол тілде ойлай алатын, мүдірмей сөйлей алатын және оқушыларына ол тілдің қыр-сырын түсіндіре алатын нағыз педагог болсаң ғана білімді ұстаз санатына көтеріліп биік мәреге жеткендей күйде боласың. 21-ші ғасырдың заманауи педагогі болуы үшін келесідей сапалық көрсеткіштерді игеруі маңызды, атап айтсақ:

- қазақ тілін жетік меңгеруі;
- қазақ тілі мен әдебиетінен оқушыларға түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданып, түсіндіре білуі;
- оқушылардың психологиясын түсінуі;
- оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін ескеруі;
- қазақ тілі мен әдебиетінен оқушыларға түсіндіру барысында инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдана алуы;
- қазақ тілін оқушыларға үйретуде ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалана алуы;
- заманауи оқыту платформарында жұмыс істей алуы;
- біліктілігін үздіксіз көтеріп отыруы;
- ғылыммен айналысып, ғылыми мақалалар мен оқу-әдістемелік еңбектерді жарыққа шығаруы;
- дарынды оқушыларды қазақ тілі мен әдебиетінен түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатыстыра алуы;
- қазақ тілі мен әдебиетінен оқушыларға сабақ берумен қатар, сынып жетекшінің қызметін қатар атқаруы;
- мектепке қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беретін жас мамандарға білгенін үйретуі;
- оқушылардың ата-аналарымен жақсы қарым-қатынас орната алуы;
- ағылшын тілі сабағынан өтетін түрлі сайыстар мен байқауларға қатысып, өзін жетілдіріп отыруы;
- жаңадан жарық көрген қазақ тілі мен әдебиетінен оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар, оқу құралдары мен электронды оқулықтарды үзбей оқып отыруы;

- жаңадан жарық көрген заң құжаттарымен танысуы;
- қазақ тілі мен әдебиеті сабағынан оқушыларға видео сабақтар түсіруі;
- білікті әріптестерінің сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасуы мен тәжірибе жинақтауы;
- қазақ тілі мен әдебиеті бойынша біліктілік санаттарын белгіленген тәртіпке орай, көтеріп отыруы;
- «Қазақ тілі мен әдебиеті» немесе «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша 2 жылдық магистратураны аяқтауы;
- мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағы бойынша педагогтер мен оқушыларға арнап семинарлар мен байқауларлар ұйымдастыруы;
- Біліктілік санатын көтеру үшін Ұлттық біліктілік тестілеу бойынша өтетін санатына орай, тест тапсыруы.

Міне, осындай қажырлы ізденіс пен еңбек қана «21-ші ғасыр педагогі» деген атақты алып жүруіне ықпал етеді. Қорыта келе, «Қазақ тілі мен әдебиетінен» бакалавр бойынша білім беру бағдарламасын бітіріп, жоғарыда берілген сапа көрсеткіштерін қалыптастыра алмай, яғни ағылшын тілінен сабақ бере алмай, мамандығын ауыстырған қаншама мамандар бар. Абай атамның сөзімен айтқанда: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, демек, қазақ тілі мен әдебиетінен педагогі білгенін оқушыларға жалықпай үйретіп, оның санасына жеткізгенде ғана еңбегінің нағыз жемісін көреді, ілтипатқа бөленеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [Тоқаевтың Қазақстан халқы ассамблеясында сөйлеген сөзінің толық мәтіні жарияланды. <https://kaz.nur.kz/politics/2018559-toqaevty-n-qazaqstan-xalqy-assambleyasyn-da>. 2024 ж.](https://kaz.nur.kz/politics/2018559-toqaevty-n-qazaqstan-xalqy-assambleyasyn-da)
2. Ботабаева А.Е. Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқулық: – Алматы: 2023. – 271 бет.
3. Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы. – Астана, 2022. – 22 б.
4. «Педагог» кәсіптік стандарты. – Астана, 2022. - 55 б.



ӘӨЖ 376

#### АКАДЕМИК НҰРҒАЛИ САРЫБЕКОВ – ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІН ТҰҢҒЫШ ҚАЛАУШЫ

**Бөлеев Қалдыбек**, педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық Білім Академиясының академигі, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры

**Кушеров Несіпбай**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Жалпы педагогика» кафедрасының доценті

**Аңдатпа:** Мақалада академик Нұрғали Сарыбековтың 90 жылдығы, ұлы тұлғалардың өмір жолы мен шығармашылығы арқылы жас ұрпақтың, әсіресе қазақ жастарының ұлттық санасының қалыптасуына ықпал ету қарастырылған.

**Кілт сөздер:** бақыт, мінезділік, қара сөз, экологиялық педагогика, экологиялық тәрбие.

**Аннотация:** В статье рассматривается 90-летие академика Нургали Сарыбекова, содействие становлению национального сознания молодого поколения, особенно казахской молодежи, через жизненный путь и творчество великих людей.

**Ключевые слова:** счастье, характер, слово назидание, экологическая педагогика, экологическое воспитание.

**Abstract:** The article examines the 90th anniversary of academician Nurgali Sarybekov, the promotion of the formation of national consciousness of the younger generation, especially the Kazakh youth, through the life and work of great people.ii

**Keywords:** happiness, character, the word edification, environmental pedagogy, environmental education.

Елімізде 2020 жылдан бастап қазақ жерінен шыққан ұлы тарихи тұлғаларымыздың мерейтойлары кең көлемде өткізілуде. Мысалы, әмбебап-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы, хакім Абайдың 175 жылдығы, тұңғыш ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған мерейтойлар өткізіліп, көптеген ғылыми конференция ұйымдастырылды. Міне сондай мерейтойдың бірі бүгін академик Нұрғали Сарыбековтың 90 жылдығына арналған ғылыми-конференция. Осындай мерейтойлар өткізудің мақсаты – сол ұлы тұлғалардың өмір жолы мен шығармашылығы арқылы жас ұрпақтың, әсіресе қазақ жастарының ұлттық санасының қалыптасуына ықпал ету.

Кез келген адам «Бақытты болсам екен» деп армандайды, соған ұмтылады, соның жолында еңбек етеді. Неге? Сонда: «Бақыт деген не?», «Қалай бақытты жетуге болады?» деген сұрақтар туындайды.

Бұл сұрақтардың жауабын жоғарыда аттары аталған ұлы тарихи тұлғалар іздеген, тапқан, шығармалар жазған. Сөйтіп олар бақытты болудың ілімдерін, яғни «Бақыт формулаларын» жасаған. Сол формулаларға қысқаша ғана шолу берейін.

1. Әмбебап-ғалым Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «бақыт жайында», «Бақытқа жету жолдары» атты трактаттарында: Бақыттың мәні, кім бақытты, бақытқа қалай жетуге болатыны туралы былай деген [1]:

а) «Бақытты болудың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына ізгілікті мақсат қоя білуінде, ... адамның өз міне-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде, ізгілікке бағыттап, өзгертіп отыруында»;

ә) «Мінезділік – бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, тіпті бақытсыздыққа ұшырапта қалады. Оны мұндай күйге түсіретін – оның нашар мінезі».

Әл-Фараби бабамыз сонымен қатар, «Кім бақытты?», «Бақытқа қалай жетуге болады?» деген сұрақтарға ол; төрт адам бақытты: біріншісі – мінезі жақсы адам – бақытты, өйткені, ол бүкіл халыққа – үлгі, өнеге; екіншісі – шын ғалым бақытты, өйткені, оның ашқан ғылыми жаңалығы халықтың өмірі мен тұрмысын жөндеуге және санасын ізгілендіруге жәрдем етеді; үшіншісі – ақылды адам бақытты, өйткені, ол кез келген мәселені терең ойға салып, оны нәтижелі шешеді; төртіншісі – білімді адам бақытты, өйткені фарабише: «Шын бақытқа жету үшін адам өзін үнемі жетілдіріп отыруына тиіс, тек ізденіс білімнің арқасында ғана адам шын бақытқа ие болады, білім – адамды кемелдікке жеткізеді». Міне осылай Әбу Насыр өзінің «Кемел адам» ілімін, яғни «Кемел адам» формуласын жасаған.

2. Бүкіл өмір жолын сопылық ілімге арнаған ғұлама Қожа Ахмет Ясауи өзінің «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы) атты еңбегінде «Адам бақытқа жету үшін төрт жолдан өту керек. Олар шарифат, тариқат, мағрипат, хақиқат. Осы баспалдақтардан сүрінбей өткен адам ғана Алланың сүйген құлы – дана ақылды болады» [2] деп, өзінің «Дана адам» формуласын жасаған.

3. Ұлы ойшыл хакім Абай өзінің қара сөздері мен өлеңдері арқылы «Толық адам» ілімін, яғни «Толық адам» формуласын жасаған.

Абай қалай адам болуға болады, оның қандай қасиеттері бар, нағыз адам кім, адам қалай толық болады? деген сұрақтарға [3]:

а) 38 қара сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты – адам болады»;

ә) «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде: «Адам болам десеңіз, бес нәрсеге асық бол – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой; бес нәрседен қашық бол – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ»;

б) 37 қара сөзінде: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі – нағыз адам боласың»;

в) Абай өзінің «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деген өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», ал ол «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» атты өлеңінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген.

Міне осылайша ұлы ағартушы Абай өзінің «Толық адам» ілімін, яғни «Толық адам» формуласын жасаған. Осы формуланы игерген адам ғана бақытты болады.

4. Қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясы» және «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбектерінде [4]: «Балаға діни білім және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын ғылыми білім беру керек» деп, өзінің «Рухани-адамгершілік» формуласын жасаған еді.

5. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов өзінің қоғамдық өмірі, педагогикалық және әдістемелік еңбектерінде: Ұлттық мемлекет құру, ұлттық мектеп ашу, онда ұлттық білім беру арқылы» [5] деп, ол «Ұлттық тәрбие беру» формуласын жасаған.

6. Бүгінгі мерейтой иесі академик Нұрғали Сарыбеков өзінің ой-толғамдарының қорытындысы ретінде «Өмір формуласын» жасады. Ол формуланың мәні туралы профессор былай деген [6]: «Өмір формуласы: Адам болу + маман болу + аман болу = ӨМІР». Бұл формуланың нәтижесі адамның толық бақытты болуы. Ол үшін үш түрлі шарттың орындалуы қажет. Олар: адам болу, маман болу, аман болу. Мұндағы әрбір сөздің астарлы ғылыми-педагогикалық мәні бар. Бұл шарттар орындалса ғана адам толық бақытты болады».

Бүгінгі таңда әлемде 15 000-нан астам ғылыми пән, яғни ғылым салалары бар. Сондай ғылым салаларының бірі – XIX ғасырдың екінші жартысында яғни 1866 жылы пайда болған экология ғылымы. Экология ғылымының негізін қалаған неміс ғаламы жаратылыстанушы - Эрнест Геккель. Ол «Экология – бұл адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым» деген анықтама берді. Экология – кешенді, бірнеше бағыттары бар ғылым. Солардың ішінде экологиялық білім мен тәрбие беру, солар арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелерімен айналысатын «экологиялық педагогика» деген жаңа ғылым саласы бар. Оны XX ғасырдың соңында растовтық ғалым педагогтар ашып «Экологическая педагогика и психология» атты оқу құралаын шығарды. Онда: «*Экологиялық педагогика – табиғатты қорғауға, оның ресурстарын тиімді пайдалануға жеке тұлғаны тәрбиелеудің заңдылықтарын зерттейтін педагогиканың саласы*» [7] деген анықтама берілген.

Ал Қазақстанда экологиялық педагогиканың негізін тұңғыш қалаған профессор Нұрғали Сарыбеков. Бұл тұжырымды мен 2004 жылы академиктің 70 жылдығына арналған «Экологиялық педагогиканың өзекті мәселелері» атты ғылыми-практикалық семинарда «Нұрғали Сарыбеков – Қазақстанда экологиялық педагогиканың негізін қалаушы» тақырыбында жасаған баяндамада негіздеп айттым. Баяндама семинар жинағында және республикалық ғылыми-әдістемелі «География және табиғат» атты журналдың 2004 жылғы №5 санында жарияланды [8].

Педагог-ғалым Нұрғали Сарыбеков 1968-1998 жылдары Жамбыл педагогикалық институтында қызмет жасады. Ол осы 30 жыл бойы әуелі «Табиғатты қорғау» үйірмесін, одан соң «Жастарды табиғат қорғауға тәрбиелеу» ғылыми-педагогикалық зертхананың, кейін «Экология және табиғатты қорғау ғылыми орталығын» басқарды. Орталықтың ұйымдастыруымен 23 қалалық, институттық, аудандық, облыстық, республикалық, бүкілодақтық, халықаралық ғылыми семинарлар, конференциялар мен форумдар өткізді. Орталықтың үздіксіз жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде жарияланған еңбектердің ұзын саны 1500-ден асты.

Академик Нұрғали Сарыбековтың 13 жеке еңбектері, 365-мақалалары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған [9]. Осылайша ол артына телегей теңіздей мұра қалдырды. Сол мұраны жинастыру, жүйелеу және зерттеу, онымен ғылыми сабақтастық орнату, оны жас ұрпаққа және жастарға тәлім-тәрбие беруде пайдалану – біздің парызымыз бен үлкен міндетіміз деп санаймын.

Профессор Нұрғали Сарыбековтың жеке еңбектерін атайын [9]:

1. Өз өлкенді сүй, оның табиғатын қорға. – Жамбыл, 1972.-34 б.
2. Мектеп және табиғат қорғау мен табиғи ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері. – Жамбыл, 1973.-20 б.
3. Табиғат – тіршілік тірегі. – Алматы: Қайнар, 1974.-20 б.
4. Туған өлкенді сүйе де, оның табиғатын қорғай да біл. – Алматы: Білім қоғамы, 1974.-33 б.
5. Педагогические основы подготовки учащихся к охране биосферы. – Алма-Ата: Мектеп, 1978.-128 б.
6. Человек – друг природы. – Алматы: Қазақстан, 1984.-54 с.
7. «Экология мен табиғат қорғау негіздері» курсының бағдарламасы. – Алматы: Рауан. 1992.-21 б.
8. Педагогические основы подготовки учащихся к охране природы в системе общего среднего образования. – Жамбыл, 1993.-73 с.
9. Воспитание любви к природе. – Алматы: Рауан, 1994.-132 с.
10. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1996.-53 б.
11. Применение элементов исследовательского принципа при обучении географии СССР в восьмилетней школе (на основе изучения географии Казахстана): Автор... к.п.н. – Ташкент, 1968.-20с.
12. Педагогические основы подготовки учащихся к охране природы в системе общего среднего образования: Автор...д.п.н. – Алматы, 1994.-58с.
13. Академик Нұрғали Сарыбековтың таңдамалы еңбектері. – Тараз: ХТИИ баспаханасы, 2024.-332б.

Аталған 10 жеке еңбектерге мазмұндық-ретроспектік талдау жоғарыда аталған журналдағы менің мақаламда берілген.

Сондай-ақ профессор Нұрғали Сарыбековтың экологиялық педагогика ғылымы бойынша мақалалары аудандық, облыстық, республикалық және шетелдік газеттер, журналдар мен түрлі ғылыми-конференциялардың жинақтарында жарық көрген. Сонымен қатар ол 16 рет облыстық және республикалық радиохабарлар өткізген.

Академик өз зерттеулерінің нәтижелерін облыстық, республикалық, Бүкіләлемдік, шетелдік қалаларда өткен 20-дан астам ғылыми-конференцияларда баяндап, оның аты ғылыми әлемге әйгілі болған ғалым педагог. Сонымен қатар профессор Н.Сарыбековтың ұйымдастыруымен 10-нан астам республикалық, Бүкілодақтық, Халықаралық, Бүкіләлемнің ғылыми конференциялар мен форумдар өтті. Мысалы, 1973 жылы сәуір айында Жамбыл педагогикалық институтына «Педагогикалық институттарда, училищелерде және мектептерде өлкетану және табиғатты қорғау» тақырыбына республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өткізілді. Оған еліміздің 37 қаласынан 200 адам қатысты, ал 1992 жылы маусым айында «Халыққа білім беру жүйесінде



экологиялық оқыту және тәрбиелеу» атты мемлекетаралық ғылыми-педагогикалық және әдістемелік конференция өткізіліп, оған 300-ден аса ғалымдар ғылыми ұйымдардан, мектептерден, ЖОО-нан адамдар қатысты. Бұл конференциялар туралы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Сейталиев: «Қазақстанның педагогикалық институттарының ғылыми өмірінде бұрынғы одақтық деңгейде өткен үлкен конференция болды» деп көрсеткен өзінің «Педагогика тарихы» атты оқулығында [10]. Осылайша ол Жамбыл педагогикалық институтын Одақтық көлемде танытты.

Профессор Н.Сарыбековтың ғылыми мектебі бар. Онда ғылыми-зерттеу жұмысы үш бағытта: ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық және ғылыми-әдістемелік бағыттарда үздіксіз жүргізіліп, сол бағыттар бойынша 1 докторлық, 9 кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Академик Н.Сарыбековтың басшылығымен Жамбыл мемлекеттік университетінде республикада екінші болып 1997 жылы педагогика ғалымдары дәрежесін беру бойынша ғылыми диссертациялық Кеңес ашылды. Онда еліміздің әр оқу орындарынан және сол кездегі Жамбыл мемлекеттік университетінің оқытушылары өздерінің диссертациялық жұмыстарын қорғады. Мұны айтып отырғаным, қазіргі Тараздағы оқу орындарында жұмыс істеп жүрген педагог-ғалымдардың көпшілігі академик Н.Сарыбековтің «шапанынан» шыққандар.

Енді профессор Нұрғали Сарыбековті не себепті Қазақстанда экологиялық педагогиканың негізін тұңғыш қалаушы екендігін дәлелдейін. Академик Н.Сарыбековтың жоғарыда аталған телегей теңіздей педагогикалық мұрасында, яғни еңбектерінде табиғат қорғау ғылымы мен экологиялық педагогика ғылымының категориялары [6,9]:

1) Табиғат, табиғат тану, табиғат сүю, табиғатты аялау, табиғатты қорғау, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, табиғатты қорғау білімдері, табиғатты қорғау тәрбиесі, халықтың табиғатты қорғау дәстүрлері, табиғат қорғау дәстүрлерінің тәлім-тәрбиелік мәні, табиғат қорғау ғылымы, оның қағидалары мен заңдылықтары, табиғатты қорғаудың мазмұны, табиғатты қорғауға дайындау

Міне осы ұғымдарға ол түсініктемелер мен ғылыми анықтамалар жасаған. Сол анықтамалардың бірнешеуін ғана келтірейін [6].

1) Табиғат – бұл бар дүние, болмыс, материалдық өмір, әлем кеңістігі.

2) Табиғат пен өмір егіз. Табиғат барда, өмір бар.

3) Табиғатты шартты түрде үш топқа бөлуге болады: өлі табиғат, тірі табиғат, топырақ.

4) Табиғат қорғау дәстүрлері – сан ғасырлар бойы халқымыздың еңбектенуінің арқасында өмірге келген асыл қазынасы және оның ақыл-ойының жемісі.

5) Халқымыздың табиғат қорғау дәстүрлері – жастарымызды білімді, іскер, парасатты, арлы, ұятты, иманды, табиғатқа шын мәнінде жанашыр азамат етіп тәрбиелеуге көмектеседі.

6) Халқымыздың табиғат қорғау дәстүрлерін жинақтап, жүйеге келтіріп, оқу-тәрбие жұмысында қолдану дәрежесіне жеткізсек, олардың тәрбиелік мәнін ашып, жас ұрпаққа асыл қазына ретінде ұсынып, оларға табиғат қорғау білімін беріп, оларды табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға дайындауға болады.

7) Табиғат қорғау ғылымы – адамды табиғат қорғауға дайындайтын ғылым, ол адам баласы өз қажеті үшін табиғаттың әр түрлі қорларын пайдаланып, оны мол қазыналы қалпында келешек ұрпақтың игілігі үшін сақтап қалу жолдарын үйрететін ғылым.

8) Экология – табиғат қорғау ғылымының негізі, бұлақ-бастауы.

9) Табиғат қорғау ғылымы экология ғылымының жетістіктеріне сүйенбей, өзінің ғылыми мақсатын шеше алмайды.

10) Табиғат қорғау білімі – адамды табиғатты қорғауға дайындау үшін берілетін табиғат туралы білімдердің жиынтығы.

11) Табиғат қорғау тәрбиесі – біздің балаларымызды жан-жақты тәрбиелеудің құрамдас бөлігі, ол олардың болашақтағы өмірін анықтайды.


12) Біз көпжылдық үздіксіз зерттеулеріміздің нәтижесінде табиғат қорғау тәрбиенің формуласын құрдық: Э+ТҚ=ТТП, мұндағы Э – экология, ТҚ – табиғат қорғау, ТТП – табиғатты тұрақты пайдалану.

Осы ұғымдардың анықтамаларынан экологиялық педагогиканың негізгі экологиялық білім, экологиялық тәрбие және экологиялық мәдениет ұғымдары шығады. *Содан экологиялық педагогика – экологиялық білім мен экологиялық тәрбиенің заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының жаңа саласы пайда болған.*

Сонымен, профессор Н.Сарыбековтың педагогикалық еңбектері елімізде экологиялық педагогиканың пайда болуына, дамуы мен қалыптасуына қосылған үлкен қомақты үлес. Сондықтан ол Қазақстанда экологиялық педагогиканың негізін тұңғыш қалаған ғалым. Менің бұл пікірімді психология және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Құбығыл Жарықбаев: «Ол өзі экологиялық педагогика жолында талай- талай тер төккен кісі екендігі қорғау кезінде сөзінен жақсы белгілі болды». Ал экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик Оразбек Қалдыбаев: «Қазақ педагогикасы мен экологиясы ұштасқан ғылымның тарихындағы жұлдызы жарық ағамыз еді», педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Мәулен Құдайқұлов: «...докторлық диссертациясын қорғау үстінде Нұрғали Сарыбековтың зерттеуіне республика бойынша экологиялық тәрбие беру проблемасы жайында педагогикалық ғылымның жаңа саласының тұңғыш негізін қалаушы екендігіне дәлелді айғақтар келтіріп, сөйлеп жақтадым», сондай-ақ геология-минерология ғылымдарының докторы, докторы профессор, академик Әділхан Байбатша: «Елімізде экология тәрбие мен білім берудің негізін қалаған ғалымдардың бірі – Нұрғали Сарыбеков» деген пікірлер [9] менің дәлелдеген тұжырымымызды растайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Бақыт болын сілтеу. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – 220 б.
2. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. – 262 б.
3. Абай. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 720 б.
4. Ыбырай Алтынсарин. Қазақ Хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.; Ыбырай Алтынсарин. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
5. Байтұрсынұлы А. шығармалары. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
6. Академик Нұрғали Сарыбековтың таңдамалы ғылыми еңбектері/ Құрастырғандар: М.Н.Сарыбеков, Қ.Н.Сарыбеков. – Тараз: ХТИИ баспаханасы, 2024. – 332 б.
7. Дерябо С.Д., Ясвин В.А. «Экологическая педагогика и психология». – Ростов-на-Дону: феникс, 1996. – 480 с.
8. Бөлесев Қ. Нұрғали Сарыбеков – Қазақстанда экологиялық педагогиканың негізін қалаушы // География және табиғат. №2. – 2004. – 12-18 бб.
9. Профессор Нұрғали Сарыбекұлы (1934-1998). Биобиблиографиялық көрсеткіш. – Тараз, 2004. – 73 б.
10. Сейтқалиев Қ. Педагогика тарихы. Оқулық. – Алматы: Білім, 2008. – 416 б.



**Құрметті профессор-оқытушылар, докторанттар, магистранттар!**

ІТІІ Жаршысы Республикалық ғылыми-көпшілік журналының 2024 жылдың қаңтар-наурыз айында шығатын келесі санына төмендегі ғылыми бағыттарға сәйкес келетін мақалалар қабылданады:

- Жаратылыстану ғылымдары, технология;
- Экономика;
- Педагогика;
- Тарих;
- Құқық;
- Филология.

**Мақаланы жарыққа шығару үшін төмендегідей талаптарға сәйкес болуы қажет:**

1. Мақала өзекті, ғылыми тұрғыдан жаңа және практикалық жағынан маңызды болуы тиіс. Авторлар ғылыми нәтижелердің анықтығы мен маңыздылығына, сондай-ақ жұмыстардың ғылыми мазмұнының өзектілігіне жауап береді. Плагиатқа жол берілмейді.

2. Мақала мәтіні 5-7 парақ көлемінде Times New Roman, кегль - 12, жоларалық 1 интервалмен жазылуы керек.

3. Парақтың параметрі: жоғарғы және төменгі – 20 мм, сол – 30 мм, оң – 15 мм, азат жол – 1 см.

4. Сол жақ жоғары бұрышында міндетті түрде УДҚ (ӨӨЖ) индексі қойылуы тиіс.

5. Бір жолдан кейін ортасынан баяндама тақырыбы БАС ӘРШТЕРМЕН (қою шрифтпен) жазылуы керек.

6. Баяндама тақырыбы астына, бір жолдан кейін – парақ ортасында жай әріптермен автор (лар) - дың аты-жөні жазылуы керек (қою шрифтпен), академиялық дәрежесі, лауазымы.

7. Тақырыптың астына жұмыс істейтін мекеменің толық аты, мекен-жайы (қою шрифтпен) көрсетіледі.

8. **Түйіндемеде (Резюме)** – үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) мақала авторы қозғап отырған басты идеяның қысқаша мазмұны мен бағыт-бағдары сипатталуы қажет (70-100 сөз). **Түйіндемеде тақырып үш тілде жазылуы тиіс.** Сонымен қатар ұсынылған жұмысқа қатысты **түйін сөздер** берілуі керек.

10. Бір интервалдан кейін мақала мәтіні жазылуы керек.

11. Әдебиеттер тізімі еңбекте көрсетілу тәртібіне қарай мақаланың соңында жазылады. Сілтеме ретінде берілген мәтінде тік жақшаның ішінде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірмен көрсетіледі. (Үлгі: Сілтеме [1, с. 11]. Әдебиет 1. Сейітбаев М.С. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың тарихи географиясы А., Ғылым, 1999. – 284 б.).

12. "ІТІІ Жаршысы" журналы жылына 4 рет, яғни 3 айда 1 рет шығады. Журналдың кезекті нөміріне мақала берудің шекті мерзімі-журнал шыққанға дейін 1,5 ай бұрын беріледі.

13. Мақала мақұлданғаннан және журнал нөміріне енгізілгеннен кейін мақала жарияланғаны үшін төлем жүргізіледі. Авторға төлем туралы деректемелері бар хат жіберіледі. Егер төлемді ұйым жүргізсе, бізге шарт жасау үшін ұйымның деректемелерін жіберу қажет. "ІТІІ Жаршысы" журналында мақала жарнасы 3500 теңге

**Ескерту:** Мақаланың мазмұнына автор (лар) жауап береді. Ғылыми-редакциялық алқасы мақаланы жариялау (жарияламау) немесе кейінге қалдыру құқығын өзіне қалдырады. Жарияланбаған мақалалар кері қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды.

Мақала [itii.nauka@mail.ru](mailto:itii.nauka@mail.ru) электронды поштасы арқылы қабылданады немесе ХТИИ «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» бөліміне 201 кабинетке (Желтоқсан, 69 «Б») өткізе аласыздар.

Журналда жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына, грамматикалық қателеріне редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.

Шартты б.т. 8. Есепті б.т. 7  
Таралымы 40 дана. Тапсырыс № 76

---

ХТИИ баспаханасы,  
080000, Тараз қ, Жамбыл даңғылы, 73А

**Уважаемые преподаватели, докторанты, магистранты!**

В следующем номере Республиканского научно-популярного журнала "Вестник ІТІІ", выходящем в январе-марте 2024 года, принимаются статьи, соответствующие следующим научным направлениям:

- Естественные науки, технологии;
- Экономика;
- Педагогика;
- История;
- Право;
- Филология.

**Для публикации статьи необходимо соответствовать следующим требованиям:**

1. Статья должна быть актуальной, научной и иметь новизну практического значения. Авторы несут ответственность за достоверность и значимость научных результатов, а также актуальность научного содержания работы. Плагиат не допускается.

2. Текст статьи должен быть написан в объеме 5-7 листов Times New Roman, кегль - 12, с межстрочным интервалом 1.

3. Параметр листа: верхний и нижний – 20 мм, левый – 30 мм, правый – 15 мм, абзацный отступ-1 см.

4. В левом верхнем углу обязательно должен быть проставлен индекс УДК (УДК).

5. Через одну строку по центру заголовок доклада должен быть написан прописными буквами (жирным шрифтом).

6. Под заголовком доклада, после одной строки – в центре листа должны быть написаны инициалы автора (ов) простыми буквами (жирным шрифтом), академическая оstepененность, должность.

7. Под заголовком указывается полное название, адрес (жирным шрифтом) учреждения, в котором он работает.

8. Резюме (Резюме) – на трех языках (казахский, русский, английский) должно содержать краткое содержание и описание основных идей, затрагиваемых автором статьи (70-100 слов). В резюме тема должна быть изложена на трех языках. Также должны быть даны ключевые слова, относящиеся к предлагаемой работе.

10. Через один интервал должен быть написан текст статьи.

11. Список литературы излагается в конце статьи в зависимости от порядка изложения в труде. В тексте, приведенном в качестве ссылки, в квадратных скобках указывается номер, соответствующий номеру в списке литературы. (Образец: ссылка [1, с. 11]. Литература 1. Сейтбаев М. С. историческая география городов вдоль Великого Шелкового пути А.: наука, 1999. – 284 С.).

12. Журнал «ІТІІ Жаршысы» выходят 4 раза в год, т.е. 1 раз в 3 месяца. Предельный срок подачи статьи в очередной номер журнала – за 1,5 месяца до выхода журнала

13. Оплата производится за публикацию статьи после одобрения статьи и включения в номер журнала. Автору высылается письмо с реквизитами об оплате. Если оплату производит организация, необходимо нам отправить реквизиты организации для составления договора. Стоимость за публикацию одной статьи в журнале «ІТІІ Жаршысы» составляет 3500 тенге.

Примечание: за содержание статьи отвечает автор (ы). Научно-редакционная коллегия оставляет за собой право на публикацию (неразглашение) или отсрочку статьи. Неопубликованные статьи не подлежат отзыву и рецензированию.

Статьи принимаются по электронной почте [itii.nauka@mail.ru](mailto:itii.nauka@mail.ru) или могут быть переданы в МТИИ в отдел «организации научно-исследовательских работ» кабинет 201 (ул. Желтоксан, 69 «Б»).

Члены редакционной коллегии не несут ответственности за стиль, содержание, грамматические ошибки статей, опубликованных в журнале.

Условные п.л. 6,2. расчетные п.л. 5,8

Тираж 40 экз. Заказ № 75

---

Типография МТИИ,  
080000, г. Тараз, проспект Жамбыла, 73А.

**Dear teachers, doctoral students, undergraduates!**

In the next issue of the Republican popular Science magazine "Vestnik ITII", published in January-March 2024, articles corresponding to the following scientific directions are accepted:

- Natural sciences, technologies;
- Economy;
- Pedagogy;
- History;
- Right;
- Philology.

**To publish an article, you must meet the following requirements:**

1. The article should be relevant, scientific and have a novelty of practical significance. The authors are responsible for the reliability and significance of scientific results, as well as the relevance of the scientific content of the work. Plagiarism is not allowed.

2. The text of the article should be written in the volume of 5-7 sheets of Times New Roman, size - 12, with a line spacing of 1.

3. Sheet parameter: upper and lower - 20 mm, left - 30 mm, right - 15 mm, paragraph indentation - 1 cm.

4. The UDC index (UDC) must be affixed in the upper left corner.

5. After one line in the center, the title of the report should be written in capital letters (bold).

6. Under the title of the report, after one line – in the center of the sheet should be written the initials of the author (s) in simple letters (bold), academic degree, position.

7. Under the heading, the full name, address (in bold) of the institution in which he works is indicated.

8. Summary (Summary) - in three languages (Kazakh, Russian, English) should contain a summary and description of the main ideas touched upon by the author of the article (70-100 words). In the summary, the topic should be presented in three languages. Keywords related to the proposed work should also be given.

10. The text of the article should be written after one interval.

11. The list of references is set out at the end of the article, depending on the order of presentation in the work. In the text given as a reference, the number corresponding to the number in the list of references is indicated in square brackets. (Sample: link [1, p. 11]. References 1. Seitbayev M. S. Historical geography of cities along the Great Silk Road A.: nauka, 1999. - 284 p.).

12. The magazine "ITII Zharshysy" is published 4 times a year, i.e. 1 time in 3 months.. The deadline for submitting an article to the next issue of the journal is 1.5 months before the publication of the journal

13. Payment is made for the publication of the article after the approval of the article and inclusion in the issue of the journal. A letter with payment details is sent to the author. If the payment is made by an organization, it is necessary to send us the details of the organization for drawing up the contract. The cost for the publication of one article in the journal "ITII Zharshysy" is 3500 tenge.

Note: the author(s) is responsible for the content of the article. The Scientific Editorial Board reserves the right to publish (non-disclosure) or postpone the article. Unpublished articles are not subject to review and review.

Articles are accepted by e-mail [itii.nauka@mail.ru](mailto:itii.nauka@mail.ru) or they can be transferred to the ITII to the department of "organization of scientific research" office 201 (Zheltoksan str., 69 "B").

Members of the editorial board are not responsible for the style, content, grammatical errors of articles published in the journal.

Conditional p. L. 6,2. calculated P. L. 5,8

Edition of 40 copies . Order No. 17

---

Printing house of ITII,  
080000, Taraz, Zhambyl Avenue, 73A.